

Лена


Лена

Лена

ζ

$$\pi^* \theta^* \varphi^* = \pi^* \varphi^* \theta^*$$

84кв2ч.
БЗ0.





Бұл еңбегімді тұған қалам, ару Балқаштың
70 жылдық мерейтойна арнаймын.
Самға, самғай бер, Қазақстаным!

Автор.

ЖАҢБОЛАТ БАШТАР

семей

Өлеңдер мен толғаулар

Колұшын беріп азат күн,
Қолдашы тілін қазақтың.
Самғасын, ұшсын, бер қанат,
Өзгеден енді азатсың.

Қарағанды 2006

ББК 84 Қаз 7-5

Б 30

Башар Ж.

.Б 30 Самғау. Өлеңдер мен толғаулар.

Қарағанды: Арко, 2006 - 207 бет

ISBN 9965-442-54-1

45012-1


Ақын Жанболат Башардың бүл жинағына “Құс жолы”,
“Үкілі үміт”, “Кекше көлдің самалы” жыр кітаптарындағы
өлеңдері мен толғаулары, балладалары енген. Ақын туған
елге, атамекенге деген сүйіспеншілікті, адалдық пен
парасаттылықты жырлайды.

**Б 4702250202
00(05) -06**

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-442-54-1

© Башар Ж., 2006



Танымасаң жүргімнің ұшқынын,
Жырларымнан естімесең құс тілін.
Зарығайын, қамығайын, шөлдейін,
Мұсіркеме, мұсіркеме, кеш құнім.

Мен теңіздің сыйбырынан сыр ұқтым,
Содан алдым жүргіме жыр ұшқын.
Ақ қағазға көшірдім мен қыр әнін,
Көктем гүлі көмкөргенде қыр үстін.

Саған енді ұнамаса жырларым,
Көкірегіңе құламаса нұрлы-ағын.
Зарығайын, қамығайын, шөлдейін,
Келмей-ақ қой аралауға жыр бағын.



Бірінші болім Арғымак

Құйындақ ұшып құйқылжып,
Жұлдыздай ақты сорғалап.
Дүбірге бөлеп жер төсін,
Сүрінем демей қорғалап.

Құйрық-жал желмен шуылдал,
Жамалың жасқа жуынбак.
Шақатты жерде шаң тастап,
Табаны тасқа дүйлдал,
Келеді жүйрік ағындал.

Еңіске салсаң ентелеп,
Тізгінді үзер тентек ет.
Ылдига салсаң ытқиды,
Далаң шаңмен кестелеп.

Алдына қара салмайтын,
Қасқайып жалғыз самғайтын.
Жазыққа түссе жазылып,
Жолбарыс жөны талмайтын.

Бауырын кеңге сермейтін,
Даланы күйге тербейтін.
Қас жүйрік еді қашан да,
Бәйгенің алдын бермейтін.

Тұқымы тұлпар дұлдұлім,
Біледі сені кім бүгін.
Құйындаі құйғып баراسың,
Даланың сүйіп кеңдігін.

Сайын дала

Тыным көрмей тіршілікті кештім мен,
Кем сүймедім туған елді ешкімнен.
Жөргегінде ана тілдің уілдеп,
Асық атып, кекпар тартып ес білгем.

Сайын дала болды менің тұрағым,
Сол даланың жаттап өстім жыр-өнін.
Құй оқыдым тұяғынан тұлпардың,
Қанбай соған келеді әлі құмарым.

Сайын дала жанып тұрған шырағым,
Сол далада кездестірдім жыр-ағын.
Сол даланың сүйіп өстім жасымнан,
Самғап үшқан көк төсінде қыранын.

Маған таныс дала таңы қашаннан,
Самалын да, боранын да қош алғам.
Жұпарына тамсанып, мөлдіріне қансам да,
Саған деғен сағынышты баса алман.

Сайын дала еркелетші бір мезет,
Жыр оқыын қопарылып тіл безеп.
Саған деғен сағынышты айтайын,
Ұлы дала берші маған бір кезек.

Дала сені сағындым

Дала, дала, дала деп,
Дала бізге пана деп.
Сол даланың төсіне,
Тұргандаймын жаңа кеп.

Дала сұнқар қиялы,
Дала тұлпар түяғы.
Сол даланың кесіпті,
Кіндігімді қияғы.

Сол далада ержеттім,
Пішән шауып терлептін.
Қоңыр адыр, Құмай бел,
Сағыныш боп тербеттің.

Ат жалында сабылып,
Қыр тосінен табылып.
Сайын дала жүремін,
Өр тосінде сағынып.

Тас қаланың қойнына,
Бөлөп мені қойдың ба?
Боз нөсерге малынып,
Сен жүресің ойымда.

Дала сені сағындым,
Саған деген лағыл мұң.
Толас таптай бір мезет,
Нөсерің боп ағылдым,
Дала сені сағындым.

Бектауатамен сырласу немесе метеорит

Сенде сыр бар ғаламат,
Жүрем соған ой кезеп.
Көктен жерге сорғалап,
Құлап тұстім қай мезет?

Тау деп сені танимыз,
Тау секілді тас мұсін.
Тасқа қиял жанимыз,
(Сенің бізде жоқ па ісің?)

Ағып тұскен аспаннан,
Метеорит-ау деп қалам.
Қызыл шоқтан басталған,
Қызыл тас деп тоқталам.

Қызық сенің құпияң,
Қыздырады ойымды.
Жақын тартып жат ұян,
Жібіткен-ау бойынды.

Тұла бойың жарқырап,
Тұнық ойды тербейсің.
Қиялымда шарықтап,
Метеорит боп жүргейсің.

Теректің сыры

Өсі бір терек ойсан-ақ,
Тұрады ылғи жайқалып.
Осыған қарай қалсам-ақ,
Пенделік кетер тайсалып.

Данқ та қалар жамырап,
Дақпырт таған жүрмейді.
Табынған жандар аңырап,
Жағымпаз иттер үрмейді.

Өрлікті көрем тәқаппар,
Тұрады жайнап, нұр шашып.
Жүрмейді мұндай бейапар,
Тұрмайды ешкім күл шашып.

Сұлу ең неткен ғаламат,
Суреттер оны жоқ шамам.
Шуласа мың сан жапырақ,
Жыр оқып түр ма деп қалам.

Найзағай

Найзағай бишік нарқасқа,
Бұлттарды қамап жартасқа.
Осқанда бишік от шашып,
Қалмады еркі жаумасқа.

Сөгіліп бұлттың иіні,
Жазылып өксік түйіні.
Жамалын жуып жартастын,
Ақ жауын болып иіді.

Найзағай неткен мәрт еді,
Жаңбырдың күйін шертеді.
Күнгір де, күнгір күркіреп,
Далаға нұрын бүркеді.

Найзағай сезім өрт еді,
Киелі көктің көркі еді.
Қорғасын бұлттар қорбаңдал,
Найзағай ерден үркеді.

Өмірдің жыры бір басқа,
Бақыт бол мәңгі түрмас та.
Келгенде көктем гүл атып,
Гүл сезім жыр бол тұнбас па?!

Құралайдың лагы

Құралай лағын өргізген,
Тіршілік басы дегізғен.
Даланың шулап дауылы,
Дауылдан думан жүргізген.

Алып бір жонда алқынып,
Толғағы қысқан қалпын ұқ.
Лактайды екен жануар,
Дауылда терге малышынып.

Дауылда мынау мән бар ма,
Дауылсыз киік лақтар ма?
Дауылға қарсы безеді,
Туа сап өлгі лақтар да.

Құйтымдай ғана сұлулық,
Сүрініп кейде жығылып.
Туа сап тұтып барады,
Осы ма, сірә, тағылық,
Осы ма, сірә, сұлулық?!

* * *

Періште өлең, Перизат аяулым-ай,
Сені қызып адастым жолдан талай.
Жүрегімді алдың да басы бүтін,
Арамдықпен алысып кеттің солай.

Мандайымнан жүреді ылғи күн сүйіп,
Алып-қашып адастырса жүз биік.
Құшағымда періште-өлең, аяулым,
Дірілдейді,
Көз ілмейді түр күйіп.

Өкініш те көп еді өзегімде,
Көбі соның өрілді өлеңімде.
Ұқсата алмай өмірді жыр-думанға,
Көп арманым өртенді жүрегімде.

Келем бүгін қанатымнан жыр-борап,
Дос мазағын кеттім талай шаңға орап.
Туған дала,
Адастырма сен мені,
Биігіңнен, биігіңнен түр қарап.

Үміт

Тұнеріп тұннің қабагы,
Дүние сырын бағады.
Құс жолын қып қарайлап,
Құс қанат жырлар ағады.

Үлбіреп аппақ тамағы,
Елжіреп маған қарады.
Құс қанат жырлар секілді,
Сызылып ұшып барады.

Құс жолы сынды ғұмырым,
Құйтымдай екен ұғындым.
Үміт қып ұзак өмірді,
Құс қанат жырлар ұшырдым.

Қарлы қыс

Ақ жәуміт нұрга бөленіп,-
Ай нұрын далам түр еміп.
Ақ шұнақ боран долданып,
Ашуға мінді тұнеріп.

Койнына қыстың шым батып,
Қара орман түр ма тіл қатып.
Жаздағы жібек өуенді,
Ақ пері қысқа жалғатып.

Жамылып торғын ақ қардан,
Ақ қайың көрдім бақтардан.
Ақ тамық нұрга малынып,
Фашықтар сырын ақтарған.

Қарлы қыс ғажап ақ орман,
Алдынан қашты сан әрман.
Ақ көбік қарды боратып,
Ақ шабыт болып оралған,
Қарлы қыс ғажап ақ орман.

Тәңір өзі сыйлаған

Тұсімде де жүремін тұсіне алмай,
Төсіндегі өртті сол өшіре алмай.
Төсегімнен тұрамын сөнда ашынып,
Тұсімдегі сойқанды кешіре алмай.

Тарихымды,
Тегімді қараң етіп,
Танымайды сонысы барады өтіп.
Тауым, далам, орманым сатпақ сені,
Талтандаған занғерлер талақ етіп.

Тірлігіме өзінді несіп етіп,
Тыныштыққа бөлендім бесік етіп.
Тәуірлері қазақтың тәуекел дең,
Тұған жерін сатпақшы есі кетіп.

Тағым едің талқыға түспейтүғын,
Тәу етпесе киесі кешпейтүғын.
Тері менен бабамның қаны сіңген,
Топырақсыз тұқымың өспейтүғын.

Тәңір өзі сыйлаған жерім едің,
Тәңір атып қай қазақ жерінесің.
Тұған жерін қазақтың сатам деген,
Сатқын болып көзіме көрінесің.

Тұсімде де жүремін тұсіне алмай,
Төсіндегі өртті сол өшіре адмай.
Төсегімнен тұрамын сонда ашынып,
Тұсімдегі қойқандық кешіре алмай,
Тұсімдегі елес боп қалины осылай...

Құлайын құшағыңа қалдыры енді
(Іле мен Балқаш)

Толғай

Күміс моншақтар тағынып,
Алтын шуаққа малынып.
Ағады Іле қызы,
Сағыныш сыйздатып жүрегін.
Мұң басып реңін,
Толқиды Іле қызы.

Автор.

Жарысып Күнгес, Текес өзендері,
Қалдырган артқа талай кезендерді.
Күркіреп қапталында айдынды Қаш,
Ұмытылар Іледейін өзенге енді.

Күнгес пен Текес ағар тепкілесіш,
Жарықсан қос түлпардай екпін есіп.
Қосылып екі жүйрік құба белде,
Ағысқа ағыс қөсқан тауды тесіп.

Сабактап Жаман таудың кең аңғарын,
Білгендей алда талай заңғар барын.
Арындал ақтарылған асауга бұл,
Қосылып Қаш өзені төккен зарын.

Тарсынып кең аңғарды тасқынды күш,
Толқындар жағаны ұрып атқиды тыс.
Тәкаппар асау Іле тулайды екен,
Дегендей “жығыл жылдам, аяғым күш”.

Күш алып Күнгес, Текес ағалардан,
Қосылып Қаш өзені жағаны ұрган.
Айналып Іле дейін өр ағысқа,
Құлжаны басып өтіп кете барған.

Осылай өр Іленің даңқы кеткен,
Күркіреп күндік жерге дауысы жеткен.
Тәкаппар асау толқын кернеген күш,
Сарқырап, сауын айтып сырын төккен.

Даңқым бар жер өлемді кеткен шарлап,
Көктен нұр, бұлттан сусын алғам арбап.
Мен емес құмға сіңіп қор-болатын,
Алапат ағынным бар салған парлап.

Құйылып, құздан ағып сарқырагам,
Айдынным сөуле шашып жарқыраған.
Сағынып Көкше көлге келем ағып,
Біледі Нар Іленің нарқын Адам.

Ассалаумагалейкум,
Көрі Балқаш!
Әкелдім сөлемімді саған алғаш.
Бәрі бар құшағымда қаумалаған,
Талқандап тас қамалды жаулап алғам.

Алтын бар аямаймын арбалаган,
Мал-мұлік, кедей-кеңішік саудалған.
Қытайдың қіғаш көзді сұлуы бар,
Қапыда қыбын тауып алдап алғам.

Бәрін де саған тартам, кәрі Балқаш,
Жүзіңің кірсінші деп өрі Балқаш.
Алыстан арып, ағып келем саған,
Сенікі осы олжаның бәрі, Балқаш.

Иіліп күміс ердің қасындай бол,
Құйылдың көктен түскен жаеындай бол.
Қанша кент жатыр сенің тереңінде,
Жұтылып жұмбак тарих ашылмай тек.

Айтайын өзім жайлы құлағың тұр,
Арнаған талай ақын қуатты жыр.
Іле деп атап кеткен ілгері жұрт,
Өзіңмен қатар жасап келемін дұр.

Кәрі дос көусарыңа қандыр мені,
Құмарды қуат болса жандыр енді.
Жұлдыздан моншақ тағып, айды алқа ғып,
Құлайын құшағыңа қалдыр енді.

Қайнарым қара бұлттың қойнауында,
Үйірлі мың сан толқын айдауымда.
Мәңгілік мекен іздел келем ағып,
Қазақтың жазиралы жайлауына.

Арқадан ашпақ едім дала таңын;
Қазақтың көрмек едім алақаның.
Құладым құмдығы тіліп, құба бөлден,
Тәу етіп киесіне Сарыарқаның.

Осылай ойсаң Іле ойнақтайды,
Ой болса өзен шіркін қайда ақпайды.
Қарысып қарсы алдында Қапшағайлыш,
Сүліктей ерке өзенді жайдақтайды.

Адамнан құтылған ба, құлық-сұмдық,
(Құлыққа бір заманда құлдық ұрдық).
Ілеге Қапшағайдай қақпан құрып,
Киелі табиғатқа салдық құрық.

Кесірді кесір дейтін кезең бе еді,
Көкше көл зар жылаған кезең келді.
Арқырап айдынды іздеп сапар шеккен,
Өр Іле тұтқын болғаң бөгеуге енді.

Азынап теріскейдің тентек желі,
Ішінен дала тынып өксиді енді.
Іленің жолын тосып сабырменен,
Құрсініп, күніренді Көкше көлі.

Төмендеп ернеуінен көл сонары,
Мөлтілдеп мөлдіреді көз жанары.
Қинальш жатты сонда қария көл,
Іледен ести алмай еш хабарды.

Сусылдап ұша алмады үйрек пен қаз,
Болмады баяғыдай құлпырған жаз.
Өртеді өзегімді сол ғаламат,
Сор тұтқан ойдым-ойдым оспадар таз.

Аңғарын өр Іленің жел тербеді,
Ортайған көл арнасын шөл кернеді.
Жете алмай ару өзен айдынына,
Көп болды Қапшағайға күрмелгелі.

Іленің жайы осылай, тұтқын қалі,
Жол бағып су сұраған жұрттың бағы.
Көп болды толқын атып асау Іле,
Бұза алмай тас ернеуді ышқынғалы.

Дарияға-ай, дамыл таппан ұбылға еріп,
Тілегін жүрем елдің қабыл көріп.
Оспадар ойсан жанның нұсқауымен,
Арда өзен арнасынан кеткен жеріп.

Ол заман жоспар құған айғай еді,
Тілгілеп жердің бетін жайғап еді.
Көз жасын көл-ананың тәрік етіп,
Тамырын өр Іленің байладап еді.

Билік те елден оқшашау өгей еді,
Қит етсең “жаяу” санайтын үрей еді.
Адам тұрмак, жерді де ішке тәпкен,
Дауасыз дақпырт құған дүлей еді.

“Қылтадан Көкше көлді бөлеміз” деп,
Тендесіз қос дария береміз деп.
Қасқа бас ғалымсымақ жетесіздер,
Тағы бір қастгайлікті көрген іздең.

Бәрін де көрген еді көр дегеннің,
Жайынды түсінде ма өрдегі елің?
Даңқ қуған данасымақ кей пендеге,
Шырылдан қолға тұскен ермек едің.

Аққу, қаздың көз жасынан қақ тұрып,
Қара жер де қасіреттен жатты ұлып.
Жер – ананың қөркі болған Көкше көл,
Жойылуға қалған солай шақ тұрып.

Қарайған қалың елдің назасы ма,
Ұрынды талай дөкей жазасына.
Бұғаудан босап шыққан асая Іле,
Бет бүрдышы Көкше көлдер ағасына.

PS. Тәнір саған сыйласыншы мол ғұмыр,
Жер бесікке сөule шашып жатшы бір.
Асая ақ жал толқынынды сапырып,
Жүрегіме толастамай құйып жыр.

Жүрегіме,
Жүрегіме сыйшы бір,
Ойнақтаған толқынынан құйшы нұр.
Жаңбырың бол молайтайын сұынды,
Сызыдағанда бойымдағы тамшы жыр.

Мөлдіріңе іңкөр едім қашаннан,
Іле болып сабылайын тос алдан.
Қария көл,
Дария көл, айдыным,
Сен ортайсан жанарыма жас алғам.

Бірде мұздалап, бірде сыйдалап жүрегім,
Саған ғана молшылықты тіледім.
Сенің ұлы толқыныңа ілесіп,
Өмір деғен ұлы айдында жүземін.

* * *

Екінші болім

Солай, солай Кекше көл кербезім-ай,
Мені талай тәтті ойға тербедің-ай.
Айлы тұнде шомылып айдыныңа,
Ай нұрына қол созған кездерім-ай.

Шаттығы мол жастықтың аралындай,
Шымырлатып бойымды тұрады ыңғай.
Айлы тұнде аймалап айдыныңды,
Ай нұрына қол созған күндерім-ай!

Ай таңырқап төсінде еркелейді,
Жұлдызды кек жымындалап көрсем дейді.
Ай толқынды тербетіп өуеніңмен,
Ай нұрына қол созып өлсем мейлі.

* * *

Сені кейде теңіз деймін,
Теніз бенен тірлікті егіз деймін.
Шомылып шуағына масаттанып,
Өзіңнен өзгеше бір сөн іздеймін.

Мен сені теңіз деймін,
Шуылышан толқынның ән іздеймін.
Арнасында өлеңнің жұлқып ағып,
Теңіз деген тектіге бет түзеймін.

Сені мен теңіз деймін,
Сенде толқын,
Мен де ой егіз деймін.
Тереніне сұңғып бір теңіз ойдын,
Тұңғиықта тұншығып кен іздеймін.

Сені мен теңіз деймін,
Теңіз бенен тегімді егіз деймін.

* * *

Ғұмыр әуені

Жұмбағы мол өмірді кешіп келем,
Жұдеген де кезім көп менің сенен.
Іздемедім өзінен жеңілдікті,
Жеткізбейді әйтеуір көңіл дөнен.

Биігіне қашан да ұқсағым кеп,
Өзімді де жиірек қыстадым көп.
Соғып жүріп өкпемді, өзегімді,
Жыр тұлпардың жалынын ұстадым кеп.

Куат беріп бойыма ғұмыр әні,
Сапар шектім өмірде шұғылалы.
Келем үрлеп сөндірмей саған деген,
Саған деген сенімнің шоғын әлі.

АДАМДЫҢ СОМАЛЫҚ АСТАНАСЫ

Жырға құмар жүргім бұлқынады,
Әлдилесе өмірдің сылқым өні.
Куат алып атқан күн, батқан айдан,
Жыр-сәйгүлік кермеде жұлқынады.

* * *

Өмір кейде береді жотасын деп,
Кешірмейді ешкімнің қатесін деп.
Аңы-тұщы дәм татып шарасынан,
Өмір жайлы сан ойға бататын ек.

Тамылжиды қарашы дала таңы,
Ол да өмірдің ақжарқын алақаны.
Дәл осылай өмірді шуақ десен,
Тіліп түсер найзағай жон арқанды.

Көрдім мен де көр деген сан өртаны,
Топқа кірдім шығарып қан сорпамды.
Өмір бойы алысып, арпалысып,
Сүйреп келет тағдырдың қыл арқаны.

* * *

Өмір деп біз де жырладық,
Өмір деп бір де тынбадық.
Азабын қанша көрсек те,
Өмірді сүйдік, қанбадық.

Өмірге келдік жыладық,
Сүріндік кейде құладық.
Өмірден іздеп бақытты,
Тәнірден медет сұрадық.

Өмірден өттік жыладық,
Ақиқат дедік мұны анық.
Болса егер өлім ақиқат,
Өмірден нені сұрадық?..

* * *

Ойымды бір елес қезіш езеді,
Ол тамаша!
Сезімнің пәк кезі еді.
Онда біздің мәлдір еді махаббат,
Не пәледен таза еді гой өзегі.

Махаббаттың өзегін сол от шалып,
Қыршын сезім қалды солай тапталып.
Қыз ибадан, ұл сертінен адасып,
Секс толқын бір-ақ күнде кетті алып.

Солай-солай, мырза уақыт күл енді,
Секс дүлей салып жатыр түренді.
Тексіздерден тентіреген жалаңбұт,
Экранда секс болып жүр енді.

Менің мәлдір махаббатым киелі,
Өзім ғана сақтап қалам киемді.
Тексіздерге ерік беріп тұра алман,
Секс қоғам менен аулақ жүр енді.

Шындығым – ғазәлім

Шындық деген жетім есken қыз еді,
Соқыр қоғам батырдың-ау тізенді.
Ар-перште ақ шынардай аяулым,
Өксіп үнсіз көздің жасын үзеді.

Ашынғанда айттым талай ызамды,
Әділет пе алдым сенің мазанды.
Ал қиянат өрге шауып, гулейді,
“Зорладық” – деп, – шындық деген “тажалды”.

Уысына түсіп зәрлі қогамның,
Шындық саған жазылмады-ау, ғазәлім.
Өтірігің көк тәбеттей арсылдап,
Жұргізбейді,
Содан келер ажалың,
Шындығым, жетім өскен ғазәлім.

Ей, егемен, жырыма сен бер ерік,
Бостандықтың гүлін бірге терелік.
Бұрында біз өр едік,
Шындық деген шың басында жүрелік.
Ей, егемен, жырыма сен бер ерік.

Наурызым менің

Тазартып қыстың жел-құзын,
Келдің бе есен, Наурызым.
Қауышып бүтін қалың ел,
Наурыздың татты дәм-тұзын.

Жағалап сұлу Балқашты,
Наурыздың тойы жалғасты.
Шалқыған өсем күй кернеп,
Ән менен би алмасты.

Тәуелсіз елдің үл-қызы,
Тәуелсіз жердің шың-құзы.
Бас иіп бүтін түр саған,
Аспанның мын сан жұлдызы.

Қария көлім қасқайған,
Қадірінді білсін жат қайдан.
Наурызда толқып айдының,
Көзінен көрдім жас тайған.

Сапырып сарқыт сабадан,
Ұсынған анам таба нан.
Наурызда ішкен нат көже,
Дәмінде қалай ұмыта алам.

Наурызым менің нар күнім,
Өзіңсіз сірә, тар күнім.
Нарқасқа мейрам келді деп,
Айтамын жырды барда үнім.
Наурызым менің – Нар күнім!

Қадыр тұні

Қадыр тұні ғажайып шүғылалы,
Жер жаһанды аралап шындық өні.
Перштегер пейіштен оралғандай,
Жойылсын деп зұлымдық, сұмдық өні.

Тірлік шіркін қалғытып, қажытқанда,
Жігерінді жасытып жер жүтқанда.
Қадыр тұнге қамығып жеткен болсан,
Жүргегінді тек қана қалғытпа онда.

Қадыр тұні шомылып нұрлы ағынға,
Өріс тіле досыңың жыр бағына.
Қадыр тұннен мың жылдық қуат алып,
Оралышы тек, оралышы жыр бағына.

Қадыр тұннен ғаламат арай көрдім,
Өмір неткен ғажайып шырайлы едің.
Қадыр тұннің мұбәрек қасиеті,
Қазағыма төгіл деп сүрай бердім.

Сүрай бердім бақытын бағала деп,
Жұмақ өмір орнашы жагама деп.
Жамандығы жаһанның жалаңдаған,
Енді бізге ешқашан жолама деп.

Үшінші болім

Ана тіл ардың жүгі еді
немесе бір тамшы жас

Түсіме ана тілім,
Ақ жаулықты Ана бол кірді.
Мұңайып жүзі бір түрлі,
Көзінде мөлдір жас түрді.
Киелім менің, айтшы өзің,
Көз жасың неге іркілді?

Езіліп сонда жүрегім,
Алдыңа келіп жүгіндім.
Еңсемді тіктер тірегім,
Тірегім неге еғілдің?

Мейірбан ана қолы екен,
Маңдайыма тиді бір мезет.
Төңірегі тобыр жол екен,
Шұлдірлеп жүрген тіл безеп.

Таңғы бір мәлдір шықтай бол,
Қолыма тамды ыстық жас.
Ыстық жас құдды шоқтай бол,
Жанымды мұнша қарымас.

Тамшы жас тартып тылсымға,
Ауырлай берді сәт сайын.
Әл жинап бойға ышқына,
Көтермек болып жатты ойым.

Тамшы жас тартып теренге,
Үзілер шаққа таяндым.
Дел-сал боп сүйп денем де,
Ышқынып жатып ояндым.

Санамды билеп сол сезім,
Жаныма маза бермейді.
Жабырқап жүрген өз тілім,
Тамшы жас болып сөйлейді.

Тамшыдан алып қуатын,
Тамшыдан өзен жосылар.
Сол еді ұлы мұратым,
Мұхитқа жетіп қосылар.

Әйтеуір менің жүрегім,
Тілімнің титтей бөлшегі.
Тамшы жас болып мәлдіреп,
Тамшы жыр болар ол тегі.

Аялап көрші сен енді,
Ана тіл ардың жүгі еді.
Ақ жаулық киген Ана боп,
Түсіме неге кіреді?

Қағынан жеріп ұлдарын

“...Мен осы жылғы 20 ақпанды тарихтағы қазақ тілі үшін Қаралы күн деген есептеймін. Амангелді Айталы деген азаматтың кез келген қарапайым қазақ азаматы айтатын ұсынысына Парламентте 60 депутат қарсы шықты. Бұл не деген масқара? Түгелі қазақтар. Бұның бәрі кезінде тіл занын бекітуге қатысқан адамдар.

Бұны екіжүзділік дейміз бе?..”

Әмірзак Айтбайұлы, академик.

Ана тіл еді ардағым,
Сол еді медет қорғаным.
Саудаға салды оны да,
Қағынан жерін ұлдарың.

Тәуелсіз еді бар жаным,
Тәуелсіз далам, орманым.
Бұғауда қалып барады,
Ана тіл дейтін Ардағым.

Ышқынып шыңға өрмелеп,
Сандалдым өлең термелеп.
Боданда қалган тіліме,
Қолұшын берер кім демеп.

Несіне енді алданым,
Несіне енді малданым.
Тіліме қорған бола алмай,
Күн үшін құңғе жалданым.

Тәуелсіз еді бар жаңым,
Тәуелсіз далам, орманым.
Боданда қалып барады,
Ана тіл дейтін Ардағым.

Қолдашы бізді азат құн

Қайранда қазақ тілім-ай,
Қайранда қалған құнің-ай.
Қатыгез мына заманның,
Қайырсыз болып тұрғаны-ай.

Қара Ертіс бүгін қапалы,
Қаратай о да қаһарлы.
Қайранда қалған қазақ тіл,
Қай күні таңың атады.

Қожырап ойым сан-еаққа,
Қарайлай берем ел жаққа.
Қаптаған тобыр ішінде,
Қайраткер көкем қай жақта.

Қуат бер енді тіліме,
Құлатпа оны тіріде.
Қанатыңмен аялап,
Көтере берші қөгінде.

Көлүшын беріп азат күн,
Қолдашы тілін қазақтың.
Самғасын, ұшсын, бер қанат,
Өзгеден енді азатсың.

* * *

Тілге достың мұнды жоқ,
Оны досым кім үгар.
Тілден басқа мұным жоқ,
Онсыз мені кім үгар.

Шекті қанша қиянат,
Туган елде туған тіл.
Таптай ешбір тиянақ,
Бетін жасқа жуған тіл.

Тілім-тілім ажары,
Тілім қайтіп уанар.
Тұспей патша назары
Тілім қайтіп өналар.

* * *

Қарып түсер кеуденді
Көрсөң тілден безгенді.
Жүрмейді екен уәжің,
Мәңгүрт пенен езге енді.

Күлтөбеде көп жиын,
Өзге тілсіз жөқ сыйың.
Қайран ана тілімнің,
Өнда құны көк тиын

Бабадан қалған сөз

“Қанына тартпағанның қары сынсын”,
деген қарғыс жанымды қариғы шын.
Алашына аландап бұрылмаған,
Бұрылмаған қандастың қары сынсын.

Деген сөзді жан баба айттың неден,
Өр сенімің шағылып қайтты неден.
Ұлдарыңың бірлігі шайқалғанда,
Жану үшін намысын айттың ба екен.

Арпалысқан Алаш деп арда жүрек,
Татулығың болар деп елге тірек.
Ұлтың үшін у ішпей бұғынғанда,
Ездеріңе ескертіп айтсаң керек.

Айттың әлде. Әз баба, ақылманым,
Кейігенде кешеге нақылдадың.
Жамағатқа жақсылық себейін деп,
Қайрау үшін айттың ба, налып жаның.

Мен үғамын сөзіңмен ұлылықты,
Бірлігінді тірлік деп үғыныпты.
Қандасына қайырылмай кеткен ездер,
Қарғысына бабамның ұрыныпты.

Қайрау

Бұл көшеде, ездер ғана тұрамыз,
тұмылдырық киеміз,
тыныштықты сүйеміз.
Екі шоқып, бір қарап,
Әлденеге күйеміз.

Анау-анау айтты деп,
Содан “бәлен” қайтты деп.
Бүтін елдің қамын жеп,
Шалығы бар адамдай,
Шайқалады жанын жеп.

Солай-солай сен оған,
Өзінді де телі оған.
Өсірген де со қоғам,
Ұнай ма енді со маған.
Өзегіңнен тепсе де,
Кете алмайсың сен одан.

* * *

Жаксы ойынды жалпыға жеткізе алмай,
Өзінді-өзің қинайсың жағың талмай.
Өзіңе де тимеген еш пайдасы,
Сол ақылдың жеткізші парқы қандай.

Кейде көсем боласың, кейде шешен,
Көсемдікте кетті екен нендей есек?
Қырық түрлі құбылып уәде айтып,
Кім сенеді зүйлдап желдей ессен.

Қазақы той
немесе “корпене қарай...”
Той деген ғажап қазақта,
Той үшін тұсер тозаққа.
Қарызға батып белшеден,
Кіреді бір күн азапқа.

“Той десе қу бас домалап”,
Шабылар жұрты қаумалап.
Жиғаның шашып бір тойға,
Қалатын жоқты қармалап..

Той үшін жанын жалдайды,
Өзін де кейде алдайды.
Жасамай қойса бұл тойды,
Өзге жұрт “не деп ойлайды”.

Жалған ой жанын қинайды,
Үрдістен аттап болмайды.
Борышқа батып қайран бас,
Қасқайып бір күн тойлайды.

Өмірдің зулап ағысы,
Жок-барды қылсын нағысы.
Батқанды кісі қарызы,
Жаңылар жүрек соғысы.

Тойыңдан сезбей бір ләzzат,
Ағайын, құрма босқа азап.
Көрпене қарай косілсен,
Кіналай қоймас еш қазақ.

Тортінші болім
Ақ сүтіңмен бойыма адалдықты дарыттың
(аяулы анам, марқұм Бағдат Молдақанқызының рухына арнаймын)

1

Әл үстінде жатты анам,
Кеміп қайрат бойдағы.
Тіршіліктің қаптаған,
Жайы қалып ойдағы.

Діріл буып денесін,
Деміккенде бір мезет.
Тіршіліктің кемесін,
Доғармаққа бет түзеп.

“Алла!” – деді толғана
– Азаттық бер жаным!
Соны айтты да жан анам,
Көшті өмірден жай ғана.

Көріп ғұмыр тәлкегін,
Арталысқан асылым.
Неткен өмір келте күн,
Ойладым да жасыдым.

Жаны сұлу өз-Анам,
Жәннат болсын мекенін.
Откен күннің ғазәлін,
Жырға төгіп келемін.

2

Көз жасым бүгін төгілді,
Көңілдің гүлі тапталып.
Сүм ажал неткен қатты еді,
Анамды менің кетті алып.

Қайғыдан сонда “Ah” ұрып,
“Ah” ұрып қалдым бір демде.
Алқымды буып жас ұрып,
Түйілді өксік кеудемде.

Көзімнің оты шағылды,
Жұзімді жуып ыстық жас.
Еске алып ерке шағымды,
Етіліп көнілім болды пәс.

“Қоңырым” — деген қоңыр ұн,
Қыр асып кеткен секілді.
Балалық шағым,
Тәнірім!
Ілесіп кеткен секілді.

Өмірдің білдім жалғанын,
Алдамшы бәрі баянсыз.
Тағдырдың сездім салмағын,
Қатыгез өрі аяусыз.

3

Сен бақиға кеткелі,
Жылдың алғаш көктемі.
Өзіндей боп мені ешкім,
Маңдайымнан өппеді.

Сен бақиға кеткелі,
Жылдың алғаш көктемі.
Құба жонда қайтадан,
Қызғалдақтар көктеді.

Тәңір сыйын ұсынған,
Өмір күйін тұщынған.
Құстарың да жүр бүгін,
Өзің баптап ұшырған.

Таң нұрымен оянар,
Ақ сәулеге боянар.
Менің ғазиз Анашым,
Енді қандай қаял бар...

4

Кеттік ұшып ұядан,
Қанаттанып желпініп.
Жел тербекен қиядан,
Бақыт іздең талпынып.

Әкететін қақпалап,
Албырттықтан қорықтым.
Ақ тілеуің, ақ қанат,
Қорғап жүрді соны үқтыйм.

Келер күннен ой қуып,
Кешіктірдім бәрін мен.
Келінді де көп жүріп,
Кеш түсірген едім мен.

“Жіп байладым бір қызға”,
— дедің бірде салмақлен.
“Жақсы”, — дедім, сол қызды,
дайын болса алмақлын.

Аңқаулықпен сенді анам,
“Ақылдым”, — деп айналып.
“Той қамына қамданам”,
— деді сонда толғанып.

Жіп байлаган қызға емес,
Жанымды нұр тербеген.
Бір сұлу қыз ермеген,
Жігітті мен ер демен.

Қоныр күз-ау сол өзі,
Қос бұрымы төгілген.
Құралай көз сұлуды,
“Келінің”, — деп түсіргем.

Қуаныштан сонда А нам,
Жанарына жас ілген.
Бақытын да А намның,
Сонда ерекше түсінгем.

5

Бір дауыл көрдім таң ата,
Тұнеріп алған дүлейтін.
Жайпады жолын құлата,
Екпіні қатты үдейтін.

Сол дауыл үйтқып, үйліғып,
Жайпады жолын жағалай.
Ышқынған кезде қитығып,
Үйлерді жықты қофадай.

Біздің үй ғана қалды аман,
Қасқайып қара дауылдан.
Алладан сұрап жан А нам,
Қалғандай сақтап дауылдан.

Райы қатты сол дауыл,
Оралар жиі ойыма.
Оралған сайын жан А нам,
Құяды қайрат бойыма.

6

Кенелі жаққа кетпесем,
Кен – елі бақты кезбесем.
Киелі жердің парқын да,
Құдай-ау, сірә, сезбес ем.

Тұған жер деген – бір несіп,
Маңдайға жазған жыр – нәсіп.
Жиі аңсан жүрем неге мен?..
Көкейді неге жүр тесіп.

Киелі едің жер бесік,
Тұрағы тәннің сен дестік.
Үйқыға кеткен А намды,
Аялай берші тербетіп.

7

Сағыныш деген бір мұң бар,
Кеудеме келіш мыйғындар.
Тынымсыз мына жалғанда,
Тынышымды алар құзғындар.

Жыл өтті жайға қарамай,
Жанымды мұжіп жарапай.
Сагыныш деген аңы мұн,
Бойымда қалды тарамай.

8

Шағыл, шағыл,
Шағыл нұр,
Шағыл нұрда сағым жүр.
Балалығым баяғы,
Қиялымда ағып жүр.

Көк құрақты су тербеп,
Көк теңізге болды ермек:
Анам салған өсем ән,
Ой-теңізге салды өрнек.

Елес беріп өткен күн,
Көңілімді тескен мұн.
Анам айтар баяғы ән,
Құлағымнан кетпейтін.

9

Сегіз тармақ өзен болып арналы,
Қуған едік бір-бір асқақ арманды.

Сегізіміз сегіз тарау жол шектік,
Сегіз түрлі өмір әнін тербеттік.

Сегізіңің кетті екеуі келмеске,
Өмір солай көндіреді көнбеске.

Сонда сүмдық жанарынан мұң кордім,
Жүргінді қайғы дерті тілғенін.

Қасіретке кетті жаным егіліп,
Сенің дертің көз жасым боп төғіліп.

Содан бері өтті жылдар тоқтаусыз,
Билігіне жаратқанның тоқтайсыз.

Жүргімді тербей-тұғын бір ән бар,
Оны мынау көк теңізден сұрандар.

Анам салған өсем әнді жарандар,
Көкше көлдің толқынынан тындандар.

Мені солай әурелеген бір елес,
Жүргімде тайталасып құрды егес.

Қиналғанда қалам солай бүгіліп,
Анашыма тұрам сонда жүгініш.

10

Ақ сүтіңмен бойыма,
Адалдықты дарытып.
Файып нұрдан ойыма,
Күлімдеді жарық күн.

Талбесікті тербетіп,
Уыз тілге суардың.
Жыр құндақта ержетіп,
Шабыт қуып уандым.

Сабыр тоқып зердеме,
Жақсылықтан гүл ектің.
Әуес болып әр неге,
Сұлулықты жыр еттім.

**Анамның әңгімесінен
(аяқталмаған баллада)**

Нагашы атам Молдақан – діндар еді,
Қызыл тілге ғажап бір – ділмар еді.
Итжеккенге айдалып байлығы үшін,
Конфескенің о да бір құрбаны еді.
(“Кокше колдің самалы” кітабынан)

Нагашы атам жан еді жаны жайсан,
Аруаққа шет болар артық айтсам.
Менің анам туғандá тебіреніп,
Жыр оқыпты нағашым еміреніп.

Ел жиналған сол тойға ғаламат көп,
Өлең сілтеп өзғеше, жамағат деп.
Дүниеге іңғұлап жаңа қелген,
Нәрестеге ат қойған Бағдат деп.

Анам солай аңыз еткен өткенді,
Таразылап өткен менен кеткенді.
Шыр айналып уақыттың үршығы,
Тоқпағы зор, зәрлі заман жеткенді.

Жұлдыз ғұмыр тоқтамады, жатты ағып,
Жау іздеген қасғөй заман басталып.
“Халық жауы” деген айып тақты да,
Әкемізді Итжеккенге кетті алып.

Жетім-жесір жел иірген қайықтай,
Бір қасірет қойды бастан айықпай.
Қашып жүріп жан сауғалап ақыры,
Тап болыпты бір аралға ұйықтай.

Емшекте екен сол кезде Тұрысбегі,
Бұл сөзімнің жоқ сірә, бұрыс жері.
Бұлар бұнда қалғанда кол жағалап,
Атам марқұм айдауда – Сібірде еді.

Байлығы үшін баянсыз ғұмыр кешіп,
Итжеккенде өтіпті өмір өксіп.
Қатын-бала қаңғырып, көл жағалап,
Көрінбей көзден таса жүрген өстіп.

Тынымсыз өмір өткен наласы боп,
Заманның тағар онда жаласы көп.
Елден жырақ кеткен ғой содан кейін,
“Бай тұқымы дей ма”, – деп бәлелі топ.

Нелер ғұмыр кетті үзіліп келмеске,
Итжанды адам конеді екен көнбеске.
Өкесінен қалған әлгі жоргекте,
Тұрысбегі келіп қапты он беске.

Артта қалып азапты күн, ай мен жыл,
Жойылғанда жер бетінен бай мен құл.
Қайран қартым оралыпты сол кезде,
“Қайратыңдан айналайын” болған тұл.

Көздің жасын төгіп журіп ережеткен,
Сол қасірет Анашымды шерлі еткен.
Сенің мұңды жанарындан соны оқып,
Тұңғиық ой мені талай тербеткен.

**Бесінші болім
Құстар өліп жатыр
Аяласаң — табиғатты аяла**

“...Жылан жылы, наурыз айында
Балқаш қаласы аумағында құстар-
дың жаппай қырылуы байқалды.
Өкінішке орай, құстар өлімінің
нақты себебін анықтау мүмкін
болмады..”

Жергілікті газеттен.

Қынадай боп қырылды жыл құстары,
Арқасынан аяз.емес қысканы.
Улы түтін күйдірді де өзегін,
Құлап түсіп, қара жерді құшты өні.

Себебі де, — жоқ дейді, салдары да,
Жолықты олар заманың зардабына.
Ілікті де қатердің қармағына,
Жете алмады көктемірі арманына.

Құлап түсті өнекей шегір құмға,
Қарғыс айтып жатыр-ау, небір сүмға.
Сабалайды қанатын жанушырып,
Құс ғұмыры бөленіп шерлі мұңға.

Ілестіріп қанатына көктемді,
Гүлге ораған сайын қырды, бәктерді.
Өлің жатыр шағаласы, кептері,
Алып келіп Балқашына көктемді.

Ышқынатын көкейімде бір ой бар,
Ажалменен,
Қатерменен кім ойңар.
Құсқа тиген қасіреттің бір оғы,
Елге тиңіп кетпесін деп кім ойлар.

* * *

Көк мүржадан көк тұтіні қоздаған,
Көгі көшіп, көк аспан да тозды одан.
Көні қеуіп тарылғанда тынысы,
Көл – ананың көкірегі сыздаған.

Көк жүзіне зер саламын телміріп,
Көк тұтіннен кетпесе деп сел жүріп.
Көгершін де, шағала да қалған-ау,
Көк тұтінге қанаттарын күйдіріп.

Көре-көре төзер емес көз де оған,
Көк жәтелім көкіректе қоздаған.
Көк тұтіннен нәсіп теріп журсек те,
Көгімде ойнап төнеді бір сор маған.

Көк жусаным қурағалы көп болды,
Көк теңізден көксерке де көшті енді.
Көтере алмай осыншалық қайғыны,
Көрместей бол құстарым да кеткен-ді.

Көре алмай-ақ жақсылықты, көктемді,
Көк тәңірге жеткізе алмай окпемді.
Көк теңізге мұнымды айтып, дариға-ай,
Кетер ме екем текке енді.

Кок тұтіннен у жұтқалы...

Көк тұтіннен у жұтқалы көп болды,
Көкірекке бір уайым кептелді.
Көк теңізге оралмады құстарым,
Көк тұтіннен үркіп ұшып кеткелі.

Кеберсиді керім дала, кенді аймақ,
Кім бар дейсің кебін киер елді ойлап.
Көзім талды көк жиекке қараудан,
Көк тұтіннен құтылатын күнді ойлап.

Көк тәңірге жеткізе алмай өкпемді,
Көк тұтіннен у жұтқалы көп болды.
Көк теңізді жүрегімे қондырып,
Келем жырлап өткенім мен өшкенді.

Кемел күннен іздедім тек шуақты,
Іздемедім жер бетінен жұмакты.
Кіндігінен Жер-Ананың көр енді,
Тіршілікті сойып түсер у ақты.

Боз мұнар

Боз бетеге, боз мұнар;
Боз тұтінге көз тұнар.
Боз далада бағасыз,
Боздақ өмір тұншыгар.

Боздал үшқан бүйдалар,
Боз аспанды қидалар,
Боз даламды анамдай,
Боз тұтінге қиды олар.

Боз тұтінің у болар,
Боз жусанға сіңді олар.
Боз мұнардың ішінде,
Боздақ өмір не болар?!

**Алтыншы болім
Таң шығындағы мөп-молдір**

Таң шығындағы мөп-мөлдір,
Тұнық екен жанарын.
Күлімдеген кокте бір,
Жұлдыз ба деп қарадым.

Сол жұлдызды қалқам-ай,
Жүргіме қондырып,
Ақ шалғында шалқалай,
Аунайықшы болдырып.

Ару дала алқынып,
Ағыл-тегіл тер құшсын.
Ал жүрегім малшынып,
Өлең болып желге үшсын.

Тұнық ауа, тұмса жел,
Тұңғиыққа тартады.
Есімде сол қыпша бел
Төзімімді сарқады.

Ойлар, ойлар

Менің жырым,
Сенің жырың секілді.
Жырларымнан
Сені көрем кекілді.
Сол баяғы
Құлын мұсін, үян қызы,
Шулы қала
Жатақхана екінді...

Ойлар, ойлар
Билеп алып еркімді,
Аймалайды сенің сұлу көркінді.
Таң шығындаі,
Мөлдіреген қалпында
Сақтап келем
Сол баяғы сертімді.

Тек екеуміз,
Тек екеуміз сырласып,
Кетуші өдік,
Сырлы бақтан қырға асып.
Лапылдаған,
Сол бір тәтті өр сезім,
Өлең болып,
Құйылатын жалғасып.

Сол баяғы,
Мойыл жанар, тал мұсін,
Жыр-зерде де
Жатталды да қалды шын.

Келіп-кетіп,
Жүресің сен әлі де,
Шуақ шашып,
Жүргегіме жан құсым.

Жігіт сезі

Ойымды сол қыз тербейді,
Сәт сайын мені көр дейді.
Сағыныш өртеп кеудемді,
Бір сезім маза бермейді.

Бір сәуле маған кел дейді,
Кел дейді, мені көр дейді.
Жанарын кейде тәмен сап,
Соңымнан үнсіз ер дейді.

Жанамын сонда өртеніп,
Жанымды мұлде дерт еміп.
Сөулесін тәгіп сол ару,
Барады мені еңсеріп.

Қалмады менде еш төзім,
Қиналдым іздеп жоқта өзін.
Сөндірші келіп аяулым,
Кеудеме жаққан өтты өзін.

Ойымды сол қыз тербейді,
Сәт сайын мені көр дейді.
Сағыныш өртеп кеудемді,
Бір сезім маза бермейді.

* * *

Тұнық ойды ерке сұлу тербеді,
Құмарты да көңіл маза бермеді.
Жалт етті де сол сұлу нұр жоқ болып,
Жанымды мұн, тәнімді шөл кернеді.

Айдың бүгін нешеуі еді,
Білмедім.
Көңіл күпті,
Күтуден көз ілмедім.
Бір сағыныш мені билеп алды енді,
Жанға дәру секілді ыстық бір демің.

Тосып соны,
Тосуменен өтті күн.
Естілмейді сенің сұлу тәтті үнің,
Елегзіген ертелі кеш сені іздең,
Аласұрган жүрегімде
Жоқ тыным.

* * *

Бұрын сендей сұлуға кездеспегем,
Кездессем де дәл мұндай күй кешпегем.
Қынай белге төгілген қос бұрымы,
Бір міні жоқ бойында үйлеспеген.

Қос көгершін дірілдеп қеудесінде,
Ерке сұлу салады нені есіңе?
Ақ маңдайы жарқырап ай қаракөз.
Құмар етін қойдың-ау, елесіңе.

Сол перизат барады сылаң қағып,
Күс тілімен айтады бір өн салып.
Үр жамалы ұлбіреп туған айдай,
Жалғыз өзі жанымды жүр аңсатып.

Сымбатына құмартып, тандай қағып,
Сыртынан қойдым соның тұмар тағып.
Нұр шашқан сол сұлудың жаз дидарын,
Меншіктең мен де өзімше келем бағып.

Кешір мені

Кешір мені,
Қарағым кешіре алсаң.
Өшір мені,
Санаңнан өшіре алсаң.
Жасыр мені,
Жанардан жасыра алсаң.
Өшіргенге көнбейтін,
Жасырғанға
Жан едім мен,
Еркінді басып алған.

Кешірмейсің білемін,
Өшірмейсің,
Оралсам ой-санана,
Көз ілмейсің.
Ақ толқыны сезімнің
Аласұрып,
Кірпік қағып, қиялдап,
Дірілдейсің.

* * *

Тұнық ойды ерке сұлу тербеді,
Құмартты да көніл маза бермеді.
Жалт етті де сол сұлу нұр жоқ болып,
Жанымды мұн, тәнімді шөл кернеді.

Айдың бүгін нешеуі еді,
Білмедім.
Көніл күпті,
Күтуден көз ілмедім.
Бір сағыныш мені билеп алды енді,
Жанға дөру секілді ыстық бір демің.

Тосып соны,
Тосуменен өтті күн.
Естілмейді сенің сұлу төтті үнің,
Елегзіген ертелі кеш сені іздең,
Аласұрган жүрегімде
Жоқ тыным.

* * *

Бұрын сендей сұлуга кездеспегем,
Кездессем де дәл мұндай қүй кешпегем.
Қынай белге төгілген қос бұрымы,
Бір міні жоқ бойында үйлеспеген.

Қос көгершін дірілдеп кеудесінде,
Ерке сұлу салады нені есіңе?
Ақ маңдайы жарқырап ай қаракөз.
Құмар етің қойдың-ау, елесіңе.

Сол перизат барады сылаң қағып,
Құс тілімен айтады бір өн салып.
Үр жамалы үлбіреп тұған айдай,
Жалғыз өзі жанымды жүр аңсатып.

Сымбатына құмартып, тандай қағып,
Сыртынан қойдым соның тұмар тағып.
Нұр шашқан сол сұлудың жаз дидарын,
Меншіктең мен де өзімше келем бағып.

Кешір мені

Кешір мені,
Қарағым кешіре алсаң.
Өшір мені,
Санаңнан өшіре алсаң.
Жасыр мені,
Жанаардан жасыра алсаң.
Өшіргенге көнбейтін,
Жасырғанға
Жан едім мен,
Еркінді басып алған.

Кешірмейсің білемін,
Өшірмейсің,
Оралсам ой-санана,
Көз ілмейсің.
Ақ толқыны сезімнің
Аласұрып,
Кірпік қағып, қиялдалап,
Дірілдейсің.

Менсіз кейде жыр бағын
Аралайсың.
Менсіз кешкен ғұмырды
Қаралайсың.
Жан арайым,
Жанарыңда түр қандай
Тарамай мұн.
Жан арайым...

* * *

Шабыт сезім шаң қапты,
Жынын алған бақсыдай.
Шымырқанып шын қатты,
Шыға алмады тасқын ой.

Қақырады қабілет,
Куат қайда кернеген?
Мұндай күйге лағынет,
Тәтті ойымды жерлеғен.

Тынбай соғып кеудемде,
Асқақ ойлар тулайды.
Өрекпіген бір демде,
Өлең неге тумайды.

Өлең неге тумайды,
Мені шабыт қинайды.
Шырылдаған бір қайғы,
Өлеңге де сыймайды.

Үкілі үміт

Бірінші бөлім

Уа, далам армысың,
Есенбісің қарлы шың.
Өр тұлғанды тік ұстап,
Баба таулар бармысың.

* * *

Қазақ атам

Жыр десе дес бермеген,
Жау десе төске өрлеген.
Ықлаған еш пендеден,
Мөрт мінез қазақ атам.

Күй болып өрге атылған,
Өнерде дара тұлған.
Ән-күйден жаратылған,
Па, шіркін, қазақ атам!

* * *

Нар жігіттің тақымында ат ойнап,
Бабам қазақ жауға шапқан атойлап.
Қас жауының тимесін деп өкшесі,
Қайран баба сар даласын өтті ойлап.

Ай-хой, баба өрлігі мол нар кеуде,
Негір жауға жалғыз шапқан ол кейде.
Сар даланың төсіндегі құз таулар,
Бабалардан қалған мұсін тас бейне.

* * *

Атам қазақ жасасқаң құла түзбен,
Құла түзбен тағдырын бірге түзген.
Қидаланған тарихын бабалардың,
Білгің келсе сұрарсың түркі сөзден.

Жауға алдыrsa алдырған қалаларын,
Алдырмаған намысын бабаларым.
Туган жерге денесін қорған қылып,
Белгісіне қалдырған молаларын.

Қайран дала

Ауыл анам, бауыр далам өзегім,
Сенің үшін бәріне де төземін.
Тәзе алмаймын,
тәзе алмаймын, тек қана,
Оскыласа өңірінді озбырлық.
Озбырлықтың босағасын тоздырып,
Намысымның алдаспанын кезермін.

Баба таулар,
Дана таулар тас мұсін,
Құла түзге қорған болып жатты шың.
Қайран далам, тілім-тілім өңірі,
Шор-шор болып қатып қалған беріш мұн.

Қайран далам,
Тағдыры саудаланған.
Озырлық пен ұлылық жауап айған,
Қорғаймын деп өзінді туған дала,
Қанша өреннің тағдыры дауда қалған:

Қайран далам,
Қазақтың қаны сіңген,
Талайына азап-мұн қатар мінген.
Мың сүрініп,
Жұз тұрып бабам қазақ,
Ұзбеді үміт, ұзбеді келер күннен.

Тұған жер

Құрбымның деміне балаймын самалын,
Боранды желінен жылдылық табамын.
Балалық базарым ойнайды сол сәтте,
Тасына тілініп қанаса табаным.

Бұлакқа бас қоям ішпестен кесемен,
Сәбидей сүт емген ананың тәсінен.
Құлындағ ағындал келеді жүгіргім,
Көргенде теп-тегіс жазықты көсілген.

Сендері құбылыс жат емес өзіме,
От болып көрінер әр сөтің көзіме.
Орының бәп-бәлек, басқаға тенгермен,
Тым ыстық екенсің сағынған кезімде.

Сенімен үштасқан әр күнгі ғажап ой,
Өзіңе арналған махаббат үлкен ғой.
Көңілде тұратын қаз-қалпы көгеріп,
Жансерік көктемім туған жер екен ғой.

Баба терек

Тәлкегіне табиғаттың берілмей,
Түрдү өсіп қайсар терек өрімдей.
Еңсесімен езіп күншіл кеудені,
Көрінетін күндік жерден тәнірдей.

Қатал жылдар артса-дағы азабын,
Өмір қанша жасаса да мазағын.
Әр көктемді қарсы алатын гүл жарып,
Тіршіліктің байқайсың ба ғажабын.

Алтапқа да, дауылға да тұтеген,
Нәпір ағын тасқынға да төтеген.
Жалпақ жұрты пір тұтқан зор теректі,
Ойда жоқта қатыгез жан өртеген.

Жанып тынды баба терек еңселі,
Зор қайғыдан қөрі тогай тенсөлді.
Кеудемде бір өксік толы өкініш,
Көтертпейді езіп менің еңсемді.

Өзен жатты қайғыдан аласұрып,
Әр толқыны дамылсыз жағаны ұрып.
Көрі тогай сынсиды, өксінді өзен,
Өксиді өнір, өксиді дымы құрып.

Жылдар өтіп кетсе де талай-талай,
Сол арадан өте алман қарайламай.
Бір өкініш, бір қайғы жағаласып,
Мені кейде жетелейді солай қарай.

Ауыл ығып барады

Шыдай алмай нарықтың дауылъына,
Бас сауғалап барады ауылым да.
Бір кездері шұбырып мал жайылған,
Қоңыр белдер жабырқап құлази ма?..

Төрт түлігі құты ёді ен даланың,
Құтың кетсе ку тақыр ненди аламын,
Тұлпар аунап, нар шөккен атақоныс,
 Тағдырына тарылған енди алаңмын.

Өмір мынау, құйын боп айналады,
Құйын ғұмыр өзінше долдаңады.
Мұнар күннің шаңдатқан беленінде,
Аңқау жұртың әрнеге алданады.

Құлазиды қоңыр бел, құмай дала,
Мал жамырап, ит үріп шуламай ма...
Ауыл ығып бара ма, ауыл ығып,
Шыдай алмай нарықтың дауылъына.

Жарылыс жаңғырығы.

Бір дұмпу үн кетпейді құлағымнаң,
Ақбөкенді бездірген тұрагынан.

Жер – АナンЫҢ шулатып кең қеудесін,
Үркіп қашқан шошимын түяқ үннен.

Фаламат үн кетпейді құлағымнаң,
Мазалайды белгісіз сұрағымен,
Қатерлі үнге тыңымсыз жауап іздең,
Тығырыққа тірелін тұрамын мен.

Даладан да естимін, қаладан да,
Жанымызды, сіре, сол жарапар ма?
Мекенінен безінген ел мен құлан,
Тұрагына қайта бір оралар ма?

Жер – АナンЫҢ апшысын қуырғандай,
Алапат үн жаңыңды қуырғандай.
Өзегінді өртейді,
О, фаламат!
Мандайыңың туған ел, соры қандай?

* * *

I. Сәлем, саған Балқашым!

Көл Балқаш!
қала Балқаш,
дала Балқаш,
Құлпырып құнақ жайған,
маған алғаш.
Мал баққан,
Мен қазактың баласы едім.
Тұтанған жаңағымда,
Өлең алғаш.

Қойныңа ал,
аймалашы ана – көлім.
Жыр қып,
сапар шеккен балаң едім.
Шабыт бер,
шуагың төк, мен өзіңе
Перзенттік
Сағынышты ала келдім.

2. Көлмен сырласу

Ей, кәрі Балқаш, киелім,
Сабырынан сарқыт бер, мына мендей ұлыңа,
Арыны қатты өмірмен алыса келдім жұлына.
Көзіңнің салмай қырын да,
Бүк түсіп сен де бұрылма.
Байлауға келмес ғұмырдың,
Жалғауын іздең ұрындым.
Ей, кәрі Балқаш киелім!!!
Әділдіктің жоқтығына мен де өзіңдей күйемін.
Сен табиғат – анасың,
Мен кеудемсок перзентің,
Құшағында сайран салып ержеттім.
Ержеттім де жармастым жағаңызға,
Бұдан бақыт, сірә, біз табармыз ба?
“Табын дедім, Жер – Ана
Табын дедім адамға,
Адам – құдай, құқы жүрер ғаламға”.
Бұдан өткен болар ма екен ағаттық,
Сайын дала жатты соны мазақ қып.
Кешір бізді, кәрі Балқаш киелім,
Соным үшін бүгін іштей күйемін.
Басымды да иемін,
Айдынынан сүйемін,
Кешір бізді, кешіре алсан, Киелім!

* * *

3. Көрі Балқаш киелім

Өр төсінен дамылсыз толқын өріп,
Сарыарқаға жатасың көрік беріп.
Асқақтаған алыста Бектауата,
Айдыныңа шомылар жүзіп көріп.

Сұлу Балқаш жаңыма ұялаған,
Қайық болып кезеді қиял-арман.
Күміс қармақ секілді,
Балқашым-ай!
Сауырына Арқаның сыя қалған.

Келбетінен жыр оқып, сыр түйемін,
Маған қымбат туган жер әр сүйемің.
Түспесе деп тағдырың талапайға,
Қайғы-мұңға өзіңмен бір күйемін.

Ақ толқындар жағаға жарысатын,
Теңіз міnez тектіме ол жарасатын.
Арпылдаған ақ жалдар қайда кеткен,
Қайда кеткен теңіздей парасатың.

Кекше көлім көркіне бас иемін,
Азайды ма, сенің мол қасиетің.
Адамдардан жатырсың сауға сұрап,
“Көл – ананың баспа , – деп ақ-ниетін!”

* * *

4. Мінәжат

Бір шеті көлдің көкжиек,
Иегін көкке тұр сүйеп.
Төлқынды құған толқындар,
Жағаны “шөп-шөп” мың сүйет.

Шаңқылдан шандай шағала,
Қайғы-мұң сірә, жоқ ода.
Алысып ақжал толқынмен,
Төнеді жиі жағаға.

“Қайғы-мұң сірә, жоқ ода”,
Қайғыдан жаным, кім ада?
Осы бір сөзді қайталап,
Ойға да баттым жана да.

Шаңқылдан жүрген шағала,
Тағдырдан налып сүрай ма?
Саулығын сұрап теңіздің,
Құс екеш, құс та жылай ма?

Жылайды теңіз еркесі,
Тілегін тәнірім, бер деші.
Табиғат-ана өмірде,
Жамандық еш те көрмеші.

Тәнірге қылдым мінәжат,
Көрмесе екен енді азап.
Көл менен көлдің еркесі,
Жойылып кетпей тұр аз-ақ.

Көктем

Ағыл-тегіл ақша қар да кетті еріп,
Ақша бұлт та көз жасына берді ерік.
Назға толы, сазға толы көктем — қыз,
Қапелімде көкірекке кетті еніп.

Келдің бе сен, жасыл әлем, сырлы бақ,
Көңіліме үялатып назды ырғақ.
Келген құсқа шумақ-шумақ жыр арнап,
Ару қайың тұрды бүгін қол бұлғап.

Көз алдыманан қашты дерсің сырға-мен,
Шабытыма тапқандаймын бір ғана ем.
Қыз-көктемнің құлкісінен гүл теріп,
Жұпарына елтіп ұзақ тұрган ем.

Көз алдымда құлімдейді нұрыл әлем,
Нұрлы әлемге ғашық болып мен келем.
Кірпігіме қонақтатып тандарды,
Сұлулықты күнәден пәк жырлап ем.

Екінші бөлім **Торанғы тоғайы**

Солтүстік Балқаш оңіріндегі торанғы тоғайы
Балқаш қаласына таяу “Орта-Дересін”
қонысының маңында қақталған. Онда мыңдан
аса ағаш бар, бірақ олардың бәрі де үргашы.
Сондықтан тұқымынан осіп, оне алмайды...
“еркектер әuletі” толық жойылып кеткен.

Суырып құмның өзегін,
Өзінше салып өрнегін.
Есіріп соғып тентек жел,
Көрсетті бірде өнерді.

Құйын боп соғып бір мезет,
Шаншылды көкке өрмелеп.
Үйтқыды сонсоң дауылдал,
Ақ ала шаңмен дөңгелеп.

Апишысын жердің қуырып,
Қоқысын елдің суырып.
Есірген тентек жел бірде
Тогайға қалды сүрініп.

Сары ала құмда қыр асып,
Миығына күлкі жарасып.
Тораңғы тоғай тұратын,
Көзіне құннің таласып.

Бұрқырап бүйра жапырақ,
Қалғандай бірден жатырқап.
Есірген әлгі сері жел,
Қылышы тиген қаттырак.

Сыландарап құмның еркесі,
Әзілдеп сыр шертеді.
Тапжылмай тынып қалды үнсіз,
Есірген қырдың серкесі.

Төсінде құмның күн ыстық,
Торанғы төфай толықсып.
Сүйтізін желге денесін,
Көлменен тұрды тыныс қып.

Арулар еді кілең бір,
Көрікті бейне өлең дұр.
Табылмай еркек таз құмнан,
Сипатып төнін желғе жүр.

Қаталдық еді қашалық,
Торанғы ару жалқы анық.
Ерлерін күткен жесірдей,
Тұрады мұңды ой салып.

Тек қана мұнда мың жесір,
Қайғысы оның бір нәпір.
Сүқтанып сұлу денеге,
Мазасын алды кіл кәпір.

Жапырақтың жасыл түгіне,
Таң шығы тұнды бүғін де.
Сағыныш жасы секілді,
Үзіліп түсер түбінде.

Сыр екен оның өнбойы,
Өсер де, енді жоқ өйы.
Құм менен желдің қорлығы,
Құтылу содан бар ойы.

Адамның көріп азабын,
Дауылдың тартып тозағын.
Шағады келіп көлге енді,
Тағдырдың айтып мазағын.

Қарқаралы, Шайтанкөл сәніңдейсін,
Мәдидің асқақтаған өніндейсін.
Көркі деп, Көкшे көлдің шаң тигізбей,
Боламыз сені солай қадірлейтін.

Шот баба

Шапқыншылық жылдары Тобықтының ақсақ
руының батарей қарты жауқолына түсіп қалады.
Аласапыран жылдары Бабанды іздеудің қарты
келмесе керек. Соңында қалған екі ұлдың кішісі
Қожантай араға жылдар салып барып, әкесін
іздеп, зор бейнетпен алып қайтады.

Ел аузынан

Кешегі өткен Шот баба,
Бостандық о да аңсаған.
Тұтқында өтің көп жылы,
Тосқауыл болған тар заман.

Бабадан қалған мұрамыз,
Атадан қалған жыр-аңыз.
Егеу бет мына сар дала,
Бәрін де содан сұраңыз.

Айқасқан сәтте ақ найза,
Қарамай ешкім ай-шайға.
Қапыда қолға түстің бе?
Қанбадым сол бір мән-жайға.

Қожантай, Айбас ұрпағың,
Одан да сыр тартамын.
Мекен ғып мұнда тұрған ғой,
Сауырында сұлу Арқаның.

Күндердің күні болғанда,
Күркіреп дауыл тұрғанда.
Түсінен шошып Қожантай,
Жылаған мынау жалғанға.

Жаратып сонсоң тұлпарын,
Шақырып кілең ұлдарын.
Ақылын айтып бәріне,
Аттанып кеткен сұңқарың.

Дүние болған дүрбелен,
Болмаса қазақ іргелі ең.
Жұмбақ та, жұмбақ ғасырдың,
Сырын да далам көрген ең.

Көз іліп талай қыратта,
Шалдырып атын құраққа.
Әкесін іздеп Қожантай,
Жол шеккен талай жырақта.

Тілегін Тәңірім бергендей,
Көз жасын Алла көргендей.
Іздесе мені іздер деп,
Ұлына бабаң сенгендей.

Сарыала күздің бірінде,
Салқындау қоңыр інірде.
Әке мен бала көрісіп,
Табысқан бөтен өнірде.

Оралып атамекенге,
Сағынып елге жеткенде.
Тізесін бүтіп, дем алған,
Гүлшаттан бергі көк белде.

Бұлақтың сұын алдырып,
Шөлін бір соған қандырып.
Аманат айтқан бабамыз,
Ақтық бір демі алқынып.

Бірлігің болсын үғымың,
Тұған жер болсын тұғырың.
Ұрпағым саған аманат,
Осындай бата қалдырам.

Жетін бір тұған еліне,
Кір қалмай сұлу көнілде.
Батасын берген Бабамыз,
Арқаның қоңыр белінде.

Ұрпаққа бата қалдырып,
Үміттің отын жандырып.
Жөнелген екен Шот баба,
Аңыз боп елге мәңгілік.

Жұлдыздар шоғыры

Ұлы Абай

Ақындардың Пайғамбары,
Жырың қандай айбарлы еді.
Жөнге салып тұрғандаيسың,
Серт пен сөзден тайғанда ерді.

Тұған елдің нәрімісің,
Ақындардың пірімісің.
Кетіпсің ғой ұлы баба,
Жырдан қашап тірі мұсін.

Ұлы Шоқан қабірінің басында туған ой
Нәубет жылдары Шоқанның ескерткіш құл-
пытасын тауып алған біреу “қол диірмен
жасауға таптырмайтын шаруа екен” деп,
құлпытасты ортасынан қақ болмекші болған.
Сөйтіп, тасты болуге әрекеттенін жатқанда
козіне тастың үшқыны тиіп, екі көзі бірдей
кем болып қалған екен.

Шоқан атындағы колхоздың ұстазы
Мәйкон Құнболатовтың
әңгімесінен.

Нәубет жылы аштықта,
Шаңқанайда бір' өумесер аптықпа.
Тап болыпты мәрмәр тасқа есіктей,
Тірі жанға көрсетпей де, есітпей.
Көзін бірден үйірген,
Бұл заңғардан жасайын деп диірмен,
Құлпытасын Шоқанның,
Балғалады буйірден.
Не керемет, не мазақ,
Осы жайды естігенде.
Ауыр ойлар мазалап,
Әлде кімді жазалап.
Ұлы Шоқан қабірінің басында,
Тұрдым үнсіз азалап.
Бар ақылын сарп еткен,
Жас ғұмырын тәрк еткен.
Дана Шоқан бейнесі,
Көз алдында тұрып алды асқақтап.

Ал, әумесер жасаймын деп диірмен,
Құлпытасын Шоқанның,
Қашай берді, қашай берді...
Есіл-дерті жасау болып диірмен.
Не керемет, не мазақ!
Оған сонда зауал қамшы үйірген.
Кенет көзге,
тойымсыз тым сұғанак,
Мәрмәр тастың ұшқыны,
Дәл тиіпті,
О, ғажап!
Екі жанар жүрген кеше тірек боп,
Ағып түсті қас-қағымда түнек боп.
Сонан кейін мынау байтак далам' да,
Мынау нұрлы заман да,
Айналыпты ол үшін,
Бермей ешбір қолушын,
Мылқау, зарлы ғаламға.
Бар ақылын сарп еткен,
Жас ғұмырын тәрк еткен.
Түнек түннің төрінен,
Жұлдыздайын жарқ еткен.
Ұлы Шоқан бейнесі,
Асқақ едің, асқақ едің,
Сен не еткен!

Бабам Қараменде биге
Ей, Ұлы Баба!
Ояншы үйқындан бір, айтшы өсиет,
Азбай-тозбай жүретін жолды көрсет.
Ойпы-тойпы күй кешкен, мынау далаң,
Бір даналық, кемел ой жатыр көксеп.

Жерің жомарт, жерің бай ел қондырған,
Суың шәрбат ішсөң бір шөл қандырған.
Ал үрпағың – мына біз туған ынжық,
Кайраты мен жігерін жауға алдырған.

Дөрменсізбін, сондықтан кінәлімін,
Кінәлімін, ұзілген бір өніңмін.
Түзеймін деп қоғамды өділетсіз,
Тырнағына әлдінің таландым мен.

Тірлігім бар беймаза ой сапырган,
Қалам ұстап жыр жазып, таң атырған.
Таппаған соң қалауын мына өмірдің,
Азан сап аруағынды мен шақырған.

Ей, Ұлы Баба!
Ояншы үйқындан бір айтшы өсиет,
Азбай-тозбай жүретін жолды көрсет.
Ойпы-тойпы күй кешкен мынау далаң,
Бір даналық, кемел ой жатыр көксеп.

Кешір Баба!
Мазаласам мезгілсіз.
Өмір ғайып өткен күндер белгісіз.
Жұмбағы мол алай-түлей ғұмырдың,
Үршығында айналамыз енді біз,
Кешір баба, мазаласам мезгілсіз!

1996 жыл.

Махамбет

Ерлікті жырмен екшеген,
Елдікті ғана көксеген.
Ерлікті егер үйретсе,
Үйренер едім тек сенен.

Жебесін жырга суарған,
Шашақты найза ту әлған.
Жауын бір қуып жайпаса,
Елі мен Еділ жұбанған.

Адыранадан үшқан жебедей,
Дүшпанын қуған жебелей.
Алдаспан жырлар жаңғырып,
Жадымда жүрер көнермей.

Фасырды тіліп үшты үнің,
Еңсесін езіп күштінің.
Жәнгірден жәбір көрді деп,
Айта алмас еңді ешкімің.

Алашы жанын тербеген,
Елім деп соған өрді өлең.
Рухы сонда қазақтың,
Өлім де сені жеңбеген.

Құрманғазы

Сезем баба, күйіннің даналығын,
Жүрегімді ерітіп, тарауды үнің.
Теренінен сезімнің қопарылған,
Дабыл күймен түлейді далам бүгін.

Менің ағам тартатын “Серперінді”,
Адудынды күйінен от өрілді.
Әуеніңе беріліп жалын жаным,
Сұлулықтың нұрымен көмкерілді.

Қараша үйден арын күй ақтарылып,
Жүрек тербеп, жанарды жасқа буып.
Жомарт жердің төскейін арғымақ ат,
Дүбірлетіп өткендей от қалдырып.

Асау екпін, ерке саз, қоңыр өнім,
Алаулаған үнінде дауыл ағын.
Лапылдаудан жүргегің суынбапты-ау,
Өрлігің ғой нар баба табынарым.

Ер Ағыбай

Ассалаумагалейкум, батыр баба!
Ақжолтайы қазақтың туған дара.
Аруағын Ақкемнің шақырайын,
Арғымақ жыр арқырап шықсын дара.

Қайрат алып теңіздің тереңінен,
Айбат алып, мұзарт шың беленінен.
Ағыбай ер ақырып атқа қонса,
Ата жауы түнілген мына өмірден.

Ер Ағыбай, Ағыбай, Ағыбайлап,
Ағып өткен сабазың елін ойладап.
Сарыарқадан аттанған сардар begim,
Даңқы кеткен үш жүзге Ақжолтайлап.

Ақжол тілеп атаның мұрасына,
Ақжол тілеп Алаштың баласына.
Басын иет бүгінде тәмам халық,
Батыр туған Ақжолтай бабасына.

Серкесі едің хан Кене сардарының,
Күөсі едің ғазауат мұнар күннің.
Қойнауынан ғасырдың атойлаған,
Құлағыма жетеді қыран үнің.

Мағжан ақын

Мағжан ақын, біз сені білмей өстік,
Білмей өстік, жырдан өрнек өргенінді.
Жауыңа жай оғындаи тиғенінді,
Ерегісken дүшпанның туырлығын,
Қанжар сөзбен тулақтай тілгенінді.

Білмей өстік өзінді ақын аға,
Тұған елге жүрегі жақын аға.
Жылан заман зорлықпен өшіргендей,
Маржан жырдың сен жазған жарқылын да.

Озбырлықтың тұнығын шайқағандай,
Отты жырдан жауың да тайқағандай.
Шындықтың пердесін дар айырып,
Дәл өзіңше қай ақын айта алғандай.

Өзінді ойлап, ой кештім оңашада,
Жырынды оқып жолықтым тамашаға.
Бүрістіріп мұздатар өнбойымды,
Өкінбедім мұнлы жыр қамаса да.

Озбырлықпен отарлап онды-солды,
Қанша ғұмыр тапталып ерте солды.
Шындықты айтып шырылдап ұшқан жырлар,
Уысында тасырдың тұтқын болды.

Ой-санамды отарлап осынша жыл,
Озбырлыққа табынды тамам ақыл.
Ел едік қой еңсөлі ерлігі мол,
Ерлігіме сендім де қалдым қапыл.

Кешір бізді,
Біз сені білмей өстік, Мағжан ақын,
Өрге салса жүйріктей озған ақын.
“Халық жауы” атағын қас дүшпанның
Қақыратып қамалын бұзған ақын.
Кешір бізді!
Білмей өстік, біз сені Мағжан ақын.

Фарышкөр Токтар Әубәкіровке

Көл жатыр көкірегін шаттық кернеп,
Айдынға түсіргендей тұңғыш өрнек.
Ақ арман ел аңсаған осы еді-ау деп,
Көрі тау о да түр ғой ойын тербеп.

Сарыарқа жатыр бүргін толғатқандай,
Бусанып наурыз айы тіл қатқандай.
Естимін ғарыштан бір ғаламат үн,
Тоқтар! – деп, қыран дауыс тіл қатқандай.

Сан жылдар сарсаң болған сана тозып,
Сан арман құмға сіңғен, жылдар озып.
Сонда да сөнғен емес қиял-арман,
Самғаған үкілі үміт ғарыш кезіп.

Бабалар көз тіккен ғой ғарыш саған,
Қиялыш көзін шарықтаған.
Бір ана ұл туыпты ғарышкер ғып,
Әз баба енді, сірә, қамықлағын.

Тербедім жүргіме Тоқтар өнін,
Намысын нар қасқа елдің ақтар дедім.
Фарыштан хабар алып оралғанда,
Атыңды мәңгі қазақ жаттар дедім.

Батырым. Баһадурім. Фарышкерім.
Бір туар қазағыма арыс дедім.
Самғай бер елің үшін биіктерге,
Қиялыш қиыр кезген даңқты ерім.

Арқаның бастың бүгін топырағын,
Тоқтар! – деп, тоғайды жыр атырабым.
Тоқтарым, Толағайым сүрінбе, – деп,
Рухын бабалардың шақырамын.

Мен ғашықпын

Мұхтар Шахановқа

Мұхтар аға, ғашықпын жырларына,
Жырларыңа, ақ алау нұрлы ағынға.
Жүрегімді баурап бір тылсым өуен,
“Танакөзге” ғашық қып шырмадың ба?!

Қанбай өскен жырға бір жан құмарым,
Аңсап жүрген ақ дауыл жаңбыр өнін.
Жолықтырып өзіңден өзгеше өлең,
Сусар көңіл жырға шөл қандыратын.

Қанбай өскен жырға бір жан құмарым,
“Танакөзің” болғандай бойтұмарым.
Жыр жампозы – пірімсің, ақын-аға,
Жырынды іздең кейде мен шарқ ұрамын.

Сұлулықтың сырын сол үқтырғандай,
Қыран қиял болар ма үшқыр мұндай.
Сезімімді жаулаған ақық жырлар,
Жүргегімде өшпейді бүршік жармай.

Мен ғашықтың жырыңа Мұхтар аға,
Сені батыр десем ел құптар аға.
Желтоқсанды ойласам мұздар денем,
Мұздар денем, жүргегім, сыздар неден.
Бір қатерге бас тігіп түрғандай ең,
Ел де өзіндей шындыққа құштар дер ем,
Желтоқсанды ойласам мұздар денем...

Мұхтар ақын бөлек ол бар ақыннан,
Ол батыр боп, ақын боп дара туған.
Махамбеттей мәрттіктің туын тігіп,
Ерлік пенен өрліктен жаратылған.

Құлағымнан кетпейді азамат үн,
Сендей перзент ғасырда аз жаратылған.
Артық айтты деменіз
Мықтылық ол,
Сақтап қалу қазақтың абзал атын,
Сақта тәнірім,
Қазақтың азаматын.

**Шынардай шыңға біткен
(топтама)
Халық ақыны Шашубай Қошқарбайұлының
рухына арнаймын**

Шашекеңнің монологы

Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,
Қызыққа, қуанышқа шашудаймын.
Кұлық пен кесапатқа менменсіген,
Арқаның алай-дүлей-қысындаймын.

Сарыарқа салтанатың жарасатын,
Төсінен дубірлеп той тарасатын.
Бегазы, Қызыларай, Бектауата,
Көрген жан көз тігісп қарасатын.

Көлім бар Балқаш атты мамыраjай,
Мамырлап аққау ұшқан көл жағалай.
Ұқастық болса менің мінезімде,
Шілде су аnam алған, содан болғай.

Арқаның ақпанындаі мінезім бар,
Сенімі туған елдің болады жар.
Қиқулап түскен сайын жыр-додаға,
Жеңіспен ораламын, сынбай ажар.

Жасымнан өнер қуып, атқа міндім,
Он үште ұлы дүбір топқа кірдім.
Қазақтың қара сөзі бойға дарып,
Іле мен Қараталдай актарылдым.

Толқындай барыс жоңды тулап бέрген,
Ақынның бірі едім ғой алмас берген.
Ақтарып жан сырымды көтейінші,
Қазағым шығар өлі талай өрден.

Бата
немесе Біржан Салдың Шашубайға
берген батасы жайлы

“Арқадан кім тумаған өнер көрнеп,
Сайрадың сырнайынды қекке сермел.
Тартынба, талабынды тарықтырма,
Айта бер өрістетіп өнінен өрнек.”

Сал Біржан аты кеткен алты Алашқа,
Осылай бата берген жас талапқа.
Бата алған Біржан Салдан бала бүркіт,
Өзгеше кенелген-ау шапағатқа.

Тулады бойда қаны ие бермей,
Самғады биіктеге қанат сермей.
Атақты Біржан Салдың ақ батасы
Откендей өмір бойы дамыл бермей.

Жанына жалау етіп Біржан сөзін,
Өнерден ақын бала іздеді өзін.
Қияға құлаш үрған қайсар жігіт,
Қырандай қия шыңға тіккен көзін.

Сайрандап Жетісудың ен алабын,
Танытқан дүйім елге өр талабын.
“Үш жүздің ақындары сайысқанда”,
Қаусатып бұзған талай сөз қамалын.

Шашекенің жыр алыбы Жамбылмен айтысын еске алу

Айтысып: Куандық, Сарбас, Жамбылменен,
(Жамбыл да өзінді оңай шалды демен.)
Жәкенді жыр сүлейі данғыл десек,
Шөшеке, жыр дүлдүлі сен емеспе ең.

Қоздырып делебесін тындаушы елдің,
Тасқындал төпелеген жырдың селін.
Шабыты шамырқанса Шәшекендер,
Шалқытар көз алдына Балқаш көлін.

Лақтырып жырдан тұзак, сөзден құрық,
Аяман сөзбен іреп, соққан бұрап.
Ақырып, атой салған сол айтыста,
Ақынның өр міnezі түр бүркырап.

Ақындар айтады анық келістіріп,
Тойтарар сөз тапқанды сірестіріп.
Алысып ұмар-жұмар айқасқан сөз,
Санаңда жатады екен курес құрып.

Данғылдар дана сөзді таба білген,
Ойды да оспадарсыз жона білген.
О, шіркін! Қайран ата, жарап еді,
Ескерткіш жырдан қашап қоя білсем.

Ел еркесі

Ән мен жырдың аумаған шашуындей,
Көз алдыма келеді өр Шашубай.
Күркіреп күндік жерден естіледі,
Дауысың құздан құлар тау суындей.

Айттыстың лапылдаған өрті болып,
Өнердің өрге жүзген көркі болып.
Өлеңің өзегінді өртеді ме,
Жаныңың жалындаған дерті болып.

Шынарадай шыңға біткен өренім-ай,
Жырыңнан асау екпін көрем ыңғай.
Қырандай саңқылдаған қия шыңнан,
Жаңғырған дауысынды естіп, тұрам ыңғай.

Арындал ақтарылған айбарлым-ай,
Жайылған шартарапқа даңқын қандай.
Атанған: ел — әркесі, жыр — перісі,
Арқаның ақиығы сағындым-ай!

Шашубай ақынның соңғы сөзі
немесе **Тұғырлы Қойшымановқа** айтқаны
Ей, Тұғырлы, құлақ тұргін, асылым!
Мына өмірде мен қаншама тасыдым.
Тасыдым да байқайсың ба басылдым,
Бұл фәниден өтер күнде жақын тым.

Ғұмыр кештім жүрттан бөлек өзгеше,
Айттыстарда жібергем жоқ сөзге есе.
Өнер ғана болды менің мұратым,
Сол өнермен өмір сүрдім ендеши.

Бір өкініш қалды бірақ кеудемде,
Сыздатады жүрегімді сол кейде.
Қанша жырым қағаз бетін көрмеді,
Сірә сорым осы болар ендеши.

Осыны айтқан қарт ақынның ақ күміс сақалы
желкілдеп, көрі жанаарын мұң шалып, ұнсіз
отырып қалды. Кенет көрі қырандай дұр
сілкінген ол сөзін қайта бастап кетті.

Арқаның асқақ төрінде,
Тәңірін таудың көрдің бе?
Қызығып соған қараушы ем,
Шыңына көзім сүрінсе.

Жайлаған қыран қиясын,
Шыңына салған ұясын.
Жатайын соның бауырында,
Мекен ғып мен де саясын.

Жерлеңдер мені өлген соң,
Бауырына Бектауатаның.
Ақын-ата мен тау-ата,
Тарқатып сырын жататын.

Жыр болып өткен ғұмырым,
Тау болып қалсын тұғырым.
Шашубай шалдың сөзі деп,
Қарттарға жеткіз Тұғырлым.

* * *

Арқадан үшқан ақыық,
Қанаты жүрген бұлт сүйіп.
Дәулеңдер ақын білсөніз,
Қалғымай әлі түр биік.
Данқы бір кетіп алысқа,
Төбесін нұрлы күн сүйіп...

Кешір ата

Тамсандырып талайды өнерімен,
Отіпті ақың дүрілдеп мына өмірден.
Жүргінен жулқынып туғаң жырды,
Жатқа айтып жүр жаңылмай бүгінгі өрен.

Тәнті қылып халқынды өнеріңе,
Гармоныңдан “Ақ қайың” әні өрілді.
Кекіректі кернеген қайың жырлар,
Болашаққа беттеді бізбен бірге.

Уақыттың тартып бір безбеніне,
Өзің жайлы ой кешкен кездерімде,
Тереңінен жылдардың атойлаған,
Жалын жырдың жарқылын сезбедім бе?

Кешір ата!
Сен жайлы жаза алмасақ,
Келісті – өлең, көркем – ой тере алмасақ.
Кешір ата, тұлпарды қыран жырдың,
Қадіріне жырыңың жете алмасақ.

Шашубай ақынның дойбысы туралы (баллада)

Сұнқар қиял сыр беріп картайғанда,
Қыран жүзден қылпыған әр тайғанда.
Ермек қыпты Шашекең дойбы ойнауды,
Көңіл шіркін, соган тек марқайған ба?..

Ақ пен қара шайқасқан шаршы тақта,
Өлең өрген кешегі шаршы топта.
Көрі қыран секілді қомданып ап,
“Санқ” ететін “Сейле!” деп көңіл сокса.

Жендермейтін, ешкімге дес бермейтін,
Қарасың ба, хансың ба ескермейтін.
Тақиясын ойнатып төбесінде,
Женген сайын жүлқынып төске өрлейтін.

Үнсіз ойын болмайтын “ду-ду” қызып,
Қарсыластың қорғанын “у-шу” бұзып.
Тақиясын мөңкітіп төбесінде,
Мақтанғаны тамаша “ту-гу” қызық.

Ойып жүрер ортадан ойыншы деп
Ойда жокта жеңетін “сүйіншілеп”.
Шендетпейтін ептіні, есерді де,
Жол табатын қыннан шүйілсе кеп.

Кезікпейтін даладан, қаладан да,
Мыстан, бәлкім, ғажайып қоладан ба?
Болған дейді, “тамаша дойбысы -- оның”
Әшекейі сыймайтын со заманга.

Қыр қыдырып жүргенде, сыр сыйдырып,
Қоңыр күздің соңы екен күн ызғырық.
Бір ауылға түсіпті сері жігіт,
Тоңған бойын алмаққа бір қыздырып.

Ауыл екен ерекше салтанатты,
Жомарт жүрек ел дейді парасатты.
Жалғыз атты серіні түсіріп ап,
Хабар берген байына мархаббатты.

Мырзасы да көрікті, тұлғалық әкен,
Кызық ойын-дойбыдан қүрән екен.
Хабаршы айтқан сөзді әлгі шала ұқтық ма,
Елеусіз мезіреті қылған екен.

Бай солай бакуатты ойын құрып,
Елді де қойған соған еміндіріп.
Өзі алан, көнілі күпті дойбыға мәз,
Ақынға қарамаған көніл бұрып.

Серіге ұнамады байдың ісі,
(Аяған қошеметін қандай кісі.).
Өзінше қорлық санап бай қылышын,
Шашаңың қозған сонда делебесі.

— Ей, жігіт! Сатшы маған ойыныңды,
Софайын аямай-ақ, сөйылышыңды.
Бәс тігіп белдесуге мырзаменен,
Жимадым мағаң салсан айылымды.

Бай сонда бажайлайды серіге анық,
Шынымен бәске ойнайтың пері ме анық.
— Кел, — деді олай болса көрейін деп,
— Қонақ бол, отыр мына төріме шық.

Қымыз ал, қуат жина бойыңа шак,
Сөзі зор жан екенсің ойың анық.
Бәсіңе не тігесің соныңды ата,
Артайын содан кейін мойныңа жүк.

Байекең осыны айтып маңғазданды,
Құйғызып сырлы аяқпен қымыз алды.
“Айтқан сөз – атылған оқ” деген бар ғой,
Тілегін ер жігіттің қабыл алды.

– Байеке, байыпты сөз ойға қонар,
Ұта алсаң олжанызға көнілің толар,
Құты еді такымымда құла жирен,
Жиренді бәске тіктім женғен алар.

Мүйізден иген едім ердің қасын,
Күміспен күптеген ем әрбір тасын.
Ер-тұрман, әбзелімді қоса тігем,
Көзімдей көргейсің тек ердің затын.

Ал, маған керек емес қыл-құйрығын,
Бар еді ондай-мұндай көп сыйлығым.
Бәске тік мына ғажап дойбыңызды,
Сол болсын жеңіп алар жез түйғыным.

Көзді арбар жез, лағыл тас жарқылдаған,
Қазынаң бұдан бәлкім сарқылмаған.
Бәске тік дойбыңызды өшекейлі,
Шын мырза мұндай сәтте тартынбаған.

Макұл деп бай мен ақын талас құрды,
Қадалып сарапшылар сарап қылды.
Шашасын шаң шалмаған Шашаң сонда,
Мырзаны үйірімен “закот” қылды.

Шуылдап жиналған жұрт мәре-сәре,
Секірген тақияда бар ма пәле.
Ойланса өрғып шығып шүйдесіне,
Қымылы тұсірғендей нені есіне.

Тамсанып, тамашалап талай адам,
Секірген тақияға қарайлаған.
Құлкіні “дараЊ ел” деп теріс жорып,
Байекең ашуменен айгайлаған.

Қисайтып беті-жүзін мұндай кезде,
Шашаң да тұсінбеген болар сөзге.
Байдан қашқан секілді тақиясы,
Көрінбей қатың қалған тобесіне.

Бай мұны аңғармады байыппенен,
Шашаң да дей қоймады айып менен.
Тасқа қолы тигенде байекеңнің,
Тақия секіреді тайып төмен.

Осымен жеңді байды ойсыратып,
Ойсыратып, жүйкесін сансыратып.
Бәйгесін қолына алып “Жез түйғын” деп,
— Тұрайық, — деді екеуміз хал сұрасып.

Осылай аңыз еткен дойбы сырын,
Өнердің білгеннен соң не бір түрін.
Фажайып сол дойбыда қолды болып,
Жоғалып кеткең екен бізден бұрын.

* * *

Кешелермен алысатын жоқ шамам,
Өнеріме, өлеңіме токтағам.
Жоғалды деп сол баяғы тас мұсін...
Оны да мен енді қайтып жоқтаман.

Жоғалмасын сенің ұлы өнерің,
Жоғалмасын өлең деген көгенім.
Сен отырғызған “Ақ қайыңың” қасына,
Мен де әкеліп жас шыбықты егермін.

Маңдайымның терін қанша төгермін,
Соншалықты өлең-жырда көгердім.
Түсінбесе өлеңімді өнер деп,
Кай тобырды қайтіп енді сөгермін.

Мұзбалак

Мұқагалиға

Мұзбалак еді құзда өскен,
Тұрағын іздел түз кешкен.
Мұзартқа қонып, кек шарлап,
Биікпен ғана жүздескен.

Ақ жауын болып ашылып,
Ақ шуақ болып шашылдың.
Сарайлар ашып есігін,
Жыр болып сонда жосылдың.

Алдауға енді көнбедің,
Арбауға және төзбедің.
Кеуденнен кері итерген,
Иттерді көзге ілмедің.

Шығып ап қырға, сайынға,
Айналдың жалпақ қайыңға.
Біз жүрміз мұнда жыр оқып,
Жердегі сенің тойында.

Шалкөде жатты шаңдатып,
Тұғырдан тұлпар таңдатып.
Алқымын бояп кек жиек,
Келеді тағы таң да атып,
Келеді бізді жұбатып.

Әлкиса мен Нұркиса

“...Меніңде, бұл адам “дың”
еткен дыбыстар җаралған”
Кеңшілік Мырзабеков.

Армандай ғажап асқақ үн,
Тербейді байтак даламды.
Жаурайды сәтте қас-қағым,
Аққу-ән ғарыш ғаламды.

Құдірет, ғұмыр, өр екпің,
Сыйдырып бойға ғаламат.
Суарып сазды, гүл ектің,
Қуанды қанша азамат.

Ән менен күйдің еркесі,
Семсер ең сертке бергісіз.
Елдің де сен ең еркесі,
Іздейміз аға енді біз.

Айқара ашқан есігін,
Сарайлар қалды қанша артта.
Тербетіп өннің бесігін,
Келер ме ең енді жол тартса?

Сері де өзің,
Сал да өзің,
Имеген басын ешкімге..
Маздатып отын сал сезім,
Бақыт ңен сорды қештің бе?

Әлкисса болып шешіліп,
Нұрқисса болып көсілдің.
Аңыз боп елге есімің,
Күй болып мәңгі көз ілдің.

Дүбірге толы дүние,
Төр берді саған мәңгілік.
Бұлқынған асай күйінде,
Өмірді жүрсің ән қылып.

Қазақтың Хамзині

Жаңа жыл қарсаныңда қалалық ономастикалық комиссиясының шешімімен Балқаш Мысшылар мәдениет сарайына Қазақстан Республикасының халық әртісі Мағауия Хамзинің есімі берілді. Ол осы мәдениет сарайында алғашқы онер қарлығаштарының отауын тігіп, бүгінгі “Сарыарқа” ансамблінің негізін қалап, домбыраға коптеген жастарды баулып, ұстаздық еткен еді. Мағанының данқты есімі ел жадында осылайша жаңғыра бермек.

Ой, дүлдүлім-ай,
Оралып жүруші едің жыл құсындай.
Сағынып Сарыарқаға қелген сайын,
Күй бөльшіп құба жолда құйғыдың-ай.

Бата алып Аққызың менен Өшімтайдан,
Сайрадың домбырада қаршадайдан.
Тулаған толқын атып арынды күй,
Арқырап жатушы еді кең сарайдан.

Жан едің жаны жомарт өнер қуған,
Сазымен “Саржайлаудың” бетін жуған.
Сөйлетіп Моцартты да егіз шекте,
Өзгені өнеріне табындырған.

Көзі едің ұлылардың Тәттімбеттей,
Күйге орап кең даланы өттің көктей.
Жадында туған елдің жүрер атың,
Қазақтың Хамзині боп естен кетпей.

Жарқырап көкірегің сырға тұнып,
Өнерде шежіре едің бір ғасырлық.
Күй болып актарылған тарланым-ай,
Батысты, Шығысты да таң қалдырып.

* * *

Қас өнерді пір тұтқан,
Тектілердің тұяғы ең.
Домбырада өр тұлған,
Күмбірлеген күй-ак ең.

Сенің ұлы бақытын,
Күйде қалған секілді.
Ұлы өнердің жақұты,
Билеп алған секілді.

Өнер еді мұратын,
Талант еді бір атың.
Тұтатамын өзіңнен,
Мен де жырдың бір отын.

Шертпе күйді идіріп,
Шер толқытқан дер едім.
Егіз шекке сыйдырып,
Сен ғаламды тербедің.

Сазбен өрген сапарың,
Сахараны жүр шарлап.
Туған елің, достарың,
Еске алады жыр арнап.

Күлтегінің рухын іздедің бе?

Серік Аксұңқарұлына

Көз жазбаған мәңгілік мұраттардан,
Шабыт қысса лапылдаш жыр ақтарған.
Рухымды жаныған қыран дауыс,
Саңқылдайды ғаламшар құрақтардан.

Мұнға алдырмай ойынды нұрға бөлеп,
Ақ қағазға түсірдің тыңнан өрнек.
Ақтогайдан – Арқадан қанаттанып,
Самғап үштың арқанда өлең – бөбек.

Жүргіне жай отын қондырғанда,
Алашты ойлап қанатын талдырғанда.
Ауылына Абайдың Серік ақын,
Жыр тұлпарын сонда бір шалдырған ба?!

Деп қаламын өзінді мәрт мінездім,
Бұл ғасырдың мінезін тәркіледің.
Адам ата – Хая ана айтқан сөзді,
Періште өлең пейіштен шерткен едің.

Күлтегінің рухын іздедің бе,
Көктүріктің түсіп бір іздеріне.
Ат шалдырып оған да өткендейсің,
Шайырлармен тілдесіп түркі елінде.

Көз жазбаған мәңгілік мұраттардан,
Дауыл сезім лапылдаш сыр ақтарған.
Рухымды жаныған ақ берен жыр,
Саңқылдайды ғаламшар құрақтардан.

Абзал ақын

Абзал ақын,
Сырға тұнып сырбаздау қозғалатын,
Ол емес-ті кергитін, сыйданатын.
Атағынды, даңқынды қызғанатын,
Мінезі бар жібектей қыздай ақын.

Шыңға тігіп жанарын шабыттанса,
Жанар таудай тереңнен қозданатын.
Мен білетін сол еді
Абзал ақын,
Абыздайын сөйлейтін, маңғаз ақын.

Жамылмайтын ешкімнің жалған атын.
Ақтогайдан кетті үшып Алатауға,
Жалғаймын деп киелі Жыр қанатын.
Биіктетін азамат Абзал атын.

Адалдық деп,
Шындық деп толғанатын.
Сен үшырган жырлардың талмасын деп,
Тілеп жүрем қашанда жez қанатын.

Елге деген сүйтпай махаббатын,
Тигізбекші талайға шапағатын.
Мен білетін осы еді – Абзал ақын,
Елінің де шығарған абзал атын,
Биіктеге самғай бер азаматым.

Ой орманы Менің дертім

Дертің қайсы десендер айта аламын,
Дертім қазақ мәңгүрті байқаганым.
Көрге тығар басынды төрден сүйреп,
Билік тисе мәңгүрттер байқа, жаным.

Түсінбедім заманның сайқал заңын,
Түсінемін туған тіл шайқалғанын.
Түзелер деп жолы ауыр керуенді,
Өздеріне дөл бүгін айта аламын.

Дертім көп қой, дертім көп байқас жаным,
Мың дертімнің қайысын мен айта аламын.
Тілім мұкіс, жаралы жүрегім бар,
Жан дауыспен жапанда айқайладым.

Бауырымды тіледі тастұлегім,
Шұбар жылан іштегі қаскүнемім.
Туған тілдің мәйегін сезбей өскен,
Мәңгүртінді мәпелеп тапшы емін.

Амал қайсы, қайсы амал айтшы маған,
Ана тілде сөйлейді қазақ қашан.
Әжесімен немере шүлдірлесет,
Кай қорлығың бүл бізге, о, жасаған!

Заман

Заманнан да, заңнан да жасқанамын,
Жасқанбасқа қалмады басқа амалым.
Жалғыз қалған жапанды жан сияқты,
Жабыққанда жанымды жасқа мәлдым.

Коғамнан да, құлдан да қауіттенем,
Жоқ қайғыны, жоқ жерде тауып келген.
Еңсем биік, егемен елмін ғой деп,
Болашаққа әйтеуір үміттенем.

Тірлігім бар, сірө, ешкім қызықпаған,
Білімім бар жаныма азық дейтін.
Топырағы өкшемді қыздыратын,
Тұған жер бар өмірлік қазық дейтін.

Өлеңім бар өзіме қуат берген,
Сүрінгенде жабығып жұбатты орден.
Сенгім келед, сеңемін болашаққа,
Шабытыма сол сенім қанат берген.

Толғаныс

Сәлем бердім тобырға, тоң мойынга,
Ішкен-жеген басқасы жоқ ойында.
Пысықтар жүр толтырып құлқындарын,
Ойламайды өшқайсы-ел жайында.

Аш-жалаңаң халқың жүр битін сорып,
Шенеуніктер шадқаяр шенін қорып.
Депутаттар сөйлейді мінбелерден,
Қара сөзben қалтқысыз орақ орып.

Нағыз дейтін аламан заман туды,
Занды-зансыз әркім бір амал қуды.
Артын жуып есектің мал табам деп,
Ақымақтар байқаусыз ішкен у-ды.

Алып-қашып, жүлқып жеп таласатын,
Ісі түссе бет-аузын жаласатын.

Бір тобыр жүр органды ойып-жарып,
Болашаққа өзінше жол ашатын.

Зәрлі заман кәр шашып түнереді,
Занғар таулар ой кешіп жүдер енді.
Биіктерді биік деп түсінбекен,
Бишаралар төменде күндер еді.

Құлан сағым сырғыған далада кең,
Құлазиды көңілім алабөтен.
Жауап іздең отырам бұл күндері,
Өлишенер деп өмірдің нарқы немен.

1996 ж.

Бұрынғы ел ағасына
Жақсы менен жаманды жатқа біліп,
Ширек ғасыр отырган таққа мініп.
Хатшы ағамыз көтерген жүк те ерекше,
Жүрмейді ғой әрине, аққа күдік.

Біреулерге жарылқап тізгін берген,
Біреулерді тұқыртып тізгіндең.
Былығы мен шылығын көрсө-дағы,
Болған жоқ қой хатшыға “сіз кім?” деген.

Түсін халқым, бәрін де зерделегін,
Елің үшін азамат терле тегін.
Байлық, мансап бәрі де алдамшы ғой,
Карғыс айттып жүрмесін ертең елің.

Аласарған жоқсың сен
Тал бесікті тербеген өуенімен,
Әлдилеген жанымды бала күннен.
Ақ сүтіндей анамның қасиетті,
Жаным бірге қашан да ана тілмен.

Баба тіл деп, ал бірде дана тіл деп,
Еркеледім бір мәзет ана тіл деп.
Сөуле шашып санама сәби күннен,
Жүрегімде жайқалдың дара гүлдеп.

Үлбірекен арудың ажарындай,
Сұлулығы жастықтың базарындай.
Менің туған халқымның көсем тілі,
Сөйлем кетсе шайырлар ғазалындай.

Абай, Мұхтар сөйлеген шешен тілім,
Махамбеттей от шашқан семсер тілім.
Аласарған жоқсың сен,
Аласарма!
Сен еңкейсөң түседі еңсем бүгін.

Тіліме берші тендікті
О, жаратқан!
Тіліме берші тендікті,
Жаулап бір алмас жердегі ұлы ендікті,
Мүмкіндік берші, Тәнірім,
Сақтап бір қалсын қазақы үлттық елдікті.

Шешен тілім,
Мәрт тілім, мәртебелі,
Сенің күйің жанымды өртейді әлі.
Марапаттап, мадаққа жеткенменен,
Ана тілге ата жұрт шөлдейді әлі.

Мәртебе, бердік,
Мән бердік,
Бәрін де соның жөн қөрдік.
Алқалы жиын, мінбеден,
Қазақтың тілін кем көрдік.

Жаулайды оңашада ойымды мұң,
Білмеймін болашағың бұлдыр-ау тым.
Жаландап жан-жағында жұтынады,
Көздеген байлығынды сұғанак сүм.

Тілім, дінім деп ұғын ұлттың мәнін,
Тілің барда естисің бабаң үнін.
Рухың да сол болар, намысың да,
Оны жойсан болар-ау, қараң күнің.

Ән

Әншіл көңіл өннен ғана жаралған,
Әсем өннен кәусар шабыт нәр алған.
Әуелетіп Әсет салған ән бе екен,
Шымыр-шымыр тулас болға таралған.

Сенің тылсым құдіретің бар шығар,
Сенсіз мынау қек аспан да тар шығар.
Осы өмірде әдемілік болса егер,
Оның аты — ару мінез ән шығар.

Сұлулықтың көгіндегі күнісің,
Көңілдердің көктемісің, гүлісің.
Қол соғады алақандар кептер боп,
Сайрап берген бұлбұл көмей үн үшін...

Ару жыр

Әлдилейді журегімді ару жыр,
Ару жырдан тоят қылдым дәру сыр.
Жазбаймын деп ант етемін ағайын,
Мезі қылар, жүйкені езер жауыр жыр.

Азабы ма, назасы ма білмедім,
Ару жырдың алдында тіл күрмелдін.
Өзімді ақын сезіндім ба, бір мезет,
Сұнқар жырга гашық болған күйге ендім.

Сұлу сөздің құпиясын аңғардым,
Сырлы сөзде үктүм-ау бір “зан”барын.
Сөз тасқыны төгілгенде көмейден,
Сымбатына сұлу жырдың таңқалдым.

БАЛАЛАРЫМ, БАҚЫТЫМ

Өмірімнің аумаған жалғасы боп,
Жүргімнен үш түрлі арна шығат.
Бірі – Мұқтар, бірі – Аскар, бірі – Баян,
Дарияға құймақшы алғаш рет.

Талпынады үш бұлақ, алқынады,
Күші болар олардың жойқын әлі.
Құзарынан кеудемнің бастау алып,
Шайқалмаған тұнығы мөлдір әлі.

Үш бұлағым, үш өзен барым олар,
Жаңа шыққан қауызын жарып олар.
Ұқсап бүгін саялы бәйттерекке,
Үшеуіне тілеймін: жолын онғар.

Балаларым, бақытый, барым сөндер,
Сендерменен жайқалып өмір гүлдер.
Куатым боп, үшеуің мұратым боп,
Сендермөнен өмірім көңілденер.

Әке болып, біріне ата болып,
Ата десе жүрегім жатады еріп.
“Жолың болсын, жортқаңда құлыным”, деп
Әрқайсыңа келемін бата беріп.

Махаббат моншактары

Загираға

1

Тұсімде сені көрдім, күлімдейсің,
Күлімдейсің, тек қана үндемейсің.
Қолында құшақ толы жүзімің бар,
Сызылып соны ғана үзіп жейсің.

Ұмтылам мен өзіне,
Күнім деймін, .
Сыйлайын жүргегімнің гүлін деймін.
Арада асу бермес өзен жатты,
Сұңғимін оған дағы бөгелмеймін.

Алқынып ала қашқаң арманым-ай,
Алдыңа келем жетін қарағым-ай.
Алыстап менен тағы бара жаттың,
Бұлдырап көк теңіздің жағасындар.

Қолында шәйі орамал желбіреғен,
Жүргім қала берді елжіреумен.
Сезімнің жағаласқан дауысымен,
Жас тамды жанарымнан мөлдіреғен.

* * *

2

Керіліп күміс ай-қасын,
Күлімдеп өзіл айтасын.
Теніздей сезім тербеліп,
Қайығын жырдың шайқасын.

Құлындаі мүсін құлпырып,
Көзінде түр-ау сыр тұнып.
Деміннің сезіп алауын,
Жүрегім кетті бұлқынып.

Өмірді түгел ән қылып,
Жар еттім сені мәңгілік.
Жарқ еткен сол бір дидарға,
Фашық бол жүрмін мәңгілік.

* * *

3

Сені ізdedім күзгі күміс бақтардан,
Сені ізdedім тымық тұннен, ақ таңнан.
Сая болған ақ қайыңға анау бір,
Жүрек сырын еғіле мен ақтарғам.

Сені ізdedім сәулелі бір шақтардан,
Өзің болдың мендегі алау тәтті арман.
Қылықтарың өлі маған көрсетер,
Әлдекашан көкіректе жатталған.

* * *

4

Қызғалдақты, сиренъді де сыйладым,
Тау гүлін де, саған арнап жинадым.
Сенің мынау жанарыңды, мойылдай,
Мұңайтуға қимадым.

Қозың едім сағынышын жолдаған,
Қыз Баян да сенен артық болмаған;
Сенің мынау жанарынданай нәркес көз,
Әпоста да болмаған.

* * *

5

Қап-қара көздер мойылдай,
Қарап бір қалам тойынбай.
Тұңғиық жанар түбіне
Батып бір кетсем, арман-ай.
Қап-қара көздер мойылдай...

Еліктің үркек лағынданай,
Өзінді жаным сағынды-ай.
Жүрмісің сен де сезімнің,
Ырқына түсіп бағынбай.
Мәлдіреп көзің мойылдай....

* * *

6

Гул едің Лала коктемгі,
Жүзінді аппақ өпкем-ді.
Мұңайып мойыл жанарын,
Айтушы ең небір өкпенді.

Гүлім-ау, қанша көрмедім,
Сағыныш сазын шертемін.
Өзіңмен еркем жүріп бір,
Даланың ғүлін термедім.

Өзің де керім ерке едің,
Сүйгізіп жанды өртедің.
Албырап алма, ай жузің,
Көңіліме жанат көрік едің.

Алыстап кетті арай күн,
Жаутандаш жолға қараймын.
Аңсаттың жанды тым ұзак,
Келесің қашан арайлым.

* * *

7

Келсем бір аңсап кешкүрым,
Ұяла басып шықтың сен.
Төгілген мақпал қос бұрым,
Аймалап сонда құштым мен,

Құлкіңе баттым күнәсіз,
Көзіңе тоймай қарадым.
Білегінді аппақ аялсызы,
Мөйныма әкеп орадың.

* * *

8

Ақ тымық тұн шуағына шомылып,
Асыға бір тосушы едім сағынып.
Ағыл-тегіл ақ жауындар астында,
Ақ қайыңтың жапырағын жамылып.

Мақпал тұнді мазалады таң келіп,
Майса самал бұрымынды кетті өріп.
Мөлдіреген жанарындан жалт етіп,
Жалғыз тамшы жүргіме кетті еніп

* * *

9

Есімде сонау бұла кез,
Есімде сол бір қара көз.
Ең алғаш маған үяндау.
Еркөлелеп айтқан жылы сөз.

Есімде сонау ақ қайын,
Есіңе сен де сақта айым.
Ең алғаш сені аймалап,
Ерніңнен сүйген шоқтайын.

Сүйкімді қыз ең, жүзі үян,
Сол бейнең есте қалды аян.
Сен сүйген Қозы мен болып,
Сен болдың маған Ақбаян.

* * *

10

Сол жылдардан көп еді ғой, көп белгі,
Қызылдақ та қырға бітік көктеді.
Екеуміздің көрші қонып үйіміз,
Бізге уақыт жақсылығын сепкен-ді.

Бақанға да барушы едік жиі тым,
Бөлінбейтін иығың мен иығым.
Сезем мынау қызыл ерін гүл түсті,
Сенің маған ұсынатын сиың-тын.

* * *

11

Көп жыл өтті салқын тартты санамыз,
Оттай ыстық жастық шақтан алысады арамыз.
Кейде жұмбақ сыр ұшығын ұға алмай,
Ойға шомып, мұңға батып қаламыз.

Орман ойлар адастырса мені ылғи,
Қол созасың жолбасшым боп сен ылғи.
Шабытима жігер беріп жүресің,
Қадірінді біледі деп менен артық кім ылғи.

Кешір, қалқам, түсінбеген бар кезім,
Бірақ, бірақ кіршік щалмай жайқалады пәк сезім,
Мына өмірде мен сүйетін жан болса,
Періште қыз,
Періште қыз бір өзің.

Шопан қыз

1

Ақ жауындар тәккенде кірпік ілмей,
Ақтылы қой күзеттің бір жігіттей.
Бота көзің күлімдеп тұн тұнекте,
Маған тұннің көріндің еркесіндей.

Қатпа қыста қытымыр қар жамылып,
Тор дөненмен қой жайдың қыр сағалап.
Долы дауыл жүлқылап бұрымынды,
Жапалақтап ұратын қар сабалап.

Боранда да, дауылда дамыл алмай,
Арпалысып жүрді қыз өрімталдай.
Өрімталдай қайсар қыз барады әне,
Өрге тартып сенімнің жүгін талмай.

* * *

2

Аңсадым сені шопан қыз,
Көрікті бейне ашаң жүз.
Қындау биыл тиді ме,
Қаһарлы қыс пен қатаң күз.

Мойымай күліп жүрмісің,
Құлпырып құлын ғұл мұсін.
... Аңсайды менің жүрегім,
Ботакөз балғын құрбысын.

Күмістей күлкің өлі есте,
Сағынбау мүмкін емес те.
Сарала күз де сонау бір,
Қыдырған қоңыр белесте.
Күмістей күлкің өлі есте...

* * *

3

От еріннен, өрт еріннен бал емін,
Жүрдік біздер пәк сезімге бөленіп.
Жанарымды жаулап алған ақық нұр,
Жүргіме бірте-бірте алды еніп.

Сен дегенде бөлек еді шығар жан,
Көкіректе тұнушы еді ақ арман.
Арманым боп ұзақ жылдар дарига-ай,
Жұлдыздайын ағып түстің жанардан.

Қыз қөктем

Бүрме көйлек тізеден сөл жоғары,
Ашық екен, көрікті екен ажары.
Бұлтияды шәйі көйлек ішінде,
Балаң қыздың төңкерілген анары.

Қыз – қөктемнің өсері ма бұл өзі,
Шаттық толы көрінеді қөздері.
Қытықтайды жүрегімді тылсым үн,
Көктем қыздың сыбырлаған өр сөзі.

Қыз бен қөктем, қөктем мен қыз алмасып,
Бара жатыр жер дүние бір өуенге жалғасып.
Арасында жасыл нұрдың балаң қыз,
Толықсиды аяқтарын паң басып.

Көніл көгіндегі

Әке

Жиі енесің тұсіме өзің енді,
Қыспағына алғанда өмір мені.
Сенің бейнең, жан әке, айбарым боп,
Үмітімнің шырағын сөндірмеді.

Елегзиді кей-кейде жаным менің,
Жүрек шіркін лұпілдеп нені іздедің.
Балалық па, білмедім, тарыққанда,
Тарыққанда, жан әке, сені іздедім.

Бір үмітті жалғадым, бір үмітке,
Жол бергенде сүрініп жүз күдікке.
Өзің берғен өсиет жолбасшым боп,
Мені бастап келеді ізгілікке.

Анама

Сарқылып мына менен төзім деген,
Ауыр ойдан серпіліп көз ілген ем.
Көрдім сені жан ана тұсімде мен,
Жанарында жас тұрды дірілдеген.

... Боркемік боп кеттің бе, ұлым неден,
Көрем бе, деп жүруші ем тайынды өрден.
Шулы өмірдің төтемей ағынына.
Кеткениң бе осылай мойып бірден,—

-дедің солай жан ана толмай ішің,
Құп алмастай ұлыңдан қылған ісін.
Айтшы маган қарлы шың, туған даала,
Перзентіңнің жоры да көрген тұсін.

Өнім едің ақ қанат талмайтұғын,
Сендер ең ғой ғұмырды жалгайтұғын.
Аңсап ұшқан жыр көғін ұлына ол,
Арнаса тек жүрегін арнайтұғын.

Тауға соғып топшымды жараласам,
Тауым қайтып сонда мен тұраласам.
Өлең мені кешірме, кешірме анāм.
Амандығын ұлыңның сұрама сен.

Жүректегі арман

Әскери міндетін орындап жүріп,
мезгілсіз қаза болған інім
Ержан Башарұлына.

Сағым қуып Сарыарқа төсінде кең,
Ойнақтаған маралдай еркін өсken.
Алау жастық сен жайлы шертейін сыр,
Кең даламның төсінен қаздай көшкен.

Зенгір аспан, занғар шың досы болып,
Карлы дала аумаған қосы болып.
Жүрсе-дағы ұзак құн қой соңында,
Махаббаттың маздады ол оты болып.

Сүйгені оның болатын құралай қыз,
Ол жайында таңдардан сұрағайсыз.
Сан сапарға шығарып, қарсы алатын,
Шуақ құсап құлпырып, нұр арай қыз.

Балалықтың, пәктіктің балын бөліп,
Олар бірге өсіпті жалын болып.
Қос жүрекке дарыды, дарыды анық,
Ақ махаббат киелі сезім қонып.

Жайсаң еді, дейтүғын жолым анық,
Жойқын еді жататын толып-ағып.
Еңбек жолын енді-енди бастап еді,
Шопан ата таяғын қолына альп.

Ол оңайға үздігіп, үздікпепті,
Қыран қиял жүргендे жүзіп көкті.
Қатал тағдыр аямай гүл ғұмырды,
Мезгілінен тым ерте үзіп кетті.

Тұған жердің төсінде жатыр адам,
Жатыр жастық ерлігі таусылмаған.
Ұлы көшін өмірдің өрге сүйреп,
Қалғып кеткен секілді дамылдаған.

Ол баспаған қалалар, далалар бар,
Ол көрмеген аналар, ағалар бар.
Ол шықпаған мұзарт шың, қарлы таулар,
Ол ашпаған белгісіз бар аралдар.

Балалықтың, пәктіктің балын бөліп,
Олар бірге өсіпті жалын болып
Қос жүрекке дарыды, дарыды анық,
Ақ махаббат бақыттың бәрін беріп.

Қыз көктемнің қырмызы ғұлін жиып,
Нұр көктемнің бүрінен бұрым түйіп.
Мен білмейтін мұнды бір бейтаныс қыз,
Қорғаныңа келін жүр басын іп.
Бейтаныс қыз жанардан жасын құйып... .

Мінездері-ай адамның

Мінездері-ай адамның,
Бәрі өзінше айтады екен адалдық.
Бәрі өзінше жасайды екен жақсылық,
Жақсылығы алдынан шықпайды екен қас қылып.

Бұл адамның қойсаңпы мінездерін,
Өздерінің білмейтін мерездерін.
Шалдуардың тілімен сөйлейді де,
Данышпанға балайды тек өздерін.

Кейбірі құбылады қу тулкідей,
Кейбіреуі қутындар сүм түрткендей.
Енді бірі тұрады кесіп-пішіп,
Мықтылығы еңкейіп к... сүрткендей.

Достық

Марқұм Сәкенге

Адал досқа төрімді келем беріп,
Адал досқа табындым тәнір көріп.
Зұлымдыққа қап-қара шашын жайған,
Уа, достық, сен барда берем бе ерік.

Қастерледім мен оны сүйіп кілен,
Махаббат па?
Өдан да биік дер ем.
Ізетпенен алдына қадір тұтып,
Достыққа адал басымды иіп келем.

Достық барда жаңымды аялғаң,
Жан сырымды бәріңе жая да алам.
Ізгілікті бойына ғұл ғыпеккен,
Қадірле тек достықты, аяла, адам!

* * *

Жылдар бойы жүретін тыншымды алғып,
Арманымның биғі сенсің бе анық.
Жанарыма от болып лақтырылған,
Жалыныңа мен журмін қуйіп-жанып.

Жылдар бойы ой-санамды тоздырып,
Көкейімді өртеді-ау, бір нәрлі үміт.
О, періште!
Олең елі армысың!
Саған келем ат арытып, шалдырып.

Сері күндер жасқа тән өттің білем,
Серке күннен қалған бір отты көрем.
Сан соқтырып өттің-ау,
Қайран жастық,
Сырбаз өлең, сан шабыт кетті білем,

Құмар күннен қуат ап, ой қуамын,
Түсінбеген күнім қеңі қайғы мәндин.
Ай-хой, жастық!
Алқынып қайта оралсаң,
Дүйім елді гүлетіш той қыламын.

* * *

Барама екен шіркін-ау, жас үлкайып,
Сертпен, сөзден тұрамыз біз де тайып.
Өмір – ғайып,
Болмашыға қаламыз ерте тойып,
Сырымды үқшы, ей өмір, көңіл қойып.

Мына өмірден алмақшы-ем ёншімді ойып,
Өмір – ғайып,
Зулайды екен өзінше талап қойып,
Талабыңнан табаным кетсе тайып,
Кінә қойма өскен ел, етпеші айып.
Өмір – ғайып,
Болам ба деп ұмтылдым ерге лайық,
Кайда Ертіс, шіркін-ау, қайда Жайық?..
Киялыңнан батырым болар айық.

* * *

Жүрегімнің сездің бе қызу кезін,
Ерітетін тоңын да мұзын ненің.
Өтіп кеткен секілді жаңбырлық жаз,
Сезінбеймін жүректің қызу лебін.

Бұрынғыдай лапылдал, күйіп-жанып,
Өмірге әлі құштар ма менің жаным.
Откенге жоқ секілді сағынышым,
Болашаққа бар әйтепті асығысым.

Кейде осылай мұңға бой әлдымын,
Өзімді де жиі мен жазғырамын.
Жазар кезде жазбаған, жазылмаған,
Оралмайды екен-ау, жаңбыр әнім.

* * *

Сапарға шықтым тағы да,
Тоқтаусыз ұзақ жолдармен.
Келемін аңсап сағына,
Қауышар шуақ таңдармен.

Тандайдан шаңы бүркырап,
Ағады жолдар тоқтаусыз.
Өтіп бір кеткен зырқырап,
Күндерім қалды-ау жоқтаусыз.

Мәнді де, мәнсіз жол шектім,
Арайлы күнге ұмтылып.
Жақсылық іздеп тер төктім,
Жүргегім жанып, бұлқынып.

Барады өтіп күндерім,
Баянсыз мынау жалғанда.
Жүргегім саған не дермін,
Жалғанға енді алданба.

Әшім аға

Бірде тулап, бірде аунап өтті өмір,
Тыныш күні жүлдyz ақты көкте бір.
Мәңгілікке шығарып сап бір ұлын,
Жатыр өксіп Арқа деген текті өңір.

Бір басында мол еді ғой қіслік,
Істерінде бар еді-ау, бір ірілік.
Жарқылдаған ажарынды көргенде,
Әр сезінен қалушы едік сыр ұтып.

Қу тірліктің қызығын жан сарқар ма?
Бір қасірет, сірә, бастан тарқар ма?
Жетісудан арман құып, Әш аға,
Келгендейсің кеше ғана Арқаға.

Бәйтеректей бұтақ жайған саялы ен,
Дос-жаранға жайдары едің, аялы ең.
Соқпағанда сүм ажалдың дауылы,
Сен тұғырдан, Өшім аға таяр ма ең?!

Суретші

Өміркелді Әбеуовке

Хас суретші толғандырды мені көп,
Он саусақтан төгіледі не бір гәп.
Кейде ертегі, кейде қиял, кейде арман,
Жетелейді тылсым ойға керемет.

Сиқыр сурет сылаң қағып арбайды,
Сөүле шашып қиялымды жалғайды.
Кеңістікте кескінделген кестелі ой,
Өмір жайлы мәңгілік жыр толгайды.

Үшқын шашқан сезімнің бір жарқылын,
Бөлкім, бөлкім ойдан өрнек қалқыдың.
Бір ғаламат кеңістікте кестелі ой,
Үқтырады мына өмірдің салқынын.

Он саусақтың құдіретін үқтырып,
Тұрғандайсың пенделікті ықтырып.
Шұлы өмірді нар кілемге сидырған,
Қас өнерге тагзым еттім тік тұрып.

Жұқарды жүйкем

“...Өзіңе сен, өзінді алып шығар
Еңбегің мен ақылың екі жақтап...”

Абай.

Неге сонша жұқарды жүйкем менің,
Айтшы қалқам, неге мән жүйкеледім.
Болмашыға бүркүлдағ күйіп-жанып,
Таусылудан шаршады діңкем менің.

Жеткізбейді бір сағым, арбайды анық,
Арманым да, жырым да шалғай қалып.
Күйбеңіне тірліктің тұтқын болып,
Қаламым да қалғандай тұр байланып.

Емші! Ханым, сен айтши, аңғардың ба,
Не бар екен жанымның занғарында?
Тамырымнан дүркіреп аққан қандар,
Не бар дейді, ертеңгі тандарымда?

Тамырымның тыңдал болып лұпілін,
Төүіп Ханым айтты маған үкімін:
— Алғыс та бар, қарғыс та бар басында,
Сатқан екен қасың түгіл, досың да,
Жолыңызда кедергі тұр осынша...

Қалдым үнсіз, ойға батып бір түрлі,
Жанаарыма мөлдіреп жас іркілді.
Ал, жүргегім сыймай мынау қеудеме,
Аласұрды, бұлқынды...

Өзіме аян жүрген жолым — белесім,
Сүрінген де, жаңылған да бар гой кезім білесің.
Бар адамға тілеуші едім жақсылық,
Қай ант үрған маған қарғыс тіледің?

Сатқындықты көрдім рас, қасым түгіл, досымнан,
Сеніп өскен жан едім, адал досқа жасынан.
Қастықпенен дүшпан сатса, түк емес,
Досың сатса, дүниеде со жаман.

Кезең бе, екен келген жерім тым биң,
Шатқал ма екен, ор mà екен,
Аяқ асты тұңғиық.
Жолыма не кедергі,
Қарсы алдымда тұргандаій ма бір түйік?

Неге, неге, неге мен қапаландым,
Ұмыттым ба, өмірдің қатал заңын.
Кедергіден шегінген кезім бар ма?
Жалған ба, әлде жақсыдан бата алғаным,
Күрестерде шындалып от алғаным...

Арпалыстым, ой құдым кірпік ілмей,
Сан саулға тірелдім кілтін іздей.
Жұмбагы мол өмірдің өткелінен,
Келем өтіп жақсыдан күдер үзбей.

Дүркіреген дүние өтер, кетер,
Замандарға ақынның сөзі жетер.
Күншілдікпен пендениң озғаны жоқ,
Уақыт сыншы, бәрін де со түзетер.

* * *

Бір күнім ұқсап бір күнге,
Жалықтым босқа жүргенге.
Козіме мақтап біреулер,
Мәз болдым өтірік күлғенге.

Жүргендей тауды құлатып,
Өзімді келдім жұбатып.
Күндерім қанша текке өтті,
Байлығым екен уақыт.

Алтынға балар өр күнді,
Бір сезім кештеу жаңғырды.
Қайтесің, енді көнестің,
Жазғырып сәтсіз тағдырды.

Сейіліп сері күндердің,
Тұманы баяу тарады.
Көктемнің соңғы жаңбыры,
Өлкеме қайта оралды.

Көкшे көлдің самалы

Жүргімде бір от бар өлең деңен,
Соны қаузап көнілім қемелденген.
Мұң шағамын, сыр шертіп соған ғана,
Жарасын да жанымның сол емдеген.
Сұлу сөзді ойнатып қамшы өремін,
Ақ қағазға мөлдіреп тамшы өлеңім.
Зеңгір аспан, занғар шың, туған дала,
Сырынды жырға төгіп көмкеремін.

I-бөлім

Сәмбі талдар сәукелелі....

Aсау Балқашым-ай
Асау теңізім-ай,
толқыны жағаны ұрған.
Тосіңе телміріп ай,
айдынға бетін жуған.

Бұғынып қалтарыста,
Бертісің түнереді.
Жоғалған жолбарыс та,
тусіңе кіре ме енді?

Қондырып күнді ұяға,
жұлдыздар жымындақсан.
Жағада қамыс-қоға,
толқынмен сыйырласқан.

Долданып қара мұржа,
тұтіннен бұлт өреді.
У жұтып дала мырза,
тұншығып күн көреді.

Қайырсыз анау аспан,
күтпе одан жақсылықты.
Сайқалдай ернін тосқан,
көрсетер жат қылышын.

Бектауата

Жапанда жалғыз тау шынар,
Далама болған бой тұмар.
Оранған қырда боз мұнар,
Киелі биік сол шығар.

Көлге де төніп сұқтана,
Қарайды көкке шашылып.
Тәкөппар шыңдан ықты ма,
Тәбелер кеткен жанишылып.

Қыздырып күнге жотасын,
Қақтайды төсін жап-жалтыр.
Баурайы балқып жататын,
Билеген қайың ақ балтыр.

Балағы бүйра көк тогай,
Биігі тұттай жалаңаш.
Шағылым шынға күн мен ай,
Ұялтар көзді ала қаш.

Көзге ұрып күндік шалғайдан,
Көгілдір нілге оранар.
Тау менен дала жалғайды өн,
Фашықтық өнге пара-пар.

Сағымға сіңіп жоғалған,
Мұнар ма дедім кейде оны.
Төсінен жердің нөр алған,
Шынар ма дедім кейде оны.

Сан рет келдім саяңа,
Биіктік жайлы білсем деп.
Биігің болса аяла,
Биіктің парқын білсін деп.

Тасып жатыр Тоқырауын
Қағып толқын қонырауын,
Тасып жатыр Тоқырауын.
Ақ толқындар жағаласып,
Ай сәулесін ала қашып,
Қырдан-қырға барады асып.
Сәмбі талдар сәүкелелі,
Толқын ойнап еркелейді.
Шулап желмен сартерегі,
Көктем қыздан ғұл тереді.

Асау өзен жөңкіледі,
Толқын тулап желпінеді.
Бауырына алып күміс ерді,
Шу асаудай мөңкігені.
Бұзып жарып кимелеген,
Тентек ағыс билеп ерен,
Көпірінді қағып өтіп,
Ұмар-жұмар сүйрелеген.

Қол соғады құмай дала,
Қылышы оның ұнайды ана.
Тентектікті тектіліктің,
Белгісіне балайды ана.
Сыймай ағып арнасына,
Шапшиды екен жар басына.
Қояр емес кернеген күш,
Көкше көлге бармасына.

Алқынады асау өзен,
Құм құрсағы тұсау кезен.
Сол есіне түсті-ау әрең,
Басып қатты солығын да,
Келмей қайта қалыбына,
Жатты сіңіп долы құмға.
Құм астымен барады ағып,
Періштедей тазаланып,
Көл – Анаға жолығуға,
Көл – Ана да сағынуда.

* * *

Косілетін даланың күйі қандай,
Күмбірлесе “Саржайлау” ұні балдай.
Арғымағың астында барады ағып,
Ат дүбірі күй болып құйылғандай.

Кестелейсің жотаны кең өуенмен,
Құмар едім далаға мен өуелден.
Тұяғынан тұлпардың күй сорғалап,
Қоңыр кешке құлашы жыр өлемнен.

Дала деген домбыра мамырлаған,
Адамдардан сор мен сый қабылдаған.
Өзегіне жинаған оксігін ол,
Күй тілімен айтады, зарын сағаң.

Арман далам!
Адамға ең тарылмаған.
Зарынды да,
Кешір, кеш қабылдағам.
Дала сенің перзентімін деуім қате,
Ұлың болып өзінді сағынбағам.

Қыс суреттері
Толқындар жоқ ойнаған,
Шағала да үшпайды.
Боран үйтқып қоймаған,
Бәріне енді қыс қайғы.

Мұз құрсанған кол беті,
Түнереді тұксип.
Жалтыраған мұз бетін,
Аяз ғана жүр сүйіп.

Ақша қар қандай сөулелі,
Айнала аппақ нүрға енді.
Алтыннан алқа тағынған,
Арулар сонда көргем-ді.

Алаң ғып мені қанша ойлар,
Жанымды кейде ән жайлар.
Ақша қар жауған сол күнгі,
Арулар қайда, қайда олар.

Қыстың ғажап келбеті

Қыстың ғажап келбетін ұнатамын,
Содан ғажап ерекше қуат алдым.
Сүт сөулеге оранған қарлы қыстан,
Шабыт ізден өзімді жұбатамын.

Дауылды аңсап тұрады жаным кейде,
Алай-дүлей ақ боран соқса дей ме?
Ақ түтекке оранған қарлы дала,
Ақ қағазға өлең бол төгілмей ме?

* * *

Ақпаным-ай,
Ақыршы, ақыршы бір.
Мазамды алып кіл өңкей,
Ақылшы жүр.
Сенің қатал айбарың керек маған,
Ашуынды ақпаным,
Шақыршы бір,
Ақыршы бір.
Алай-түлей дауылды,
Сапыршы бір.

Ақ түтекті жамылып,
Ақ далада
Ақ қанат жыр
Ағылып,
Жосылшы бір.

* * *

Кәрі қыстан көр кетіп,
Жас жуады жанарын.
Көктем ару тербетіп,
Әдіштейді ажарын.

Фашық болып ояндым,
Бүршік жарған көктемге.
Шақырады аяулым,
Гүлге оранған бөктерге.

Балаң қайың қалған ба,
Шашын түйіп бой жетіп?
Терек сүйіп алған ба,
Қайың қызға ой кетіп?

Дірілдейді қыз көктем,
Үзілердегі бұлқетсөн.
О, ғажайып!
Күн көктем,
Сұлу едің сен неткен!

Фашық әнін тербеткен,
Фашық болып ержеткен.
Мен де сенің ұлың ем,
Махаббатқа серт еткен.

Қасқырлар

Қаңтар еді, даланың аязы кем,
Сонар тұскен мезгілдің таяғымен.
Ақ сонарга із тастап үялды арлан,
Із кешеді мал-жанның тұяғымен.

Көңілімді жүргенде өртеп өлең,
Қара қасқыр естігем ертегіден.
Кекбөрінің болса егер өз тұқымы,
Қара бояу жамылmas ол тегіннен.

Қыңыр келіп сол күннің сонарына,
Қалды ілігіп аңшының назарына.
Итшілеуді білмейтін бөрі мінез,
Сезді білем жалғанның озарын да.

Аң аулайтын тұз кешіп аңшы деген,
Аң кумаса көңілі көншімеген.
Ақ далада мендей боп қара қасқыр,
Қарсы алдынан мұншалық жөңкімеген.

Қара қасқыр жотасы күлтеленген,
Зерттер оның тұқымын кім тереңнен.
Қара қаншық, қара арлан қарлы қыста,
Қылшық жүні құлпырып бертеленген.

Мерген еді аңшымыз қапысы жоқ,
Бір тартатын екі атар қақысы жоқ.
Қарауылға ілігіп қара қаншық,
Арланды да құтқармай ұшырды оқ.

Қаншығымен қатар сұлап жатты арлан,
Жарқыраған көзден үшып бу жаіған.
Ыза қалды әзуында ырсиып,
Сұс береді қан төгілген жанардан.

Арлан болар, бәлкім, алты қар басқан,
Кекшіл көзде түнереді зерлі аспан.
Ал соңында қалды ұлып,
Бөлтіріктер түңғыш рет қар басқан.

Көктем жырлары

Қызың көктемнің көзінен сыр аңғарып,
Күлімдейді жан біткен құмарланып.
Сыңғыр қағып,
Бұралып тау бұлағы,
Тамылжиды тамаша бір ән салып.

Алтын кірпік таң атты арайланып,
Тағы келді қызың көктем шыр айналып.
Көрі тогай жасарып кеткендей ма?
Кеткендей ма,
Сұлудан басы айналып?

Омырауы бусанып Жер-Ананың,
Тартып жатыр дәл мендей жыр азабын.
Көктем қыздың қолынан шарап алып,
Мен өзіңе тағы да жыр жазамын.

* * *

Омырауы исініп,
Тәнеді бұлт тәскейге.
Дала жатты сүйсінін,
Кеудесінде шыт жейде.

Кеудесінде шыт жейде,
Әлдекімді күт дей ме?
Қарсы алады бір сұлу,
Ақ жауынды беткейде.

Тамылжиды айнала,
Ән салады ай қала.
Құлпырады көктеммен,
Дала сұлу жай ғана,
Аймаласаң, аймала.

Терек

Ойнап көкте жай кенет,
Құлап түсті бәйтерек.
Жапырақтар шуылдал,
Жылап тұрды жас терек.

Қырау шалып қияны,
Қайғы жанды қияды.
Бәйтерек те байқасаң
Жер қойнына сияды.

Тоғай қалды аңырап,
Түнереді атырап.
Ақ жауынмен егіліп,
Тұн жылады қалтырап.

Құздың үшар төсі еді,
Ол бәріне ес еді.
Еске алады қара орман,
Бәйтеректі кешегі.

Тұман

Тұман еді теңіздің төсін өткен,
Кек бурадай келеге тұра шөккен.
Арпалысып аунайды толқын ұрып,
Құмарына жолығып есі кеткен.

Жағалауда жайқалған майда құрак,
Сыбырласты өзара түріп құлак.
Тыныштыққа бөленіп тұра қалған,
Шағала да кетіпті көлден жырақ.

* * *

Далаға күрең күз келді,
Бұлттар да көкте жүзді енді.
Сырғасын түзеп жас қайың,
Терекке көзін сұзді енді.

Менің де жаным қүйзелді,
Мүнәлі бір күнгірт күйге өнді.
Оңаша, оқшау қалайын,
Мазалап, маған тиме енді.

Арбалып сұлу сезімге,
Жүзейін қиял теңізге.
Көнілден күзді қуайын,
Қызы – көктем қайда көз ілме.

Жыр жазу менде бір арман,
Сол сертке мәңгі тұра алғам.
Үміт пен күдік сеніммен,
Арманшыл болып жаралғам.

Қыран

Мұхтар Шахановтан

Тұла бойдан әл тайып,
Қыран бүркіт қалды ұяда қартайып.
Откен күннің ерліктерін еске алып,
Соған ғана жатты іштей марқайып.

Жанарынан сырғиды енді көк аспан,
Көк аспанға өршелене таласқан.
Тұғыр етіп шынды анау,
Қыран ғұмыр даңқыменен жарасқан.

Кеудесінде сыйздады бір тосын ой,
Тірліктің де сөні кетін, семді бой.
Қорлықпенен тұлымп болып жатқанша,
Құз биіктен құламақшы ендігі ой.

Занғар көктің құшағын,
Тілғілеген өр қанат.
Қия шыңдан төменге,
Құламақшы сорғалап.

Бекіп іштей осы ойға,
Кетті орнынан нық тұрып.
Құз биіктен құрдымға,
Жіберді өзін лақтырып.

Ата қыран кетті өліп,
Өлерде де кектеніп,
Тұрды білем ішінен,
Ездігінді жек көріп.

Құздың ұшар биігі,
Ашылмай түр иіні.
Жұдететін секілді,
Ақ иықтың қүйігі.

Шабыт беріп өрдегі ұн,
Талай ойды тербедім.
Қыран қонған биіктін,
Аласасын көрмедім.

Көрінгенге қол емес,
Қыран жайлар қия шың.
Салу үшін үясын,
Қыран ғана тандайды,
Құздың шырқау қиясын.

Құласа да құрдымға,
Самғағандай тылсымға,
Өледі екен қырандар,
Табындырып шынды да.

Балқашым – байтағым
Шалқиды төсің айдынды,
Толқындар тулар айбынды.
Сағынып жүрем қашанда,
Төсінде жүзген ай-күнді.

Балқашым – байтағым,
Өзіңмен ғана өзгеше.
Бақыттың сырын,
Бақыттың сырын, байқадым.
Балқашым – байтағым.

Жалтылдап жатқан жайдарлым,
Өзінде өтті жылдарым.
Жағаңда туды жарасып,
Толқындай ойнап жырларым.

Өнімді жатқа айтарсың,
Жағадан сен де қайтарсың.
Толқыннан соңғы толқындар,
Аялап сен де байқарсың.

Балқашым – байтағым,
Теңіздей сезім шайқадың.
Толқынға орап әйімді,
Өзіңе сыйға тартамын.

Мениң Балқашым

Қасымхан Ахметовке

Теріскейі Балқаштың сала-сала,
Елім деген ерлер де жүр осында.
Қала салып, кен қазған керемет те,
Мыс сапырган маңғаз да бар осында.

Қалам менің Балқашым – мыс шаһары,
Жене алмаған заманның еш қаһары.
Ойып алып тарихтан өз орнынды,
Таң қалдырып келесің жер жаһанды.

Көлім менің көк теңіз өр толқынды,
Өр толқынға ілесіп шер толқиды.
Қараашығы секілді қара көздің,
Ол мұңайса бүлқынып ел толқиды.

Көкіректі жуамын сағынышқа,
Шешпесе деп тағдырын асығыста.
Кәрі Балқаш, аяулы қариям-ай,
Сен де қалдың адамға бағынышта.

Жарысады көшелер атқан оқтай,
Өз атымен аталды жатқа кетпей.
Келді оралып Алаштың Әлиханы,
Ұмыт болған тарихты баса-көктей.

Киып өтсөң данғылын Қарекенің,
Шашубайдың ауылына жетер едің.
Ер Ағыбай жарысып қапталында,
Сәлем беріп Сәкенге кетер едің.

Үлдарым бар есімі ұран болған,
Қыздарым бар Құлөштәй өн қалдырған.
Жарқыраған жанаарда жаңа ғасыр,
Жүректерде алаулап тұнған арман.

Тебірендім тегімнің тереңіне,
Тізгін бердім өзімнің өреніме.
Рухына сыйындым бабалардың,
Мыңжылдыққа аттанып жөнелерде.

Құмында қалды...

Айдыным едің шалқыған,
Көңілге медет болғандай.
Оны да сүйреп шашынан,
Құртатын болды жалған-ай!

Көл еді менің байлығым,
Ырзығын терген бар ауыл.
Басынан кетпей қайғы-мұн,
Шыңғыртып жатыр бір дауыл.

Селкеу де, селкеу селдір құм,
Сенен де көшті сөн базар.
Жағада қалды енді кім?..
Ұрланған балық қан базар.

Ормандаид еді тораңғым,
Оны да қидым балтаға.
Қажетін ашып сараңның,
Беремін салып қалтаға.

Құмың да қалды қайрандалап,
Ұміттің қанша кемесі.
Адыра қалған сайран бақ,
Шулайсың енді неге осы?!

Ауылға барғанда
Алдымнан шықты жүгіріп,
балалық шағым баяғы.
Балағын алған түрініп,
жалтылдал жалаң аяғы.

Зымырап өткен сол бір кез,
сағынтып мені қояды.

Білмеймін, неге өттің тез,
балалық шағым баяғы.

Жарысып қырда желменен,
балалық шағым кекілді.

Алыстал кеттің сен менен,
ұмытқан мені секілді.

Анау бір тұста жарысып,
келеді қаша топ бала.

Балалық шағым алысып,
барады қуып допты ала.

Қарайлап қалдым сол тұсқа,
арайлап мөлдір жанарым,
Алаңсыз жүр-ау сол тұста,
балалық дейтін базарым.

Аңсарым ауып ел жаққа,
жүрегім кейде тулайды.

Кәрі өзен ырғын, сол шақта,
кеудеме сыймай шулайды.

Ауылды аңсаганды

Толеу Мұсановқа

Баяғы мектеп балалық шақтың өткелі,
Көп болды, аға, ауылдан шалғай кеткелі.

Жүремін кейде өуреге түсіп, қиялдал,
Арқырап жатқан өзенді жалдал өткелі.

Ақ көбік атып арнаға сыймай көктемде,
Көк езу толқын іргені келіп тепкенде.
Жүгірер едік өзенді бойлап топ бала,
Ашулы толқын өткелді бұзып өткенде.

Уақыт үрлап бәрін де соның кетті алып,
Ойымда қалды суреттер сол бір жатталып.
Тоқырауын торғын тоғайлы,
Көп болды сенен кеткелі, мен де аттанып.

Сарытерек десе сағымға сіңіп бір ойлар,
Балалық шақтың базары маған атойлар.
Бұйығы ауыл, бүйра бел,
Сағынар ма еken селдіреп қалған тоғайлар.

Сонау бір тұста бүркүрап бүйра самайы,
Биқтен барлап тұратын торғын тоғайды.
Қайда еken Баба терегім?
Өлкемнің сұлу шырайы.

Қайда еken деймін, қайда еken достар баяғы?
Ағалар қайда, апалар қайда, белгісіз маған ояғы.
Ағыны қатты жылдардың сүйреп жетегі,
Мандайға тиді тағдырдың қанша таяғы.

Ағалар бар-тын еңсесі биік ер мұсін,
Ел менен жерге тұлға да болған дермісің.
Сау жүрсе болды, тың жүрсе болды тек солар,
Сүйеді солар, сүйеді солар елді шын!

Құдық басында

Ат суара келген ем,
Ауылына құрбының.
Ит аралап кетілті,
Астаудағы тұнығын.

Құлажирен тақымда,
Ауыздығын сүзеді.
Астауга сөл жақындал,
Арам судан безеді.

Су шығырын шыңғыртып,
Шыңыраудан су тарттым.
Құла бесті тұрды үркіп,
Білмей оның еш парқын.

Шеген құдық тым терен,
Қауға тартып көрген ем.
Шелек-шелек суды әрең,
Тартып сонда терлегем.

Құланы да суардым,
Өзіме де су алдым.
Қанаң емес құмарым,
Мөлдіріңе қуандым.

Тағы келіп ауылыңа,
Ат сугарып тұрармын.
Тұнығыңа жолатпай,
Ит біткенді қуармын.

Екінші бөлім Парасат сазы

Бостандық

Боздадың ба боз інгендей босанып,
Сені қуып кетті өмірден қанша алып.
Алатау да,
Қаратай да, Арқа да,
Жатыр бүгін бостандық деп ән салып.

Бодандықтың сызырып бар ноқтасын,
Өзің келіп қақтың қазақ қақпасын.
Бостандығым, азып-тозып жеттің-ау,
Егілмеші, көзің жасы тоқтасын.

Кетпе сузып уысымнан ұлы ұфым,
Лайлатпашы туған елдің тұнығын.
Талай ғасыр шегіп зарлы қасірет,
Бостандығым келді сүйреп жұлығын.

Аялашы, паналатшы енді оны,
Сүріндіріп құлдық ой да женді оны.
Шомылдырып боз биенің сүтіне,
Ақ киізбен көтерейік енді оны.

Бостандығым әлі балаң белі бос,
Іздемейік оған енді жеңіл дос.
Бекітейік буыны мен іргесін,
Алашым-ау, енді ешкімге берме дес.

Шаңырақ

Балқаштағы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінін

10 жылдығына арналған монументтің ашылуына

Зәулім едің, зәулім едің сен қандай,
Еңкеюден, ілуден иінім де талғандай.
Шайқалтпауға шаңырағын бекініп,
Болат білек мөңгі тіреп қалғандай.

Қалдым үнсіз толғанып, ойға оранып,
Бір киесі қазақтың бар ғой анық.
Қос қарлығаш айналып шаңырағын,
Күзететін секілді көзден анық.

Қанатына қалғандай көз байланып,
Қос қарлығаш ұшады шыр айналып.
Жамандықтан қорғай ма, киелі құс,
Шаңырағын қазақтың жүр айналып.

Көзге парлап жас келеді шаттықтан,
Өтті қанша қаралы күн жас жүтқан.
Отқа оранып жүрсе-дағы ер елім,
Шаңырағын төбесіне ап шыққан.

Еңкейтпеші шаңырағын елімнің,
Айқара ашып бақытыңың есігін.
Бийгіңен күн сөулесі тәғіліп,
Ал, төрінде тербетілсін бесігің.

Сездім содан беріктігін ділімнің,
Сездім содан еркіндігін елімнің.
Үзігіне ұя салған қарлығаш,
Шаңырақтың аясында көз ілдім.

Шыр айналып,
Жарықтық жүр айналып,
Шаңырағы қазактың күннен-күнгө
Бара жатқан секілді күнғе айналып.

Сен Тәңірдің ұлы едің

Балқашта Шашубай Қошқарбайұлының атында
музыка мектебі бар. 1990 жылы осы мектептің алдына
Шашекеннің ескерткіш бюсті қойылды. Кейін мектеп басқа
ғимаратқа коныс аударған кезде мектеп өкімшілігі
Шашекеннің ескерткішін жұртқа тастап кеткен.
Иесіз қалған ескерткішті әлдекімдер сындырып, ақыры
жоғалып кетті. Балқаш Шашубай ақынның туған жері
ғой. Қазактың жездандай, ақынқ ақыны атанған
Шашекене жасаған құрметіміздің түрі осы болғаны ма,
деп кейде қатты күйзелемін.

Ай, Шашеке, Шашеке,
Сен Тәңірдің ұлы едің.
Таланттына табындырган талайды,
Сел тұрғызған ағын жырдан арайлы.

Араладың не бір алтын сарайды,
Жараладың жүректерін сұлулардың шырайлы.
Ай, Шашеке, Шашеке,
Серлікпен өтті сенің көп күнің,
Жырыз өткен жоқ күнің.
“Ақ қайыңың” ән-жырын,
Сенен қалған ұлы ескерткіш деп білдім.

Тебіреніп телегей,
Жырдың пірі болған едің бірегей.
Сен туралы сөз болса,
Қалай тұрам ұн демей.
Содырдың көп сойқанды білегі оның,
Жақамасын өнді аса, білем, оның.

Тас тұғырда орнаған тас мұсінің
Тас еденде тас-талқан шықты бүгін.
Ұқтыра алмай өнінді тас керенге,
Жеткізе алмай жырынды жас өренге,
Мен де айналып барамын тас еменге..
Тас тұғырда тұратын таң мұсінің
Тұсті ме екен қолына жат кісінің.
Файып болып көзімнен бір-ақ күнде,
Тас тұғырдан жоғалды өр мұсінің.
Шарқ ұрып, шыңғырып ғайыптан бір,
Елес кезіп ойымнан айықпай жүр.
Жалт қаратып тосыннан шыга келіп,
Аруағың бізді кеп айыпташ жүр.

**Жырға қостым озінді
Аймақтық “Балқаш өнірі”,
газетіндегі әріптестеріме**

Көтеріп биік еңсені,
Жырға да қостым мен сені.
Жетпіске келген күніңмен,
Құттықтап жатыр ел сені.

Қадірлім өрі айбарлым,
Тарихы талай жайлардың.
Бабамның сөзі секілді,
Теренге тартар ойларың.

Жаршысы жалпақ даланың,
Үні бол сулу қаланың.
Қолында жүрші балқаштық,
Қазақ бол туған баланың.
Өмірін жырлап өнірдің,

Өлең бол сен де өрілдің.
Айбарлы шындағарқаның
Алыстан асқақ көріндің.

Айнасы болып аймақтың,
Шындықтан өсте таймапсың.
Ағалар салған ақ жолда,
Шашубай сынды сайрапсың.

Сертке де түрдүйң семсердей,
Көргем жоқ ғазет мейң сендей.
Тілімнің төтті мәйегі,
Бойында сениң жүр сөнбей.

Кол болып кейде шалқыдың,
Мыс болып қаншა балқыдың.
Тораңғы сынды күрсініп,
Ой кешіп кейде толқыдың.

Жарлыға беріп қол үшін,
Сөйледің сөзді ел үшін.
Тілімнің алтын сынғы,
Намысым болдың мен үшін.

Жетпіс жыл айбын асырдың,
Дауылын серпіп ғасырдың.
Тәуелсіз қазак көгінде,
Жыр болып қайта жосылдың.

Нагашы атам

Нагашы атам Молдахан – діндар еді,
Қызыл тілге ғажап бір – ділмар еді.
Итжеккенге айдалып байлығы үшін,
Конфескенің о да бір құрбаны еді.

Тіс жармаған азапты қияс күннөн,
Өзін мәңгі жұбатқан сияқты іштен.
Он бес жылдық ғұмырын мұзға байлап,
Келді айырылып, бойдағы мият күштен.

Жан еді ғой айнымаған қалыбы,
Бұза алмаған сайқал күннің сарыны.
Жалбарынып жаратқанға жүрді іштей,
Озбырлықтың басылса деп арыны.

Бір Аллаға мұқтаж болып үйыған
Куат алып шықты қанша қыиннан,
Келсе оралып қыырдан,
Тутан жердің дәмі болар бүйірған.

Шапағатты тосты жалғыз Алладан,
Тәрік етті жақсылықты жалғаннан.
Көрер күннің жарығын,
Қанағат қып, Бағдат деп,
Әмір ғулін жалғаған.

О заманның зарын адам үгар ма?
Сабағынан үзілген гүл оңар ма?
Қанша қайнар құм басып,
Қалды кеуіп қанша арна,
Әділетсіз заман-ай,
Бұлдыраған жанарда!

Сексен жас

Қадірлі ағамыз Әлихан Жәңгірұлына

Менің өкем

Сексеннің жетеуін ілген адам,

Құпиясын өмірдің білгेन адам.

Қызығы мен шыжығын бұғұмырдын,

Бір кісідей қақайып қөрген адам.

Содан ұқтым,

Сексен деген ғұмырдың ұлылығын,

Ұлылығын өмірдің жылылығын.

Бүгін, міне, тағы да түрмyn естіп,

Сексен деген ғажайып ғұмыр үнін.

Кәрілікке ұқсатпадым

Сексенді,

Сексенде де іздейді адам

Көктемді,

Сексен деген серке жас па деп қалдым.

Шаршатпайтын,

Алдырмайтын текке енді.

Сексен деғен пәрасаты-ау, деп қалдым

Нар тұлғаға,

Жараса ма, деп қалдым.

Сексен деген оңай емес шамасы,

Сұлуға да таласа ма, деп қалдым.

Солай аға,

Сексеннен де сескенбе,

Сексенге де дес берме.

Қырықтағы кезіндей,

Сексенде де төске өрле.

Гүл ғұмырды,

Кешіп жүрші көтемде!

Сексен деген ғұмыр атты Бөктерде.

Ақ сарай

Балқаштағы Мысшылар мәдениет
сарайы 1949 жылы “Балқаш ЛАГ”
тұтқындарының қолымен тұрғызылған.
Мұнда жазықсыз жандардың мандай
тері мен көз жастары бар. Сонысымен
де ол киелі орын.

Өнердің бұл да бір ордасы,
Ақын да, батыр да,
Ән-күйдің алуан жорғасы.
Ат басын тіреген осында,
Осынау ақ сарай қақында,
Сөз де көп айналған аңызға.
Тұтқындар тұрғызған дейді оны,
Советтік “Степлаг” тұсында.
Көремін кейде одан көз жасын,
Ал кейде арманның жалғасын.
Естімін кісеннің сыңғырын,
Зорлықтың таңбасын.
Құйғандай қорғасын,
Қасірет басады еңсеріп,
Көремін тұтқындар тұлғасын.
Айдауда жүретін өл семіп,
Қайтеміз қазбалап өткенді.
Білем ғой жаралы тарихым,
Зорлықпен құл болып өткендер,
Тағдыры жанымды қаритын.

Ал бүгін ақ сарай төрінде,
Ән шалқып, қағады құй қанат.
Қол соққан қошамет бәрін де,
Жаладан, наладан енді әзат.

О, ғажап!

Қаламын ой бөгеп,
Бар ма дегі мұнда бір маҳаббат,
Тұр ма деп аманат.
Жоқ әлде жылай ма,
Жылай ма?
Тұтқындар түрғызған,
Осынау ғимарат?

Ұстаз

Тілеуғалы Әміртайұлына
Жасың бұл алпыс деген арда жүйрік,
Ақылмен қондыратын қолға билік.
Аға деп, ақсақал деп ағайын-жүрт,
Алдында түрғандай ма басын иіп.

Кезің бұл өткенді бір саралайтын,
Алпыс жыл нұрға бөлеп тарады ай-күн.
Алпыс жыл күрес құрып бақыт үшін,
Самайға қырау түсті тарамайтын.

Гүл егіп шәкірттердің жүрегіне,
Айналдың сан үрпақтың тірегіне.
40 жыл ұстаз болған өз-ага деп,
Қошамет жаудырамыз бір өзіңе.

Мерейлі, мәртебелі, дүлдүл жасқа,
Толдыңыз аға, бүгін Алла жазса.
Әмірдің нар өркешті биігі-ау деп,
Данаалар ат шалдырған осы жасқа.

Көтеріп көнілдегі хошыңызды,
Жақсы деп ел мақтайды атыңызды.
Кешегі Башар шалдан бата алып ең,
Ұмытпа нағашыдай затыңызды.

Ай аға, құтты болсын алпыс жасың,
Өлі де жас кезіндей талпынасың.
Аяулы Қалимаштай женгемізбен,
Жігіттің отыздағы қалпындасың.

Тілеке, құтты болсын алпыс жасың,
Өлі де арман қуып лапылдарсың.
Женгеміз Қалимашпен қатар жүріп,
Жүзге де құдай жазса жақындарсың.

Өмірдің көрдің талай өткелегін,
Асудан алпыс рет өткен едің.
Ұшырып үш балапан үясынан,
Өзің де бәйтеректей көктеп едің.

Қазақтың зиялды бір тұлғасы деп,
Ұстаздық — ұлағаттың тұнбасы деп.
Өлеңмен шашу шаштым асыл аға,
Қасқайып дауылдардан сынбасын деп.

Ардақты Абай мектебі мадақ жыр

Балқашта Абай мектебі,
Тарих қой оның өткені.
Нәр алып мунда шәкірттер,
Бәйтерек сынды көктеді.

Тербетіп өмір өткелі,
Гул жарды дала қөктемі.
70-ке келдің сен бүгін,
Ардақты Абай мектебі!

Алмасып жылдар, күз бен қыс,
Тербетті сені күн мен тұз.
Шарлаған мынау жаһанды,
Түлеген сенен үл мен қызы.

Ошағы болдың қазақтың,
Кезінде қызыл одақтың.
Тілімнің маржан мәйегін,
Сақтаған қара шаңырақсың.

Арқалап Абай есімін,
Тарих боп сен де көслідің.
Фылымның шашып сөулесін,
Тұлғалар қанша өсірдің.

Ордасы болып білімнің,
Қорғаны болдың тілімнің.
Қаймағын сақтап қазақтың,
Байрағым болып тірілдің.

Ер жетіп сен де қанша өрен,
Елге де тұлға болды ерен.
Намысын қуып ұлтымның,
Көгінде сөлар жүр дер ем.

Тербетіп білім бесігін,
Ашқыздың өмір есігін.
Өзінен ұшқан ұландар
Ардақтар Абай ёсімін.

Жосыдың жыр бол ортаймай,
Абайдан қалған жауһардай.
Күй болып бірде көслідің,
Хамзиннің өзі тартқандай.

Алаш деп асқақ ұранды,
Ұшырдың қанша қыранды.
Үйреттің соның бәріне,
Отаным деғен жыр-әнді.

Тербетін өмір өткелі,
Гүл жарды дала көктемі.
Жетпіске келдің сен бүгін,
Ардақты Абай мектебі.

Жыр еліне

М.Нұртазаұлына

“Асыл арман” алдында анқылдаған,
Ақжелең жыр қеуденде жарқылдаған.
Қара өлеңге қапысыз ой тұндырын,
Ақ дауылда ақын ол саңқылдаған.

Жүреғіңе тұндырып өмір өнін,
Өз әлемін танытқан, өз ұранын.
Жолаушы ғой ақын да сапар қешіп,
Жыр елінен іздеғен өз тұрагын.

Өмір сырын өзінше түйіндеген,
Тебіренсе көмейден құйылды өлең.
Ақ тұлпарын шабыттың ертеп мініп,
Жарыстырган үшқыр ой құйынменен.

Тартып жырдың азабын, тозағын да,
Елемеген өмірдің мазағын да.
Нағыз ақын, ағайын, Пайғамбар ол,
Пенделіктің алданбас тозаңына.

Тарбағатай тауының бұлагындаі,
Сарыарқаның сәнді бір құрағындаі.
Өлең оқып өзінен өрелі аға,
Жырларыңа сүйінші сұрадым-ай!

Тоқырауын өзені боп кеп тұрмын
Ақын Әбіл Кәріпбайтегіне
Ақөленде тудың да,
Қара өлеңге қадам басып жөнелдін.
Куанышқа содан ғана кенелдің,
Балықшы боп,
Ұстаз боп,
Құрметке де бөлендің.
Бірақ, бірақ, Әбеке,
Сен халқыңа ақын болып елендің.

Сыйын ұғып, сидам тартқан даланың,
Жыр соқпағын қаладың.
Мұңайсаң да қаніналық,
Мұқалмады талабың,
Жұқармады қаламың,
Жыр-музаның мұхитына түншығып,
Дауыл оймен жағаласып тік тұрдың.

Көкше көлдей қайратынды ұқтырдың,
Айдының арбалып,
Тоқырауын өзені бол қең түрмүн.
Тұлымды етіп,
Туган жердің түлегін,
Түлегіңмен қатар ұшып, түдедің.
Сенің маржан жырларыңа „Әбеке,
Мәңгіліктен, мәнгі ғұмыр тіледім.

Көнермейтін Көкше көлдей көрікті,
Жырға ғана келдің беріп ерікті..
Содан ғана таптың білем серікті,
Бесіндегі жүлде алған
Берші бүгін шабытыңа ерікті!
Жыр періште,
Көтер мені, бер қуат!

Ақынға тек жыр мұрат,
Көрі теңіз қолда сен,
Кеудемдегі шырылдаған мұнды уаt.
Тек ақынға,
Тек ақынға бер қуат!
Шақыр енді шабыт деғен пірінді,
Естиікші күркіреғен өр ұнді.
Төкші біраз бойдағы алау-төрінді,
Тербеші бір,
Тербетші бір сезімді.
Саған келдім сағынып,
Жыр оқитын кезінді.

Жалау

Ардақты қекем Әбіл Ногаевқа

Сен жайлы жиі толғанам,
Толғанам,
Оймен сандалам.
Заман-тын ол бір сұрапыл,
Талайды қыршын жалмаған.

Өрімдей коркем жас та едің,
Талайға ақыл, бас та едің.
Жұмбактау жұтаң заманның,
Есігін сонда ашты елің.

Жанарың жасын нұр шашып,
Табаның қызыл қыр басып.
Албырап алау жас көніл,
Асудан талай жүрді асып.

Серік бол асау қиялы,
Шарладың оймен қиянды.
Бар еді сен де көп арман,
Көркейтсем деген үянды.

Өшіріп өндір ойды алау,
Көшті бір ғұмыр жалған-ау.
Қып-қызыл қанға боялып,
Желбіреп түрді бір жалау.

Сол жалау болып сенгенің,
Оққа да қарсы жүргенсің.
Құлатпай соны құрдымға,
Намысты қорғап көргенсің.

Тұрксіб болып түрленіп,
Тың болып дала дүрлігіп.
Астында жатты шпалдың,
Ғұмырлар қыршын үзіліп.

Сол жалау түрдү сонда да,
Жендеттей жүзі нұрлана.
Жасасын! — деді жалпақ ел,
Жүзінен шаттық зорлана.

Алашын ойлап бар аймақ,
Ұрпағың қалды қарайлап.
Шошынып атом даусынан,
Шыңғырды дала Абайлап!

Сол жалау түрдү сонда да,
Жендеттей жүзі нұрлана.
Жасасын! — деді жалпақ ел
Жүзіне шаттық зорлана.

Тербетіп ғұмыр бесігін,
Биік түр сенің есімің.
Егемен болып елдіктің,
Аштық біз өмір есігін.

* * *

Секен Көбеновке

Жалғыз жортқан жапан түзде жандай бір,
Жабықты да, үзілді бір жанбай гүл.
Жанарына тұнды сонда қандай мұн,
Жас жүрегін жайлады екен қандай нұр.

Жұмбақ еді,
Жұмбағы көп өмірің нұрлы-ақ еді.
Жарық құнің жанып бір тұрмақ еді,
Жұмбақ өлем тым ерте кеттің-ау алып,
Қас өнерді енді-енді құмақ еді.

Өзің еккен балаң қайың гүл жарып,
Күлпүрады, талпынады нұрланып.
Баяғы өзен,
Баяғы ауыл байқасаң,
Баяғыша келеді өсіп ырғалып.

Кеттің солай оралмасқа қелмеске,
Аламысың о жақта сен елді еске.
Хор қызына жүр ме екенсің жыр оқып,
Баяғыша шарап ішіп әр кеште.

Сен оралмай кеттің енді келмеске,
Жыр оқимын алып кейде сені еске.
Адал достар ұмытпаған дүға оқып,
Қабіріңе қойып жатар гүл десте.
Жыр оқимын алып кейде сені еске.

* * *

Құрдасым Сәденге

Шиыр-шиыр жол екен өмір деген,
Шиыр жолға шөккен ғой небір кемең.

Шимайлайсың өмірдің парақтарын,
Қимай келді өзінді қарақтарың.

Қызық-қызық өмірдөн сыр ақтарып,
Қияс ойға сен енді тұрақтадың.

Алды думан өмірдің, арты сүйык,
Кете алмайсың бәрін де ерте қиып.

Ұмтыласың бинкке құлаш ұрып,
Алысасың толқынмен аласұрып.

Бірте-бірте ауырлап ой мен дене,
Шиыр құмга шөгетін сен бір кеме.

Жеткенге де мәз болып, кеткенге де,
Сағынасың мұңайып өткенді де.

Тәнір өзі сыйлаған қысқа ғұмыр,
Арпालыспен осылай өткені де.

Өкінерсің, сен бәлкім, өкінбессің,
Тоқтатпаса болғаны өмір көшін.

Талпыныпсың, жақсыдан шегінбепсің,
Ұмтылмасаң сыйлайды тәңір несін.

Көз жазбашы әйтеуір ізгіліктен,
Жүдемесін өмірің күзге іліккен.

* * *

Металлург Қабыл Кенжебековке

От сапырған кезінде,
Балқиды нұр кезінде.
Ағады екен мыс өзен,
Жүргегіндің өзінде.

Сауыттары киізден,
Отқа жүзін сүйгізген.
Батырлардай баяғы,
Ерлікке бас игізген.

Ағызады балқыма,
Қызыу оның жойқын, ә?!

Найзалы ерге үқсайды,
Маң-маң басқан қалпы да.

Ерлік көрдім мен сенен,
Әрлік көрдім мен сенен.
Бір жақсылық күтеді,
Ер ұлым деп ел сенен.

Ең бақытты жыл откердің
немесе мектеп бітірушілер кешінде оқылған өлең
Анар Кәкітайқызына
Тілектерің – тұлектерің,
Бірге соққан жүректерің.
Бағбаны бол шәкірттердің,
Сен қаншама жыл откердің.

Көрдім ұстаз өнегесін,
Жайған білім керегесін.
Әр санаға сөule шашып,
Нұрландырған терезесін.

Алғыс қанша арнасам да,
Сыйлық қанша тартсам алға.
Сенің абзал еңбекіндің,
Өтеуіне толмас ол да.

Биік-биік мұраттардан,
Балаң арман қанаттанған.
Жанарында жаңа ғасыр,
Тұнған ұлы сұрақтардан.

Қыр баласы,
Нұр анасы.
Жаңа тұған мыңжылдықтың,
Сенсің бүгін бел баласы.
Сенсің бүгін жыр егесі,
Сенсің бүгін ел егесі.
Әр ұстаздың саған берген —
ең киелі өнегесі.

Тілектерің — түлектерің,
Бірге соққан жүректерің.
Бағбаны боп шәкірттердің;
Ең бақытты жыл өткердің.

* * *

Тайжан Қалитетіне

Қындықтан қашпаған кезің үшін,
Сенім үшін, сендері төзім үшін.
Жырлап берем мен сенің өмірінді,
Тер сыпырдың мандайдан елің үшін.

Дұрсілінен оянып диірменнің,
Таудың тасын талқандап иіргенсің.
Дәулеті деп қогамның дәүлескерше,
Маржан төгіп мандайдан іілгенсің.

Өндірістің өрелі нарындаисың,
Аралассаң еңбекке арындаисың.
Анқылдаған ақ көңіл азаматым,
Досың түгіл қасына тарылмайсың.

Маңдай терге суарып жігерінді,
Еңбекпенен тербедің жұрегінді.
Пайда қумай немесе айлға қумай,
Адал істен іздедің керегінді!

Елу деген еңселі жасқа толып,
Қоңыр қосын қоғадай досқа толып,
Бүгін сені құттықтап жатыр өлкен,
Дастарханың ақ бүйра асқа толып.

* * *

**Елегзиді ауылыш
Тұрысбек Нысанбайұлының
рухына арнаймын**

Солқылдатып қара жердің қыртысын,
Жан еді бір еңбек еткен жүргін шін.

Мынау дала, анау ұлы таулар да,
Жасыл орман, жасыл алқап баулар да.
Аласұрып өзінді іздер сәкілді,
Алтын орак қырға бітік қаулар да.

Елегзи ме ауылышның көшесі,
Өзің жүрген таныс жолдар кеңе осы.
Маң-маң басып келे жатқан қалпыңан,
Сізге қарап түзөлетін өл осы.

Үлкен-кіші иіліп қоғадайын,
Қадірінді білгендер бағалайтын.
Айбар көріп біреулер Аға десіп,
Бәз біреулер өзінді сағалайтын.

Бұлт арылмай Бостаның да түр бүгін,
Көңілсіздеу күрсінеді нұрлы күн.
Қадірлім-ай, жатырмысъң әландалап,
“Маған бүгін келді екең, деп енді қім.”

Күн райы маған соны үқтырды,
Көкейімде Парыз деген жүк түрді.
Рухына арнау етің оқыдым,
Осы бір жыр үшқынды.

Бұл фәниден сіз кеткелі жыл төлді,
Көңілге мұң, көзге мөлдір жас тұнды.
Ел жиналды еске алтып,
Сізге зират еткелі,
Жылға айналды сіз фәнидең өткелі.

* * *

Агатай

Тайкен Қалиевқа

Сенің нұрлы дидарың өлі есімде,
Сені заңғар шың десем көнестің бе.
Менің алғаш жырымды өзің оқып,
Қуанғаның, Агатай, өлі есімде.

Нұрлы күндей кезің көп тебіренткен,
Саған үқсан сау жүрдім небір кептен.
Сырбаз аға сыр шерткен сәулелі шак,
Қамшылайды қалдырмай ұлы көштен.

Сен бақиға жөнелдің, бұрылмадың,
Екі етпеді қатал күн ғұмыр заңын.
Содан бері қанша жыл, қанша уақыт,
Саған деген басылмас мұңым-зарым.

Ағатай деп, аға деп еркеледім,
Арқаланып өзінді өрке күнім.
Сөule шашып шуақтЫ нұрлы күндей,
Іңкөр етіп жанымды өуреледің.

Арқа тұтып өзінді арда жүрдім,
Тентек суды сіміріп, бар да жүрдім.
Ақыл айтып, сабырға шақыратын,
Дәл өзіндей қамқоршы қайда бүгін.

* * *

Айәділ

Бейдауа түнді қақ жарып,
Бейкүнә жүлдyz түсті ағып.
Шернеуде шеккен жазу ма?
Жазмыштан озмыш жоқ па, анық.

Қиылып түсті-ау, қызғалдақ,
Маңайын түгел мұз қаулап.
Аңырап қалды-ау, анасы,
Қайғылы көзден жас саулап.

Алдамшы мына жалғанда,
Алданыш болған өз жанға.
Ағып бір түсті-ау жанардан,
Бәсіре мінер болғанда.

Қатал ма, неткен өмірің,
Баладай өксит өнірің.
Мұлгиді көкте ай ғана,
Айәділ қайда, тәңірім?

Бейдауа тұнді қақ жарып,
Бейкүнә жүлдyz түсті ағып.
Шернеуде шеккен жазу ма?
Жазмыштан озмыш жоқ па, анық.

* * *

Тексіздің тиіп тепкісі,
Қызғыш құс кетті жыраққа.
Пайдасын құған ептісі,
Жеткізбек енді мұратқа.

Көкше көл бүгін көңілсіз,
Назарын төмен салады.
Жағаны ұрып еріксіз,
Толқындар іштен тынады.

Ақынын ізден жететін,
Ақылман тұрақ таппады.
Құлқынын қуып кететін,
Пысығын жұртым мақтады.

Теперіш көріп тексізден,
Текті ұлым кетті бұрылмай,
Ит көрген ешкікөзденіп,
Тобырым қалды құрымай.

Достық әзіл
Мендіғали мен Мендісарага

Өңі-түсі мендей ақ,
Ал жүрегі сүттен ақ.
Сүт демекші,
Сүт сатып,
Келіп тұrap күтпей-ақ.

Әкесі де Мендіаяқ,
Атасы да Мендіаяқ.
Ата менен әкеден,
Тұған бала қандай ақ!

Менге құштар содан да,
Мендей оқшау болғанда.
Мендіаяқов болған соң,
Мендей сұлу алған да.

Жақсырақым Фалыұлына
Еңсегей бойлы ер дерсің,
Сонына жұрты ергесін,
Елге де аға сол дерсің,
Халқына бата бергесін.

Шежіре шалым сол дерсің,
Шерінді жұмбақ шерткесін.
Көненің көзі сол дерсің,
Бабамның сөзін тергесін.

Өркеште-өркеш жылдардың,
Толқынын бастан өткердің.
Талқысын мұнар күндердің,
Әз аға сен де көп көрдің.

Арамдық көрсөң тұнердің,
Жақсыдан күдер үзбедің.
Текті бір жүйрік секілді,
Ұзаққа құлаш сермедің.

* * *

Қызғаныштың қызыл иті

Қызғаныштың қытымыр қызыл иті,
Арсылдайды күзетіп бұткіл үйді.
Үріп қойса өзгениң ақ тәбеті,
Қызыл иттің құтырып іші күйді.

Қызыл ит бар әркімнің жүргегінде,
Зәһар шашып түрады реңінде.
Болмаған соң өзі арлан, не жолбарыс,
Жақамайды ешкімнің жүргенін де.

Шабаланып, ал кейде бұға қалып,
Арсылдайды кей-кейде тұра қалып.
Қызғаныштан өртенсе ұлиды еken,
Айға бетін қызыл ит бұрып алып.

Қызғанады таңынның атқанын да,
Күніңнің жайма-шуақ батқанын да.
Қызғаныштың қытымыр қызыл иті,
Қабады еken байқаусыз жатқанында.

Қызыл ит жоқ қолымда жетелеген,
Тұлпарым бар тұмарлап үкілеген.
Қызыл иттер талаған балтырымды,
Тұлпар өлең терімен емдеп келем.

* * *

Балқытушы

Әбдіманат Үлкенбаевқа

Ер дедім кеше, бүгін де,
Таныр-ау халқың түбінде.
Еңбектің тартып көшін сен,
Женіске жеттің көбінде.

Шұбатқан шылбыр төзімді,
Көрмедім осал кезінді.

Ағып бір өткен түлпардай,
Мәреден көрдім өзінді.

Бұлағын оттың байлаған,
Шаттыққа жаны тоймаған.
Сарыала мыс та сақырлап,
Отаныңа сенің қайнаған.

Жарқылдаپ жанар от үшқын,
Балқыттың металл соны үқтym.
Маңдайдан маржан сыйырдың,
Мұлдесі үшін халықтың.

1993, шілде.

**Балқаш теледидары
Жәзібек Төлендиновке**

Балқашта телемұнара,
Тұнып бір тұрған сыр о да.
Дәурені тарап басынан,
Тұнжырап бүгін тұр о да.

Жылдармен бірге ер жеткен,
Таратып хабар жер-көктен.
Куанту үшін Балқашты,
Талайлар мұнда тер төккен.

Батыр да келіп сыр шерткен,
Ақын да келіп жыр төккен.
Шырқалып небір асқақ ән,
Қүйқылжып талай күй кеткен.

“Уақыттың” тыңдал тынысын,
Әлсізге берген қолұшын.
Күлмара, Күләш, Бақыттар,
Сөйлеген еді ол үшін.

Көп еді бізде онда арман,
Қалыспай асав жылдардан.
Баз-базда өлең окушы ек,
Ақын бол теледидардан.

Сағынам сол бір жылдарды,
Сағынам телеидидарды.
Жүздесін елмен кешкілік,
Сыр шертер телеқайнарды.

Қайнарым қалай суалдын,
Қайтып мен енді жұбаным

Шумактар
Күйіп тұр дала таңы,
Ііп тұр алақаны.
Бұрылмай кетеді екен,
Сүйікті балапаны.

* * *

Кейде мұңсыз күндерғе,
Өкінетін секілді-ем.
Кейде қатаң күндерге,
Бекінетін секілді-ем.
Соның бәрін сен ғана,
Түсінетін секілді-ен.

* * *

Саған арнап жыр жаздым таңсәріде,
Сенен артық емес-аяу, хан төрі де.

* * *

Балқаш десе халықтың,
Көкейіне көл келер.
Қара мыс пен балықтан,
Еленбейді өз өнер.

Қасқыр, қақпан, бостандық
Арлан еді азу тісі қанжардай,
Қанжар тісті қас жауынà салғаңдай.
Түсіп қалып қанды ауызды қақпанға,
Еркіндігі көзден ұшты жалған-ай.

Болат қақпан қарысады ұзыңақтай,
Бөрінің де бөгелді оған тісі өтпей.
Қанды көздер от шашса да қаншалық;
Темір қақпан тірсекте түр босатпай.

Еркіндігі көзден ұшып, жалған-ай,
Ұлыды кеп, далада ессіз қалғандай.
Айбалтадай айда туған қасқайып,
Үндемейді, үндемейді бұл қалай?!

Шерін төгіп құла түзде көк арлан,.
Көк аспанға жалбарынды,
О, Жалған!
Болмаған соң қанжар азу ақсиып,
Қу тірсекті шайнап түсті ызадан.

Төрт аяқтың бірін беріп қақпанға,
Еркіндігін сақтап қалды тап сонда.
Бөріге де қымбат болған бостандық,
Кімге қымбат емес дейсің жалғаңда.

Көніл пернесі

Ушінші бөлім

Қадалады жаныма шаншудай мұн,
Қалшылдаймын,
Киналып сәл шыдаймын.
Ем таба алмай жанымның,
Дертіне бұл,
Ақ қағазға жас болып,
Тамшылаймын.

Нені аңсайсың жүрегім,
Нені іздейсің?
Кезікпеғен шабыттан ем іздейсің.
Шабыт қысса шайқалып,
Сезім айдын,
Дауыл күнгі долданган
Теңіздейсің.

Өлең, өлең

Өлең, өлең,
Не деген азап едін,
Шұқып ойдың тереңін қаза бердін.
Өңешімді өлгенше соза бердің,
Маған енді сәл ғана маза бергін.
Сен болмасаң немене,
Өлер ме едім.
Көнер едім,
Төзөр едім,
Әй, бірақ та өлеңсіз,

Не дер едім.
Сенсіз шаны шықпайды-ау,
Қара жолдың.
Сенсіз мәні келмейді-ау, қара сөздің.
Жарқылынан от алып найзагайдың,
Шабыт алдым нұрынан
Қара көздің.
Соның бәрін өлеңсіз сезер ме едім.
Түнерген түн,
Ал анау кезерген бел.
Шалқар дала.
Шалқыған шуақты көл,
Жырға айналып,
Ал бірде тіл байланып,
Сұлулыққа сусатып басатын шөл.

Биіктікке іңкәр боп бала жастан,
Тартысына өмірдің араласқам.
Соза тартып келемін көшімді мен,
Дауылдарға түтеген қарамастан.
Биіктерге шықсам деп жағаласып,
Сүрінген де кезім көп,
Жаза басып.
Қанатым боп сол кезде өлең-арман,
Сүйреп шығып келеді ала-қашып.
Өлең, өлең,
Не деген азап едің.
Азап едің,
Не деген ғажап едің.
Өмір өлең көшінен қалмайын деп,
Үңгіп ойдың тереңін қаза келдім.

Сапар алдында
Жолға тұстім сан түрлі,
Сауалдарға жауап іздең сан қылы.
Адастым ба, білмеймін,
Дауыл тағдыр жан-жағымнан жүлқиды.

Жол іздеймін, жол іздең келем өлі,
Жолым бар ғой, бағытым өлең елі.
Алдым толы таусылмас бөгеттер ме?..
Көк тұманнан шыға алмай келем енді.

* * *

Жүргімде бір от бар өлең деген,
Соны қаузап көңілім кемелденген.
Мұң шағамын, сыр шертіп соған ғана,
Жарасын да жанымның сол емдеген.

Сұлу сөзді ойнатып қамишы өремін,
Ақ қағазға мәлдіреп тамшы өлеңім.
Зәңгір аспан, заңғар шың, туған дала,
Сырынды жырға төгіп көмкеремін.

Періште өлең-қанатым самғашы енді,
Самғашы енді, жыр-тұлпар талмашы енді.
Өр Шашубай пір тұтқан данам едің,
Медет бер, өруағынмен қолдашы енді.

* * *

Мынау Дастан,
Анау Желтау, жол қайда?
Адастым ба?
Шығып кетіп шалғайға.

Тұнде тұнек алдады,
Күндіз сағым арбады.
Ал санамда өлең-қызы,
Өрмек тоқып сарнады.

Парыз бен қарыз

Парыз да көп,
Шіркін-ай, қарыз да көп.
Қарыз бенен парыздан құтқаратын,
Тіркесем бе, сонына арызды әкеп.

Қарыз екем балага, бөлеге де.
Қарыз екем ана бір көлдененге,
Қарызбын мен зарығып, шөлдегенге.
Өтей алмай осынша қарызымынды,
Аландаиды көңілім өлденеге.

Қарыз бенен парызды бөктеріп ап,
Кетсем бе еken осынау көптен жырак.
Қарыз, парыз дегенді білмей-тұғын
Тапсам ба еken жаһаннан өзге тұрак.

Табылса да, қарағым, ондай тұрак,
Қабыл алмай тұрады көңілім құлап.
Қарыз бенен парызым біткен күні,
Сөнеді гой маңдайдан өмір шырак.

Қарызымнан айырма, парызымнан,
Тауып жермін қалайда бір үзім нан.
Өмір сүргім келеді, өмір сүргім,
Айырмандар мені тек
Парызымнан.

* * *

Кімге айтамын

Кімге айтамын сырымды,
Кімге оқимын жырымды.
Тобырынан қорынып,
Обырынан жерініп,
Аңсап жүрмін,
Адал досты бұрынғы.

Мұң шағамын мұндайда
Жырақ барып,
Көкше көлге көк толқын
Сыр ақтарып.
Мазақ қылып шулайды
Қатын-қамыс,
Жырларымды үн-тұнсіз тыңдап алып.

Қажып бітіп содан-ақ күйректеймін,
Кері жүзген сасқалақ үйректеймін.
Ақ толқындар аулайды көңілімді,
Шағаласы үн қосып билеп кейін.

Құрғатпадым бәрібір жыр құндағын,
Дала деген данадан сыр тыңдадым.
Көл — ананың киелі батасын ап,
Куантпақ ем жыр оқып,
Жүрттың бәрін.

Жетпей келем көздеген
Межеге дөл,
Итереді қеудемнен кебеже тал,
Тұлпарым бар бәйгеге соны қостым,
Жүген-құрық тимеген кереге-жал.

САҒЫНДЫМ СЕҢІ, БОТАШЫМ немерем Кәмилаға

Жас жуып жарқын жүзімді,
Бұзылып баршын түр-өңім.
Сені іздең ботам түсімде,
Жаһанды шарлап жүремін.

Қара жол жатты қасқайып,
Келемін кешіп кемерін.
Күтемін сені сәт сайын,
Үміттің үзбей күдерін.

Аяқ пен қолдан жан кетіп,
Қарысып қалған секілді.
Жүгіріп шықтың жалт етіп,
Кәмашым менің кекілді.

Мойнынан құшып тас қылып,
Сағындым, — дей ме,
Не дейді?
Көзінде тұрды жас тұнып,
Ата мен апа кел, — дей ме?!

Ойымды тербел сол даусыс,
АТА! — деп айғай салды анық.
Шымырлап сонда жүрегім,
Үзіле жаздал қалды анық.

Қайтейін, жалған күндер-ай,
Жанымды қажап біттің сен.
Үміттің жағып шырағын,
Бал ашып сені күттім мен

Махаббат мүйісі

3-ға

Ашылмаған даланың ғұліндейсін,
Жақындағасам қасыңа дірілдейсін.
Лапылдаған жанымның қызыумен,
Ұқсадым ба,
Жыртқышқа бүріп жейтін.

Тағы көрдім мең сені қызыл таңда,
Таң нұрына бөленіп тұрдың сонда.
Лұпілдеген жүрегім аласұрып,
Жетін келдім қасыңа,
Қызық сонда.

Жалт қарадың, жанарың үрейленіп,
Көмейіңе лықсыған бір ой келіп.
Жалт бұрылып жөнелдің қарамастан,
Тіл қатуға қалдым мен жарамастан.

Жалт қарадың, сонда сен ұзай беріп,
Жанарыңдан қалдым бір шырай көріп.
Кеткім келді, сонда мен кеткім келді,
Сол арудың соңына құмайша еріп.

Жалт-жұлт еткен жанарға іңкәр болып,
Жүргімнің жөнелді мұздары еріп.
Қызыл таңда жолыққан сол сұлумен,
Өмір таңын келемін бірге көріп..

Аян ол бір Тәңірge

Маған деген сенімің талқан болып,
Әр ісімді тұрасың жалған жорып.
Бір қызғаныш түсті ме жүрегіңе?
Ренішке келесің тізгін беріп.

Сендеремін мен енді сені қайтіп,
Жыр жазамын отырып мұңымды айтып.
Сан аруды жолыңа құрбан қылсам,
Оралмайды-ау өткен күн енді қайтып.

Сендеремін мен сені қалай ғана,
Сен мұңайсаң жанымды қажайды о да.
Әр күніңе арнайын өлең-гүлін,
Айтшы, жаным, мұң-шерің тарайды ма?

Бұрымыңа жүрейін өлең өріп,
Қайратымды көресің сертке берік.
Сеніміңдің шынына ту тігемін,
Өміріңе тұратын көрік беріп.

Сыйлайын деп күн сайын өлең гүлін,
Аралаумен жыр бағын келем бүгін.
“Жаным”— деген бір гүл бар жапанда өскен,
Соны сыйға беремін, берем бүгін.

Аяулым деп аршылған ақ көңілде,
Бір гүл бар жүрегімнің қақ төрінде.
Сыйға тартқан өзіңе жүрегіммен,
Өзіңе аян, аян ол бір Тәңірге.

* * *

Естіп едім сенен бір ғажап өнді,
Сол өніммен жаным бір тазаланды.
Қайда кетті сондағы сылқым өуен,
Соны іздеумен жүрегім мазаланды.

Дамыл таптай мен соған аландаймын,
Әңсіз, күйсіз бір мезет қала алмаймын.
Аласұрған сезімнің әлегімен,
Байыз тауып орнымда тұра алмаймын.

Сірө, мені шырмаган жыр азабы,
Жыр азабы жанымнан нүр қазады,
Ой толқынға көміліп,
Жағаласып,
Арпалысып осылай күн озады.

* * *

Мінезі кей адамның...

Мінезі кей адамның шатақ болар,
Өзеуреп, өрге ұмтылып атақ қуар.
Кейде тік, кейде дәкір,
Бірде қызба,
Көзді алдан, көпшілікті матап болар.

Аңқылдан, ақ жарылып сөйлер сөзін,
(Көп адам біле бермес жалғанда өзін).
Ортанан ойып орын алғаннан соң,
Жылпостар жүргізеді өз есебін.

Дана бол көрінеді көп оқыған,
Пейіштен сөз сөйлейді ар қақынан.
Пейілі тұманданып тұrap әр кез,
Пердесін алдырмайды сүм тоқыған.

Ей, адам!
Қысқа ғұмыр өтер кетер,
Тірлікте адалдыққа,
Жок-ау жетер.
Жайқалған жасыл нұдың арасында,
Балқыған қорғасындай өмір өтер.

Жек көрмен мен адамның кемшілігін,
Қойнына өлеңімнің енші күнім.
“Жынынды” шайтан тұрткен ұшықтайын,
Естіртіп ақ өлеңнің бишік үнін.

* * *

Даланың да майысады белі одан,
Сенесің бе сен оған.
Қайысады қабырғасы адамның,
Көк тұтінге көмілгенде көк орман.

Даланың да күйзеледі жаны оған,
Изеннің күйгені деп біл одан.
Адамның да қайнайды екен қаны оған,
Уланғанда қара орман.

Даланы әзір көргенім жоқ жаңарған,
Қанша жүлдyz өшті мынау жанардан.
Көзім талып қарай берем, қарай берем,
Қайда екен деп Ақ Ордам.

* * *

Дала солай қалжырады қарағым,
Дала солай сан жылады қарағым.
“Дала сені сатам”, – деген сөзден-ак,
Ет жүрегім қан жылады қарағым.

Даланы әзір көргенім жоқ оналған,
Оналып та кете қоймас ол одан.
Меншік, меншік жерге айналған қоршалған,
Бұрыс-бұрыс жол шығады әлі одан.

Сар сақалға сатамыз ба даланы,
Кайдан іздеп табам сонсоң пананы.
Сайын дала,
Кімге артамын айтшы, өзің,
Жат қолында кетсең егер жаланы.

Ойып-ойып үлестіріп меншікке,
Бұлінбесе жарап еді ел жікке.
Тәуелсіз боп, тәубә дескен шакта бұл,
Жер сатқаның жарамай түр елдікке.

Сенім

Сенім деген серт екен,
Сенім деген мәрт екен.
Сенім тірек жойылса,
Дүниені тәрк етем.

Жауы да көп сенімнің,
Досы да көп сенімнің.
Ақ сенімді арқалап,
Ат жалында көсілдім.

Бірі шалып аяқтан,
Бірі тартып балақтан.
Дүшпандары сенімді,
Айырмады таяқтан.

Сенімімнің семсерін,
Қайратыма суардым.
Сенімімнің семсерін,
Жай отына суардым.

Серік етіп сенімді,
Намысынды қуармын.
Үрза қылып өзінді,
Сенімінде тұрармын.

Күдік
Күдік те бір у секілді,
Булікті,
Қарып түсер үмітті.
Тәзімімді тоздырып,
Жүйкем содан жінікті.

Жайлап алса ойынды,
Кеміреді бойынды.
Езіп биік еңсенді,
Жауға алдырап жайынды.

Сенімінді шайқайды,
Қайратың да тайқайды.
Кіріп алып санаңа,
Салып тұрса айқайды.

Қуып кейде үрейдін,
Бұлтың маған тәндірді.
Сөйтіп күдік дүлейін,
Сенім отын сөндірді.

Күдікten бір аршылып,
Өркен жайшы жыр шыбық.
Үміт атты өлкемде,
Сенім гүлі тұр шығып.

Күдігім жоқ досқа да,
Күдігім жоқ қасқа да.
Күдік' деғен пәледен,
Сал іргемді басқаға.

**Жазуы шығар тәнірдің
немесе Мұқағалидың Махамбетті ескे алуы**

1.

Ай, Maxa!
Жырлағым келді дәл сендей,
Сөйлегім келді сескенбей.
Бауырша тіліп төске өрлей,
Қарсыластарға дес бермей.
Ішмерездерді ескермей,
Ездері қалып көшке ермей.
Өлгені жанып өшкендей,
Сөйлегім келді сескенбей.

2.

Мөнғілік майдан өмірдің,
Зары мен уын сімірдім.
Жазуы шығар тәнірдің,
Біреуден кейде жеңілдім.
Жыр болып сонда өрілдім,
Санаға қанша сөз ілдім.
Өзегі өшсө төзімнің,
Өнер деп сонда көз ілдім.

3.

Сағыныш деғен сезімнің,
Мөлдіреп қалған қөзімін.
Өмірді өріп өлеңмен,
Қараймын өлең қөзімен.

Өлеңнен алмас асынған,
Шабыты шалқып тасыған.
Ормандай күзгі шуылдап,
Жырларым қалды жосыған,
Үрзамын тағдыр осыған.

4.

Өтті ғой ұйна әмірден,
Жөңкіліп қанша керуен.
Махаңдар кеткен ұлы ізбен,
Барамын қайтып бүғін мен.
Жамылып түздің шуағын,
Дала боп мәңгі тұрағым.
Қайың бол соғып жүрегім,
Қасқайып қырда тұрамын.
Мені іздел шықсан қарағым,
Таулардан ғана сұрағын.
Айналған аппақ қайыңға,
Кезігер сонда жыр-ағын.
Солай да, солай,
Қарағым!
Дала ғой мәңгі тұрағым.

Тілінді сат

пародия

“Тілінді сатып, намысынды сакта” — деген
белгісіз ақынның өлеңіне
Автор.

Алтынға сат, жezге сат, темірге сат,
Намыс үшін қажет пе тегін тарат.
Сат тілінді: қытайға,
Мұжыққа да,
Тек намысыңа тимесін еш жаманат.

Құлаймын деп қорықпа орға дайын,
Тілсіз жүйткіп көрші бір жорғадайын.
Сат тілінді, намыстан өулие ме,
Тілсіз қалып намысты қорға, ағайын.

Сатып едім тілімді,
Намыс көкем бүлінді.
Айналды да мәңгүртке,
Өзгелердің иті болды бүгінгі.

Қалай саттым тілімді,
Азғын ойдың жетегіне ілінді.
Қайтар, — дедім — тілімді,
Бірақ енді тірі жан,
Естімейді үнімді.

Ақын адам жырлады осының айтып,
Бүйірімнен тұртеді тосын ой тік.
Масановтар масқара масаттанып,
Куаныштан мәңгүрттер ұсыды-ай кеп.

Менің жайым өзгеше
Дәрменсіз бір жан екенмін қарағым,
Таңырқадым,
Жан-жағыма қарадым...
Бірі айға, бірі күнге үмтыйлып,
Енді бірі,
Жердің ұстап кіндігін,
Дүрілдейді екпінінен жел тұрып.

Менің жайым өзгеше,
Өлең өрем өзімше,

Өз қызығым өзімде.
Бақыт тапқан елден бөлек,
Жанға ұқсап,
Жыр оқимын өлі де,
Отыздағы кезімше.
Сорың осы десе-дағы ел маган,
Өзгерте алман өмірімді өзгеше.

Жұрттағы жазу

Шот бабаның жүрті болар осы ара,
Шырақ жанып тұрған дейді қысада.
Көк тұманда бұлдыраған от көрдім,
Сол бір алау сөнбей бізді тоса ма?
Соқыр тұман сөгілмейді тұнеріп,
От жанады көмескі ойды бүркеніп.
Ал жағада, боз мұнарды қақ жарып,
Баба қорған көк теңізге түр төніп.

* * *

Мына Бертіс, Бертіс бойдың түбегі,
Бертіс ата қыстак еткен қешегі.
Осы арада туғаң екен бай ұлы,
Бертіс қойған атын содан деседі.
Бала Бертіс, аға Бертіс, бай Бертіс,
Ұмыт болған одан қалған қөп үрдіс.
Илеуіне түсті дағы заманның,
Кетті үзіліп не бір күш.

Ақаң байдың ақ мешіті,
Жұртты анау.
Қатал күндер, оны да жеп,

Күртқан-ау.
Замаңында ғибадаттың,
Орны еді,
Ал, бұғінгі сүркы анау.
Ақ мешітте жығылатын намазға,
Мұсылмандың емес еді саны аз да.
Қатал жылдан қамшы тиіп көзіне,
Мешітінен үрке қашқан құн-аз ба?

Шумақтар

Үңірейген үйлерден,
Күніренген күй көрем.
Зары ма деп заманың,
Зәрезап бір күйге енем.

* * *

Бес кітаптың авторы,
Бес бақырлық жоқ құны.
Бес жылдықтың балғасы,
Партияның жарнасы,
Оқитын да жоқ түгі.

* * *

Бұл өзі нағыз ірі адам,
Жол тапқан не бір жырадан.
Бірақ.., бірақ,
Ақылды бүтін қай адам,
Одан ақыл сұраған.

* * *

Ғұмыр неткен қысқа еді,
Тағдыр неткен ұста еді.
Сүрінетін тұлпары,
Мұшелі бір тұста еді.
Алысумен өтті өмір,

Көз алдында көшті өнір.
Ұлағатты мәңгілік,
Не қалды екен есте бір.
* * *

Шашылып бүрқасын жыр,
Шерің де тарқасын бір.
Ізінді құмға тұсқен,
Сүм ажал құртады бір.

Қараңғылық

нemесе жарық сөніп қалғанда жазылмай қалған жыр
Жан-жағымды түмшалап қараңғылық,
Қалды сөніп жарық та қараң қалып.
Тұнек тұнге шым батып кететіндей,
Тарылады дүние зәремді алып.

Қараңғылық,
Қажайды түнегімен,
Көрсетпейді ай нұрын желегімен.
Қара пәле баспалап, сақ-сақ құліп,
Жармасады тосында білегімнен.

Қаламым да іркілді болмай жарық,
Жарығы жоқ бөлмеде болдым ғаріп.
Шабытымды шідерлеп қараңғылық
Жаңа жырды түмшалап,
Қалғаны анық.
* * *

Кеңітсем деп өлеңнің көкжиегін,
Сөйлестсем деп сезімнің жыр-тиегін.
Тұңғиыққа қалтырап енген сайын,
Жаным мұздап одан да сыр түйемін.

Тарылғанда тынысым сен білесін,
Тұс-тұсымнан жүлқылап жел үдесін.
Қиналғанда,
Жанымды мұң шалғанда,
Ең алдымен есіме сен түсесін.

Тарықпаған күнім аз, аяулым-ай,
Ойдың қаздым інжүін құлай-құлай.
Бір өлеңді тұрғызып бола бере,
Тағы үмтылам өзімді сынай-сынай.

* * *

Тұнеріп жүлдышызды аспан,
Тұксип ай қарайды.
Шырқау көк шаңырақтан,
Бір жүлдыш сорғалайды.

Қап-қара шашын жайып,
Мұлғиді дала тұні.
Бір бақыт құшақ жайып,
Бела ма келер күні.

Тәбемде тұнерген тұн,
Ойымда жыр ошағы
Шакырса деп тіледім,
Музаның от құшағы.

* * *

Сыр айта алмай өзіне,
Өтті менің көп күнім.
Тұсіп тағдыр тезіне,
Келді шықпай өр үнім.

Қалжырауды сезіндім,
Кеміп қуат бойдағы.
Қажыдым да көз ілдім,
Бітпей ісім ойдағы.

Көпсінбе

Көбейіп кетті ақын деп,
Зарлады біреу жақтырмай.
Көбейіп кетті батыр деп,
Күпінді біреу апырым-ай!

Кеудеге шауып пенделік,
Жақсыны әмсе күнделедік.
Көптігін айтып мешіттің,
Дінді де кейде жұнделедік.

Ақынын қазақ көпсінсе,
Айтатын уәж жоқ бізде.
Үзілді қанша үмітім,
Жол беріп небір тексізге.

Көпсіне көрме батырды,
Сақтаған елдік затынды.
Батырдың парқын білер ең,
Алдыrsaң жауға атынды.

Көпсінбе бауырым, ақынды,
Адамзат түзер түбінде.
Ақынға қарап ақылды.
Қазақта болса қанша ақын,
Бәріне жетер төр анық.
Елінің аппақ сыйына,
Жүреді олар оранып.

Көпсіне көрме мешітті,
Мешітсіз елің не үтты?
Дінсіздік жайлап сананды,
Имансыз ұлың бет жыртты.

Тарылма, қалқам тарылма,
Еңсесі биік елден біз.
Езді де талай көргенбіз,
Қызғанып елдің құрметін,
Шаужайдан ала берменіз.

Тарылма, қалқам тарылма,
Жараспас сіздей нар ұлға.
Егемен елге еңселі,
Бола көр сен де бір тұлға.

Иттер

Ит арқасы қиянда,
Иен түзге сиям ба?
Итке мініп, ит айдал,
Итжемеде қалам ба?

Иім түсіп итініп,
Иттен пейіл күтем бе?
Итше ұлып, күйініп,
Ит өмірден өтем бе?

Ит үретін базарға,
Итіндірді мені өмір.
Ит ілмесе назарға,
Ит мінезге жоқ өмір.

Итишілеген өмірден,
Иттей болып безінем.
Иттердің де көзінен,
Иттіктерін сезінем.

1997 ж.

Атау — кере

Баллада

Аппақ еді тілегі,
Аппақ еді жүрегі.
Күн сөулесін жамылған,
Көп ананың бірі еді.

Жан еді бір,
Арылмаған соры анық.
Етегіне,
Жүрді бейнет оралып.

Жалғыз ұлы бар еді,
Үміт артқан қуаты.
Ақылды еді, нар еді,
Биік еді мұраты.

Құс ұшырмай басынан,
Қуатым деп тұлымды.
Соған ғана жасынан,
Тілейтүғын ғұмырды.

Ғұмыр кешін қанша жыл
Қызыл ала қыр асты.
Ол да ананың жансебіл,
Бейнетімен жарасты.

Уақытпен жарысып,
Жалғызы да ержетті.
Ер жетті де есер ұл,
Өз дегенін көрсетті.

Өз ошағын өсірген,
Қасіреттің үлкені.
Тығып ішіп есірген,
Арағымен бірге енді.

Жетніс асып жер өмір,
Жасқа жеткен шағында.
Жалғыз ұлдан сор ему,
Қорлық емей бағы ма?

Бесөкпені қыстаған,
Қошқар баққан жыл еді.
Қәрі ананың құсадан,
Сыздайтұғын жүрегі.

Азанда атқа мінгізіп,
Отарын сап алдына.
Тұрар еді көз сүзіп,
Жалғызының соңына.

Қарлы дала, құмай бел,
Ақ көрпеге оранған.
Көрінбейді былайғы ел,
Ақ кебінді сораңнан.

Қар жамылған қыратта,
Ескі бейіттер мұлгиді,
Қошқар баққан жырақта,
Басты Құзай бір күйге.

Алыс емес бұл жерден,
Ауыл онша десек те.
Адыр-адыр өлкеден,
Көрінбейтін Бесөкпе.

Айырбастар қошқарға,
Мол арақты тізбектеп.
Моладағы жапсарға,
Тығып еді күзде әкеп.

Есебі бар өзінше,
Етпек еді қыста ермек.
Екі таудың арасы,
Жол бекісе кім келмек?

“Үш жылғысын ерте ойлап”,
Жасап алды қыс қамын.
Араққа мәз, жур тойлан,
Керегі жоқ басқаның.

Тойып ішіп қағынып,
Тілдеседі перімен.
Әруаққа соғынып,
Мазалайды көрінен.

Азанда сау, кешке мас,
Сөзге қонақ бермеді.
Айтары дау, сөзі нас,
Еш ақылға ермеді.

Қайран қалды, көрі Ана,
Ойран болып санасы.
Қайдан алды, қарашы,
Қайдан ішті баласы?

Тағдыр қандай сый тартты,
Қалды қандай мазаққа.
Қыстың көзі қырауда,
Кім келеді бұл жаққа?

Отырғызып атына,
Өзі ғайласап қоржынын.
Жіберсе де танбады-ау,
Көрсетуден қорлығын.

Кетер емес кеудеден,
Өксік толы өкініш.
Жаза басты бұ нeden,
Тия алмайтын ешбір күш.

Қошқарларын беттетіп,
Сарыадырға құлайды.
Құлайды да құшақтап,
Ақ арақты жылайды.

Кейде пері қаққандай,
Өкіреді молада.
Кейде бөрі тартқандай,
Бақырады далада.

Құдайды да қарғайды,
Құзайды да қарғайды.
Жағы сенбей содан сон,
Шоқып ап сарнайды.

Пері қаққан Құзайдың,
Қорлығына тәзе алмай.
Қайдан ішіп келгенін,
Және тағы біле алмай.

Ана байғұс аңырап,
Көздің жасын тия алмай.
Қайғыменен күйзеліп,
Аз-ақ күнде суалды-ай.

Шыдай алмай көрі Ана,
Кетті бірде күйініп.
Өзі шықты өріске,
Белді бекем түйініп.

Малдың ізі шарлаған,
Неше күнгі шарбы жол.
Құзай пері сарнаған,
Ескі бейіттің қолтығы ол.

Әруақтар басына,
Жақын келін тоқтады.
Зират етіп осында,
Дұға оқуға оқталды.

Кенет; кенет жай соғып,
Төбесінен үрғандай.
Біреулер кеп тай сойып,
Жын ойнағын құрғандай.

Айран-асыр шашылып,
Көрінбейді шөлмектен.
Тұрды ана шошынып,
Жосып жатқан дүрмектен.

Мола ішінде жасырған,
Мол арақты көргенде.
Құлап Ана “Ah үрған”,
Жер емес-аяу көрге ене.

Жылады, Ана жылады,
Көп пе әлде, ұзак па?
Өмір өзі осылай,
Салғандай-аяу, мазаққа.

Көкірегі айрылып,
Көздің жасы парлады.
Жаратқанға жалынып,
Мұңын айтып зарлады.

Кү жалғыздың бұл ісін,
Сезгендей-тін жүрегі.
Сенімінің сол сәтте,
Құлап түсті тірегі.

Шыдамады жүрегі,
Шыдауды жөн кормеді.
Кеудесінен үзілді,
Өмір деген өрнегі.

Сайын дала тербетіп,
Жатты Ананың денесін.
Көре алмай-ак, кетті ол,
Жақсылықтың кемесін.

Ескі бейіттің шетіндегі,
Ақ далада мендей бол.
Пейілінен Ананың,
Қалды жалғыз сөнбей шоқ.

Көздің жасын көл етіш,
Кетті өмірден сорлы Ана.
Мазақ етіп, қор етіп
Өлтірді оны қу бала.

Наласы ма Ананың,
Киесі ма, Дағаның.
Обалы мен сауабын,
Кім айтады қарағым?

Қырық күнге жетпей-ак,
Құзай пері жоғалды.
Тірі кетіп үйінен,
Табытпенен оралды.

Шайтан тұртіп санасын,
Арақ іздеп моладан.
Үсіп өлген денесі,
Табылыпты даладан.

Атауына тоя алмай,
Атаусыз боп кешті өмір.
Бәріне де куә боп,
Жатты мына текті өмір.

PS. Кім бар дейсің өмірде мәңгілікке,
Қор қылма тек сөзінді әңгүдікке.
Пері де бар, өмірде сері де бар,
Қасиетін ананың біледі нар.
Ана сыйлап көрмеген айуанды,
Айуанды, адамнан айырындар!

2001 ж.

Өгізге туган күн
Соқаның тісі қанжардай,
Тіледі жерді тортадай.
Осканда бишік арқасын,
Ышқынар өгіз жан қалмай.

Езіліп мойыны жармада,
Жүреді жаны зорлана.
Бөгелсе болды зырқырап,
Ойнады бишік арқада.

Соқаны талмай сүйреді,
Ысқырып бишик биледі.
Сартылдаш аша тұяғы,
Сағызша жерді иледі.

Соқаны жерге түйретіп,
Бір өзі соны сүйретіп.
Адам мен ағаш соқага,
Келгендей жерді үйретіп.

Солығын баспай күн ұзын,
Сүрінсе болар жексүрын.
Тірсегін соғып сары өгіз,
Қотанға құлар кешқұрым.

Сықырлап сонда тәртeler,
Өгіз бол мұнды күй төгер.
Қажалған мойын жармада
От болып жанып өртенер.

Не деген көнбіс мал еді,
Демеді, ешкім демеді,
Жармадан босап бір күні,
Сары өгіз етке жөнеді.

Өгізге туған күн осы...
Тіршілік – қамыт егесі.
Әркімнің жанын қажаған,
Қамыттың табы, тегі осы.

Ей, Көлжеке, Көлжеке.

Көлжан ақсақалдың қартайған шағы болса керек. Бірде Нарманбет ақын қарияның көңілін сұрай барады. Екеуі ұзак-сонар әңгімелесіп, түстік желінін, күн ауа Нарекең аттанады.

Сонда Көлжекең. “Наржан, мен олгенде не деп жылайсың”, — дейді. Сонда Нарекең: — Дұрыс сөзден қашпайтын, бұрыс созге баспайтын ір-иір Көлжекем-ау, — деп жылаймын депті.

(Сейілбек ақсақалдың әңгімесінен).

Ей, Көлжеке, Көлжеке!

Тірлігінде бермей өттің күшке есе.

Сан бәйғенің маңдайы еді тұлпарың,

Көлжанқара, —

аңыз қылған ел кеше.

Жарысатын желіменен даланың,

Арғымақтың арғымағын қаладың.

Соны ғана пыраққа тек баладың,

Пырағына қалай теңеу табамын.

Ей, Көлжеке, Көлжеке!

Бір бүйрегім бұлкілдейді сен десе.

Атсоғарың өйнайды екен

Жотасында есердің,

Қияс кетіп намысына шендесе.

Қалаушы да,

Сұраушы да көп болған,

Тұлпарына Батыраштар өш болған.


Ұрт мінезді, қарыс қабак өр тұлған,

Қас-дұшпанға сес болған.

Арғымағың қанатын,
Қаншырдай ғыпъ жан додаға жараттың.
Пасықтық пен ленделікті шаңға орап,
Көлжанқара,
Жұлдыздайын ағатын.

Тұмар тағып үкілеген тұлпарың,
Болды нағыз сұңқарың,
Қаракермен өтті сенің,
Көлжеке,
Ең бақытты жылдарың.

Қара тұлпар – Көлжанқара атанып,
Есімінді анызға орап кетті алып.
Жотасында мынау ұлы даланың,
Тұлпарыңнан қалды дүбір жатталып.



Мазмұны

Құс жолы	
I-бөлім	
1. Арғымак	6
2. Сайын дала	7
3. Дала сені сағындым	8
4. Бектаутамен сырласу	9
5. Теректің сыры	10
6. Найзағай	10
7. Құралайдың лағы	11
8. Періште өлең	12
9. Үміт.	13
10. Қарлы қыс	13
11. Тәнір өзі сыйлаған	14
12. Құлайын құшағына қалдыр енді.(толғау)	15
II-бөлім	
13. Солай, солай Кокше кол...	21
14. Сені кейде теңіз дейміні	21
15. Фұмыр әуені	22
16. Өмір кейде береді жотасын деп	23
17. Өмір деп біз де жырладық	23
18. Ойымды бір елес кезіп езеді	24
19. Шындығым – ғазәлім	24
20. Наурызым менің	25
21. Қадір түні	26
III-болім	
22. Ана тіл – ардың жүгі еді	27
23. Қағынан жеріп ұлдарың	29
24. Қолдашы бізді азат күн	30
25. “Тілге достың мұны жоқ”	31
26. Бабадан қалған сөз	32

27. Қайрау	33
28. Жақсы ойынды жалпыға жеткізе алмай...	33
29. Қазақы той	34
IV-болім	
30. Ақ сүтіңмен бойыма адалдықты дарыттың	35
V-болім	
31. Құстар оліп жатыр	44
32. Көк мұржадан көк тұтіші қоздаған	45
33. Көк тұтіннен у жұтқалы...	46
34. Боз мұнар	46
VI-болім	
35. Таң шығындей...	47
36. Ойлар, ойлар...	48
37. Жігіт сөзі	49
38. Тұнық ейды ерке сұлу тербеді	50
39. Бұрын сендей сұлуға кездеспегем	50
40. Кешір мени	51
41. Шабыт сезім...	52
Үкілі ұміт	
1-болім	
42. Қазақ атам	53
43. Нар жігіттің тақымында ат ойнап	54
44. Атам қазақ жасасқан...	54
45. Қайран дала	54
46. Тұған жер	55
47. Баба тerek	56
48. Ауыл ығып барады	57
49. Жарылыс жанғырығы	58
50. Сәлем, саған Балқашым!	58
51. Қолмен сырласу	59
52. Көрі Балқаш	60

53. Мінәжат	61
54. Көктем	62
II-бөлім	
55. Тораңғы тогайы	62
56. Шайтанкол шыршалары	65
57. Шот баба	66
Жұлдыздар шоғыры	69
58. Ұлы Абай	69
59. Ұлы Шоқан қабірінің басында туған ой	70
60. Бабам Қараменде біге	72
61. Махамбет	73
62. Құрманғазы	73
63. Ер Ағыбай	74
64. Мағжан ақын	75
65. Фарышкер	76
66. Мен ғашықпын	77
67. Шынардай шыңға біткен (топтама)	79
68. Шашубай ақынның дойбысы турали (баллада)	84
69. Мұзбалақ	89
70. Әлқисса мен Нұрқисса	90
71. Қазақтың Хамзині	92
72. Құлтеғіннің рухын іздедің бе?	94
73. Абзal ақын	95
Ой-орманы	
74. Менің дертім	96
75. Заман	96
76. Толғаныс	97
77. Бұрынғы әл ағасына	98
78. Аласарған жоқсың сен	99
79. Тіліме берші тендікті	99


80. Эн	100
81. Ару жыр	101
82. Балаларым, бақыттым	101
Махаббат мониңкітари	102
83. Загираға	102
84. Шопан қызы	107
85. Қызы көктем	108
Көңіл көгінде	
86. Әке	109
87. Анама	109
88. Жүректегі арман	110
89. Мінездері-ай адамның	112
90. Достық	112
91. Жылдар бойы жүретін тыншымды алыш	113
92. Бара ма екен шіркін-ау...	113
93. Жүргімнің сездің бе қызу кезін	114
94. Сапарға шықтым тағы да	114
95. Әшім аға	115
96. Суретші	116
97. Жұқарды жүйкем	116
Қекше көлдің самалы	
98. Сәмбі талдар сәүкелелі...	120
99. Асая Балқашым-ай	120
100. Бектауста	121
101. Тасып жатыр Тоқырауын	122
102. Көслетін даланың күйі қандай?	124
103. Қыс суреттері	124
104. Ақша қар	125
105. Қыстың ғажап келбеті	126
106. Қасқырлар	128
107. Көктем жырлары	129

108. Терек	130
109. Тұман	131
110. Дағақ күрең күз келді	131
111. Қыран	132
112. Балқашым – байтағым	133
113. Менің Балқашым	134
114. Құмында қалды...	136
115. Ауылға барғанда	136
116. Ауылды аңсаганда	137
117. Құдық басында	139
II-бөлім	
Парасат сазы	
118. Бостандық	140
119. Шаңырақ	141
120. Сен Тәнірдің ұлы едің	142
121. Жырға қостым өзінді	143
122. Нагашы атам	145
123. Сексен жас	146
124. Ақ сарай	147
125. Ұстаз	148
126. Ардақты Абай мектебі (мадақ жыр)	149
127. Жыр еліне	151
128. Тоқырауын озені боп кеп түрмyn	152
129. Жалау	154
130. Секен Көбеновке	155
131. Құрдасым Сәденге	156
132. Металлурғ	157
133. Ең бақытты жыл откердің	158
134. Тайжан Қалитетіне	159
135. Елегзиді ауылсың	160
136. Ағатай	161

137. Айәділ	162
138. Тексіздің тиіп тепкісі	163
139. Достық әзіл	163
140. Жақсырақым Фалыұлына	164
141. Қызғаныштың қызыл иті	165
142. Балқытушы	165
143. Балқаш теледидары	166
144. Шумақтар	167
145. Қасқыр, қақпан, бостандық Көніл пернесі	168
III-бөлім.	
146. Өлең, өлең	169
147. Сапар алдында	171
148. Мынау Дастар	171
149. Парыз бен қарыз	172
150. Кімге айтамын...	173
151. Сағындым сені, боташым Махаббат мүйісі	174
152. З-ға	175
153. Аян ол бір Тәңірге	175
154. Естіп едім сенен бір ғажап әнді	176
155. Мінезі кей адамның...	177
156. Дастаның да майысады белі одан	178
157. Даала солай қалжырады қарағым	178
158. Сенім	179
159. Күдік	180
160. Жазуы шығар Тәңірдің	181
161. Тілінді сат	182
162. Менің жайым озгеше	183
163. Жұрттағы жазулар	184
164. Шумақтар	185

165. Қараңғылық	186
166. Кеңітсем деп өлеңнің кок жиегін	186
167. Тұнеріп жұлдызды аспан	187
168. Қопсінбек	188
169. Иттер	189
170. Атау-кере (баллада)	190
171. Өгізге туған күн	197
172. Ей, Қолжеке, Қолжеке	199

Пішімі 60x84 1/16. Офссттік кағаз.
Офсеттік басылым. Көлсі 13 б.т.
Тапсырыс № 252. Тарапамы 300 дана.
“Арко” ЖШС баспаханасында басылды,
Қарағанды қ., Ленин қ., 2



500

